

БЕГДАУЛЕТОВА Қ. Д.

# ӘЛЕУМЕТТАНУ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ

ОҚТУСҒИҚ ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ИНСТИТУТЫ


БЕГДАУЛЕТОВА Қ.Д.

# ӘЛЕУМЕТТАНУ

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

*(Жоғары оқу орындарының білім және гуманитарлық ғылымдары  
мамандықтарының студенттеріне арналған)*

Шымкент 2013





УДК 32.001 (075.8)  
ББК 66.0 я7  
Б34

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты оқу-әдістемелік кеңесінің қаулысымен баспаға ұсынылған (№ 3 хаттама, 23.01.2013ж.)

*Пікір жазғандар:*

**Кемелбеков Қ.Б.** - философия ғылымдарының кандидаты, доцент  
**Тұрашбеков А.Қ.** - философия ғылымдарының кандидаты, доцент  
**Сағындықова Б.** - социология ғылымдарының кандидаты,  
аға оқытушы

**Б 34 Бегдаулетова Қ.Д.**  
Әлеуметтану. - Шымкент, ОҚМІИИ, 2013. – 96 бет.

ISBN 9965-19-672-9

Оқу құралында әлеуметтану ғылымының негізгі парадигмалары мен теориялары, оның даму кезеңдері мен негізгі категориялық ұғымдары және қоғам дамуындағы өзекті мәселелер жүйелі түрде ашып көрсетіледі.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының білім және гуманитарлық ғылымдары мамандықтарының студенттеріне арналған.

УДК 32.001 (075.8)  
ББК 66.0 я7

ISBN 9965-19-672-9

© Бегдаулетова Қ.Д., 2013

## КІРІСПЕ

Нарықтық экономика білім беру жүйесінің тереңдетілген реформасымен ілгері жылжиды. Бұл бағыттағы ең маңызды басымдықтар гуманизация мен білім беруді гуманитарландыру, студент жастарға ғылыми түрде ойлау дағдыларын үйретіп, оны әлеуметтік – ғылыми білімдерді игеруде қолдану болып табылады. Білімді нақты адамдардың сұраныстары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға және өзінің қоршаған әлем жөніндегі ғылыми мағлұматының қалыптасуын қамтамасыз етуге, өмірге қажет, маңызды проблемаларды шешудегі дағдыларының болуына бағдарлау. Социологиялық тұрғыдан білім берудің басты міндетті қызметі – әлеуметтік үрдісте ойлай білуді қалыптастыру, әлеуметтік түйінді мәселелерді түсіну, олардың пайда болу ошақтарын зерделеп, шешу жолдарын табуға тырысу.

Адам мен қоғам жөніндегі ғылымдардың ішінен әлеуметтік дүниеде тұлғаның әлеуметтік өзара қатынастары жөніндегі ғылым – әлеуметтану маңызды орын алады. Қазіргі кездегі әлеуметтік мәселелердің өзектілігі тұлғаның қоғамдағы орнын және адам жөніндегі білімінің рөлін арттырады. Әлеуметтану адамдардың өз өмірін қамтамасыз етіп, қоғамдық қатынастарды реттеу үшін, ұрпақ қалдырып, қоғамның біртұтастығын сақтап қалу мақсатында құрған күрделі әлеуметтік жүйені, институттарды түсінуге көмектеседі. Әлеуметтану кез келген құбылысты адамдық тұрғыдан қарастыруға, оның әлеуметтік механизмдері мен салдарларын көруге мүмкіндіктер береді. Әлеуметтік бағытталған нарықтық экономика мен әлеуметтік мемлекеттің түпкі конституциялық қағидалары тек әлеуметтану пәні арқылы нақты түсініктермен толығыады.

Оқу курсына «әлеуметтік», «қоғамдық қатынастар», «әлеуметтік әрекет», «әлеуметтік бақылау», «әлеуметтік институт», «әлеуметтік және рухани нормалар», «тұлға», «әлеуметтік орта», «әлеуметтік процестер» сияқты негізгі категориялар мен ұғымдар қарастырылады. Бағдарламада қоршаған әлеуметтік ортаны, адамның әлеуметтік шындықпен байланысын ғылыми тануға ықпал ететін мәселелерге көп көңіл бөлінген. Ол үшін әлеуметтанушылық ойлау мен білім қажет.

Әлеуметтану – әлеуметтік өзара әрекет кезінде қалыптасатын әлеуметтік қатынастар құрылымын талдайтын ғылым. Ол қоғамды толығымен қарастырады. Бұрын әлеуметтануға мардымсыз көңіл бөлінгендіктен, қазіргі кезде бұл пәнді оқытуда белсенді әрекеттер жасалуда, өйткені қоғам соны талап етуде. Әлеуметтану адамдардың кең қауымдастықтары арасындағы және жеке адамдар арасындағы әлеуметтік қатынастарды қарастырады.

Әлеуметтану пәнінің басты міндеті – жастардың санасында қазіргі заманғы қоғамтанудың негізін қалыптастыру, социологиялық ой – өрісін дамытып, қоғамда болып жатқан әлеуметтік проблемаларды дұрыс түсінулеріне көмектесу.

## 1-ТАҚЫРЫП: ӘЛЕУМЕТТАНУ ӘЛЕУМЕТТІК ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖҮЙЕСİNДЕ

### 1.1 Әлеуметтік білім жүйесіндегі әлеуметтанудың орны

Ғылымның әр саласы мазмұны, теориясы, заңдары, қағидалары, т.б. жағынан тәжірибеге қатысты, қоғамды зерттеуіне қарай өз құбылыстары бар. Тәжірибе өмірдің әр кезеңінде гуманитарлық ғылымға қажеттілік тудырып отырады. Қазіргі қоғам әртүрлі басқару тетіктерінің жай ғана бірлесімі ғана емес, ол – бүтін нәрсе, оның құрамына биліктік институттар, құрылымдар, түрлі салалар енеді. Осыдан барып, әлеуметтану ғылымына мұқтаждық туындайды.

Әлеуметтану дегеніміз не және ол неге үйретеді? Әлеуметтану – социология (фр. Sociologie, латын. Societas – қоғам және гректің Logos – ілім) – қоғамның пайда болуының, ондағы әлеуметтік байланыс, қатынастардың алуан түрлі әлеуметтік топтардың, ұйым, мекемелердің, институттардың, құбылыстардың, процестердің дамуының жалпы заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Ғылымға бұл түсінік XIX ғ. ортасында келді, оның негізін француз ғалымы Огюст Конт салды. Ол алғаш қоғамтану мағынасын білдірді, бірақ келе-келе ол философиядан бөлініп шықты. Өйткені, XIX ғ. ортасындағы әлеуметтік даму жаңа құбылыстар мен әдістерді талап етті. Осы тұста адамның құқығы мен еркіндігі салтанат құра бастаған еді. Еркіндікпен бірге адам тәңті болды. Экономика, саясат, мораль салалары құқықтарын тиімді пайдалануға адам санасын оятты. Білімін пайдалана отырып, еркін бәсекелестікке келді. Қоғамды терең, әрі нақты тануға көмектесуші осы әлеуметтану ғылымы болды.

Әлеуметтану қоғамды таныды, қызмет субъектісі мен объектісін талдады, оларды жоғарғы деңгейде жүзеге асыра алды. Әлеуметтік білім қоры жинала келе теориялық әлеуметтік тұжырымдама қалыптасты. Ғылыми таным негізінде, әлеуметтану қоғамды ой елегіне салады, оған жалпылай да, шыншыл да, толыққанды да үрдіс береді. Әлеуметтік философия топырағынан шыққан әлеуметтану философиялық мәдениетті қабылдай отыра теориялық қорытынды жасап, әлеуметтік құбылыс тұжырымына ден қояды. Бұл тұста әлеуметтік талдау арқылы философиядағы шектеліп қалған қағидаларды бұзып шығады. Өз ішінде мынадай ағымдарын қалыптастырады: оң пиғылдылық, яғни әлеуметтілікті табиғатпен бірге қарау, оң пиғылдылыққа қарсы пиғыл, яғни әлеуметтіліктің арнайылығына ерекше мән беру.

Шетел әлеуметтерінде әлеуметтану әртүрлі қауым жайлы ғылым деп көрсетіледі, кейбір америкалық әлеуметтанушылар әлеуметтануды қоғам, топ, әлеуметтік мінез-құлық жайлы ғылым саласы деп те жүр, енді біреулері әлеуметтану оқшауланған индивидтерді емес, әлеуметтік жағдайдағы адамдарды зерттейді деп есептейді. Бельгия әлеуметтанушысы Мха де Костраның пікірі бойынша, әлеуметтану адамдар арасындағы

қарым-қатынасты зерттейді. Шынында, әлеуметтану өмірлік мәселелерге жауап беруді алдына мақсат етіп қояды. Себебі қазіргі заманда көп адам қорқынышпен өмір сүреді. Олар ядролық соғыстан, жұмыссыздықтан, адам арақатынасының нәзіктігінен қорқалы, ал әлеуметтану адамдардың ең қиын жағдайға түскен кездерінде көмекке келгісі келеді. Әлеуметтану – қоғамды тану. Өмірді тани отырып, оны өзгертуге де болады, осы жерде әлеуметтану ғылымы қажет.

Қазіргі заманғы әлеуметтану көп бағытты, ғылыми мектептер. Оның әртүрлі анықтамалары бар. «Әлеуметтанудың қысқаша сөздігінде» әлеуметтану дегеніміз қоғамның құрылуы, өмір сүруі, дамуы жайлы ғылым деп беріледі. «Әлеуметтік сөздік» әлеуметтану әлеуметтік қауым мен әлеуметтік процестердің даму заңдылығы, әлеуметтік қатынас оның тетігі деп береді, қоғам мен адам, қауым мен тұлғаның негізгі тірегі делінеді. «Әлеуметтануға кіріспе» атты кітапта, әлеуметтану дегеніміз өз деңгейінде әлеуметтік қауымды, оның шығу тегін, өзара әрекетін дамуын жинақтайтын ғылым делінген. Бұл анықтамалардың әрқайсысының да өзіндік тұғыры бар. Көп ғалымдар әлеуметтану дегеніміз қоғам немесе арнайы қоғамдық құбылыс деп қарастыруға жақын тұрады. Алайда, бұл нақты емес, себебі қоғамдық құбылыстарды құқық теориясы да, саяси экономия да, тарих та, психология да, философия да және т.б. қарастырады. Әлеуметтану арнайы ғылымдардың қарама-қарсы түрі, ол қоғамдық құбылыстардың едәуір жалпылама гумалық қасиеттерін зерттейді. Ал өзге ғылымдар жеке дара тұрғыдан зерттеу жасайды.

Әлеуметтану жалғыз таным жолын ғана алмайды, оны қорытындылайды, талдайды, түйіндейді. Әлеуметтанудың пайда болуымен бірге тұлғаның ішкі әлеміне кіруге мүмкіндіктер ашылады. Осылайша, оның өмірлік мақсаты, мүддесі, талабы, қажеттілігі танылды. Әлеуметтану жеке адамды танып білуді ғана қозғалмайды, ол әлеуметтік ортаны, қауымды зерттеп барып, адам өмір сүретін ортадағы әлеуметтік байланысты, әлеуметтік әрекетті үйреніп, зерделейді, оның әлемді толыққанды жүйе ретінде тани алу қабілеті жоғары. Жүйе даму қалпын да, дағдарыс қалпын да қарастырады. Дағдарыс себебін іздеп, оған шығуға талпынады. Қазіргі әлеуметтанудың негізгі проблемалары: адамның өмір сүре алуы, өркениеттің жаңаруы, оның деңгейін көтеру. Әлеуметтану ғылыми көп деңгейлі ғылым. Абстрактылы да, нақты да нысандары бар және олар бірге. Әлеуметтану ірі және шағын теорияларға, теориялық білімдерге не.

Әлеуметтанудың ірі және шағын деңгейлері дегеніміз не? Ірі әлеуметтік деңгей – әлеуметтік құрылым, қауым, үлкен әлеуметтік топ, тап, жүйе, процесс, объект өркениет және оның аса ірі түрі. Ол уақ-түйекті қарастырмайды, кешенді түрдегі жағдайларды шешеді, дүниежүзілік қоғамдық жүйемен байланыста және әрекетте, әртүрлі мәдениетті, институттар мен қоғамдық құрылымдарды ғаламдандан.



Шағын әлеуметтік деңгей қоғамдық өмірдің жеке салаларындағы әлеуметтік процестерді талдауға бағытталған. Ол әлеуметтік мінез-құлыққа, тұлғалық ара-қатынасқа, әрекет мақсат-мүддесіне, топтық және қауымдық әрекеттерді ынталандыруға т.б. арналған.

Сонымен, *әлеуметтану* – әлеуметтік қауымның қалыптасуы, дамуы, міндетін атқаруы жөніндегі қоғамдық ғылым.

Жүйе дегеніміз біртұтастықты құрайтын элементтер мәні екені белгілі. Элементтер арасындағы тұрақты байланыстар құрылым жасап, жүйе құрады. Ғылым білім жүйесі десек, ал оның элементтері, құрылымы – олардың арасындағы байланыс. Әлеуметтануда тұлға, кіші топ, қабат (отбасындағы, еңбек ұжымындағы т.б.), тап теориялары, қоғам мен әлем-ғұмыр қағидалары байланысты алынады. Кез келген топ, тап, қауым өз ерекшелігіне ие, әрі өзара бірігіп отырады, ал кейінкерлері – жеке тұлғалар, керісінше, тұлға топты жаңа өмірге әкеле алады.

Бір теориядан екінші теорияға өту талап, мүдде, құндылықты ашу, оның қызметін, өмір сүру салтын, құрамын, басқа тұлғалармен қарым-қатынасындағы мінез-құлық, қызметтегі әлеуметтік нормалары мен ауытқуларын зерделеу арқылы жүзеге асырылады. Тұлғаның қызметін, ісін, еңбегін талдау діндегі немесе қылмыстық кодекстегі сияқты рөл атқарады. Процедура дұрыс сақталмаса, қорытынды заңды, яғни ғылым-жарияланымды болып шықпайды. Әрине, әлеуметтану мазмұнының негізінде субъектілік-объективтік сипат бар екені анық, сондықтан жүйе сақталуы тиіс.

## 1.2 Әлеуметтану объектісі мен пәні

Әлеуметтануды ғылыми танудың объектісі мен пәні деген не? Олар өзара дәл келе ме? Жоқ, дәл келмейді. Ғылым объектісі дегеніміз зерттеу процесі бағытталған тұс, ал пән саласы оқып - үйренуді қамтиды. Әлеуметтану объектісі – басқа қоғамдық ғылымдардікі сияқты – әлеуметтік шындық, сондықтан әлеуметтану – қоғам жөніндегі ғылым. Әлеуметтану қоғамдық қатынастар тұтастығы туралы ғылым және қоғам біртұтас ағза, жүйе ретінде алынады. *Әлеуметтану объектісі* – өмір саласы, оны гуманитарлық ғылым қатарына жатқызамыз.

Әлеуметтану пәні әлеуметтік жүйелерді ортақ белгілеріне қарай жіктен (топтап), әрбір әлеуметтік объектінің байланысы мен қатынастарын заңдар деңгейінде зерттейді. Яғни, *әлеуметтану пәні* деп, көкейкесті мәселенің артықшылығын, қасиеттерін, сапасын логикалық тұрғыдан жан - жақты талдай отырып, адамдардың немесе әлеуметтік ұйымдардың бірігіп, ұйымдасып еңбек етуін, қызмет атқаруын, жалпы материалдық, рухани іс - әрекеттердің, олардың арасындағы алуан түрлі қатынастардың бір – біріне әрекетін, түрлерін жан - жақты терең танып білуді айтамыз.

Қоғам – қоғамдық - экономикалық жүйе ретінде белгілі даму сатыларынан өтеді, өркеннетке ұмтылады. Қоғамды түсінуде оны

экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани үстемдік деп түсіну көсе - колденен тұратыны аян, осы тұста ең маңызды, бас объект – адам, оның мүддесі, құндылығы, қажеті пәс қалады. Тарих өз алдына адам қызметі болып табылады, ендеше оны өркеннетке қатысушы деп қарау қажет, оның дамуына жол ашу керек. Осы тұста тұлға экономикалық танылымнан, адамдық құндылықтан тыс қалады, сондықтан тап, топ, қауым тарихпен бірге жылжуы тиіс. Адамдар алдына түрлі мақсаттар қойып, соны бас жоспарына айналдырады. Өмір сүру әр түрлі өзара тығыз байланысты элементтерден құралады. Саналы өмір ішкі мазмұнына сәйкес қарама-қайшылықта да, біркелкі сипатта да болады. Бір нәтижеге жетіп, бір кезең өмірі өткен соң адамзат бұдан арғы өмірін өзгертуге бет алады. Оны көбінесе өз қалағанына қол жеткізу дейді. Адамдардың тарихи ұлттану процесі де қайшылықта жүзеге асады. Саналық пен кездейсоқтық мәселелері де шешуін іздеуде.

Қоғамдық дамудың әр кезеңі өзінің соңында өзгеріске түседі, жаңа жағдай туындап, мақсат жоғарылайды. Адамның осуші қажеттілігін қанағаттандыруға жол тартады. Бірте-бірте тарихи процесс мұрасына жетеді. Осылайша, қоғамдағы топтар, адамдар, таптар өзара жаңа қатынастарға түседі, олардың өмір сүру түрлері жаңа ашылымға өтеді, осы үрдістерді әлеуметтану зерттейді.

Қазіргі жағдайда әлеуметтік, саяси, шаруашылықтық қызметтер мен араласулар процестері күшейе түсуде, тұлға мен әлеуметтік жүйенің көптүрлілігі өсуде және тиімді әрекетті қызмет мәселесі кезек күттірмейтін болып отыр.

Әлеуметтанудың қоғам өмірімен байланысының көп түрлілігі бірінші кезекте, ол атқаратын міндетті қызметтерімен анықталады. Солардың маңыздыларының бірі – *танымдылығы*. Әлеуметтану барлық кезеңдері мен құрылымдық элементтерінде, ең алдымен, әлеуметтік өмірдің әр саласындағы жаңа білімнің өсуін ашады. Оған іргелі теориясы да, әдістемелік қағидалары да қызмет етеді. Эмпирикалық зерттеулері қорытындылап береді.

Әлеуметтануға тән нәрсе – теориясы мен тәжірибесінің біртұтастығы. Зерттеудің едәуір бөлігі проблеманы нақты шешіп, ғылымды нақты міндетті қызметті етеді. Әлеуметтік процестік ақпарат бақылау барысында алынады. Мұндай ақпаратсыз әлеуметтік қиындық, дағдарыс және қақтығыс пайда болуы мүмкін.

Көп елдерде атқарушы және билеуші органдар, саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер еңбектегі әлеуметтік мүмкіндігін кең пайдаланады, ол қоғамдық өмірдің барлық саласында мақсатты саясат жүргізуге көмектеседі.

Осы тұста *әлеуметтік бақылау міндеті* айқындалады. Әлеуметтануда ғылыми негізделген болжамдар алдағы әлеуметтік процестер дамуын талдай алады. Осыдан *болжамдық міндеті* айқындалады. Бұл өтпелі кезеңде өте қажет үш қабілеттен көрініс алады:

- ✓ Берілген тарихи кезеңде оған қатысушылардың мүмкіндіктерінің ауқымын анықтау;
- ✓ Әрбір шешімге байланысты алдағы процестер көрінісін күні бұрын көз алдына келтіре білу;
- ✓ Әр берілген вариант бойынша болуы мүмкін шығындарды есептеп шығару, және оған мерзімнің ұзақтылығы да енеді.

Қоғамдық өмірдің әр түрлі салаларының дамуларын жоспарлауда әлеуметтік зерттеулерді пайдаланудың маңызы зор.

Әлеуметтік жоспарлау әлемнің барлық елдерінде дамыған, әлемдік кең ауқымды өмірлік әрекеттер процестерінен бастап, жеке аймақ, қала, ауыл, мекеме, ұжымдарды да қамтиды.

Әлеуметтанушы ғалымдардың жеке қағидаларына қарамастан, әлеуметтану *идеологиялық міндетті қызметін* орындауын жалғастыра беруде. Зерттеулердің нәтижелері белгілі бір әлеуметтік мақсаттарға жету үшін топтар мүддесіне пайдалануы мүмкін. Әлеуметтік білім көбінесе адамдардың мінез-құлқын реттеуге, сонымен қатар белгілі-бір тәртіп қалыптастырып, құндылықтардың негізін салуға ықпал етеді. Әлеуметтану адамдар арақатынасындағы түсіністіктерді де жақсартуға қызмет ете алады және сол жолмен қоғамдық қатынастарды жетілдіруге тұғыр болады. Осы жағынан алғанда әлеуметтанудың *гуманистік қызмет ету міндеті* көрінеді.

### 1.3 Әлеуметтанудың басқа ғылымдармен байланысы

Әлеуметтанудың басқа қоғамдық және гуманитарлық ғылымдардан ең басты айырмашылығы - оның өзіне ғана тән әлеуметтік-экономикалық, саяси, рухани, құбылыс, процестерді зерттейтін арнаулы әдістерінің болуында. Олар: сұрыптау, бақылау, сұрау, құжаттарды талдау, сараптау, модельдеу (үлгілеу), тәстілеу және т.б.

Әлеуметтануды басқа ғылымдармен байланыстыратын *негізгі нәрсе* - ол қоғам туралы жалпы ғылым бола отырып, оның жалпы даму заңдарын ашып, тұжырымдайды. Ал, қоғамның жалпы даму заңдарына әрбір нақтылы қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сүйенеді. Сондықтан әлеуметтанудың жалпы қоғам даму заңдары бұл ғылымдардың әдістемесі мен теориясы ретінде саналады.

Әлеуметтанудың басқа ғылымдармен байланысының *екінші түрі*, ол адамды, оның іс-әрекетін, қызметін оқып үйренудің, оны жан - жақты талдаудың, өлшеудің әдістері мен техникасын тұжырымдап қалыптастырады. Бұлар нақтылы қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарда кеңінен қолданылады.

Әлеуметтанудың басқа ғылымдармен байланысының *үшінші негізгі түрі* - ол нақтылы ғылымдармен тығыз жақындасып, байланысу арқылы, ғылыми арнайы тұжырымдық база қалыптастырады. Мысалы, экономика ғылымымен тығыз байланыста болып, экономикалық құбылыс пен процестерге бірігіп зерттеу жүргізудің нәтижесінде әлеуметтік

экономиканың арнаулы теориясы жасалды. Құқық ғылымымен бірігіп зерттеу жүргізудің нәтижесінде құқықтық әлеуметтану; саяси теориямен бірге отырып, саяси әлеуметтану; педагогикамен біріге отырып, педагогикалық әлеуметтану, тәрбие әлеуметтануы; әдебиет, тіл, көркем өнер ғылымдарымен біріге отырып, әдебиет әлеуметтануы, тіл әлеуметтануы, көркем өнер әлеуметтануы және т.б. әлеуметтанудың арнаулы теориялары (барлығы 100-ге тарта) пайда болды.

Бұл ғылымдардың арнаулы теориялары, басқаша айтқанда, әлеуметтік теориялар немесе орта деңгейдегі теориялар деп аталады. Басқа ғылымдардың әлеуметтанумен тығыз байланысатынын олардың әрқайсысының әлеуметтану ғылымының категорияларын (жалпы ұғымдарын), қағидаларын, заңдарын, нақтылы әдістерін кеңінен пайдалануынан байқаймыз.

Екінші жағынан, әлеуметтану өзінің ой-пікірлерін, теорияларын, тұжырымдамаларын, т.б. толық дәлелдеу және оған әрі дамыту үшін нақтылы ғылымдардың фактілеріне, деректеріне, тұжырымдарына, т.б. сүйенеді, осылар арқылы ол жаңа қорытындылар жасап, орын алып отырған қайшылықтарды жұмсарту немесе жою жолдарын, жалпы қоғамның даму тенденцияларын (бет алысын) анықтайды. Сөйтіп қоғамды басқарудың тиімділігін арттырады.

## 2-ТАҚЫРЫП:

### ӘЛЕУМЕТТІК ОЙДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ТАРИХЫ

#### 2.1 Ежелгі заманның әлеуметтік ойлары

Әлеуметтік ой дамудың бірнеше кезеңдерінен өткен. Әлеуметтік білім ұзақ уақыт бойы әр түрлі әлеуметтік - гуманитарлық ғылымдардың: философияның, тарихтың, саяси экономияның, құқықтану мен мемлекет теориясының және т.б. құрамында жинақталып, дамыды. Адам мен қоғам проблемасы, өте жақсы қарым-қатынастар мен сол қоғамды дұрыс құру идеялары ерте кездің өзінде ірі ойшылдардың ақыл-ойларынан орын алған. Оқиғалардың уақытын, орнын және қатысушы адамдарын көрсетіп, қарапайым тіркеу ретінде пайда болған әлеуметтік білім біртіндеп талдамалық ой-тұжырымдармен толықтырыла түсті. Әлеуметтік танымдағы жаңа талдамалық деңгейдің пайда болуына адамзат әуелі ежелгі Қытай философиясына, сонан соң көне философияға борыштар. Әлеуметтанудың бастауларын Мао-цзы даос мектебінің гүламалары мен даналарының әр түрлі тіршілік мәселелері жөніндегі философиялық астардағы ой-тұжырымдары мен кеңестерінен және қоғамдық өмір тәртібін анықтайтын үндінің "Махабхарата" мәтіндерінен табуға болады.

*Платон мен Аристотель* - ертедегі грек философиялары және әлеуметтік ойшылдар, саяси ғылымды бастағандардың бірі.



Платон белгілі ақ сүйек тұқымынан шыққан. Платонның саяси көзқарастары Афина қоғамының құлдырауы кезеңінде қалыптасқан. Бір оркендеп, бір құлдырал отырған қоғамда жедел әлеуметтік бөлінушілік болып тұрды және билік түрі өзгеріп тұрды, атап айтқанда, ақсүйектер үстем тапқа айналды. Демократия саяси теңдік аламыз деп үміттенді, бірақ іс жүзінде ақсүйектер мен ат төбеліндей ерекше үстем тап билігі іске асып отырды. Платон «шексіз» немесе «жетілмеген» мемлекет үлгісін ойлап табады, оның негізіне ой, рух, жан дүниесі, әділеттілік, адамгершілік жайлы оқып үйреніп, зердесіне түйген ойларын айтады. Платонның ойынша мемлекет өзінің пайда болғаны үшін аса қадірменді, аса қасиетті, аса құдіретті, кең Құдайға міндетті, ал жаратушы Құдай ғарышты жасаған және ойдың іс-әрекетін өзі алып жүреді. Ғарыш ақыл, жан, денеден тұрады. Дене өледі, ал жан ойы айқын, өзгермес бөліктерден тұрғандықтан мәңгілік.

Мемлекет Платонның бейнелеуінде жанның құрылымына ұқсас күрделі құрылысты білдіреді. Жанда үш бөліктің бар болуы сияқты мемлекет те азаматтардың үш тобына, үш сословиесіне бөлінуге тиіс. Жанның ақылды бөлігіне билеуші - философтар, қайсар және батыл бөлігіне - әскерлер-сақшылар тобы, төменгі бөлігіне - жер ондеушілер мен қолонершілер сословиесі сәйкес келуге тиіс. Платонның шексіз мемлекеті философтармен данышпан, күзетімсіз батыл, еңбек адамдарының өзі үшін кеңшілік сұрап, «кіші» болып жүрулерімен ерекше. Осылайша, ойшылдың ілімі әдеп, адамгершілік пен мемлекеттің (саясаттың) өте тығыз байланыста екенін көрсетеді. Мемлекет - бірге қоныстанғандықтан, ол «біздің әр қайсымыз, өзіміздің өзіміз үшін ғана жеткіліксіз болып, көпшілікке тартылуымыз». Платонның саяси көзқарастары «Мемлекет», «Саясат», «Заңдар» атты еңбектерінен айқын көрінеді. Платонның философиялық және әлеуметтік саяси ойлары жалпыадамдық мәнге ие болады да, ежелгі кезең шегінен алысқа құлаш жаяды және біздің заманымызға жетіп жығылып, біразы сақталып қалып отыр.

Платон өзінің «Мемлекет» атты еңбегінде әділеттілік және ел билеушісі туралы ой айтқан. Оның пікірінше, мемлекет басына келген билеуші заңды өз пайдасына бекітеді: демократия - демократиялық заңдарын (халықтық), басакөктеуші - басакөктеушілік, т.т. Заңды құрып алып, оны әділетті деп жариялайды, дәл осы түрде билікке аса пайдалы, ал осы заңның шегін аттан кетушілерді әділеттілікті бұзды деп жазалап жағайды.

Платонның әділеттілік пен әділетсіздік мәселесінде айтқан ойы: «Мынаған тоқталық: әділетті адам өзі сияқты адаммен алға шыққысы келмейді, оның өзіне ұқсас кісімен ісі бар. Ал әділетсіз адам екеуін де өзіне жақындатуға әрекет етеді».

Аристотель болса, Платонның ойын дамыта отырып былай дейді: - «Біздің сеніміміз бойынша кез - келген тіршілік иесінің бойынан қожайындық сезім мен саяси биіктік көруге болады. Жан денеге

қожайындық етеді, ал ақыл - ой мемлекет қызметшісі сияқты біздің талпыныстарымызға билік жасайды». Оның пікірінше, әлеуметтік әділеттілік мемлекеттің негізгі мақсаты болып саналады.

Аристотель бірінші болып әлеуметтік қауымдасулар отбасына, ел мекенге, мемлекеттерге бөлінетінін, қоғамдық тұтастықтың ұйытқысы моногамиялық патриархалдық отбасы екендігі туралы ілімнің негізін қалайды. Платонның "Мемлекет", Аристотельдің "Саясат" атты жұмыстары әлеуметтік білімнің дамуына жаңа серпін берді және жеке қоғамдық институттарды, атап айтқанда мемлекет, отбасы, құқықты зерделеуге жол салып берді.

Орта ғасырлардағы әлеуметтік - философиялық жүйелердің көпшілігінің идеологиялық бағдары христиан дінінің негізгі парыздарымен айқындалды. Осы кезеңнің ең көрнекті өкілдерінің бірі Фома Аквинский - философ және теолог, ол бастапқы себеп, жаратылыстың соңғы мақсаты ретінде сипатталатын құдай болмысының бес дәлелдемесін тұжырымдаған. Мемлекеттің шығуы мен функциялары туралы ой тұжырымдай отырып, Фома логикалық неғұрлым ерте болмыс ретінде мемлекет өз бастауын құлайдан алады деп сендірді. Кез келген қауымдастық белгілі бір функциялар атқарады, өз алдына гегемонсыз айналып өте алмайтын белгілі мақсаттар қояды. Сондықтан әйтеуір біреудің осы қоғамды басқаруына және оны мақсатқа жетелеуіне деген қажеттілік туады, дәл осындай басшы мемлекет болып табылады.

Табиғат заңы ортағасырлық дүниетаным үшін қол жетпейтін және белгілі бір дәрежеде өмірде жоқ саналатын болып шығады. Қоғам ұғымы ең алдымен діни сипатқа ие болды - ол католик шіркеуі мен соның жолын қушыларға қатысты болды. Жалпы алғанда, Орта ғасырлар адам мен қоғамды социологиялық ұғынуда айтарлықтай жаңа ештеңе бере алған жоқ.

Шығыс халықтарындағы қоғамдық - әлеуметтік ойдың аса көрнекті өкілдері *әл-Фараби*, *әл-Бируни*, *Ибн-Сина* болды. Шығыста әлеуметтік білім тарихи тұрғыдан әр түрлі қоғамдық күштердің тарихи шынайылықты игеруінің ерекше түрі ретінде дамыды және Шығыс халықтарының, соның ішінде қазақ халқының қоғамдық санасының қалыптасуында орасан зор рөл атқарды.

*Әбу Насыр әл - Фараби* - философ, Шығыстың энциклопедист ғалымы, Сырдария өңірінде Фараб (кейінгі Оттырар) қаласында туған. Ол 160 - тан астам трактаттар жазған және сол кездегі белгілі ғылым салаларын дамытты.

Әл - Фараби адам қызметіндегі ақыл- ойдың, даналықтың ролін жоғары бағалады. Ерекше мәдениеттілік, эстетикаға қатысты терең ойлары мен біртуар қозқарастары - оның көптеген шығармаларына арқау. Фарабидің ойынша заңдылық, болмыстық әлем биіктігі бұйымның етене табиғатынан туындайды, себебі зат - болмыстың өмірі және оның өз қасиеттері бар. Әдемілікті жасаушы тек адам ғана, себебі ол жақсылықты

іздеуші және жасаушы деген қасиеттерге не. Адам бар есіл - дертімен бақытқа, сұлулыққа ұмтылады және де сол көркемдікті сақтап тұруға қабілетті. Сұлулық, негізінен табиғатқа тән, ал адам еңбегі мен данашығынан туындаған өнерлік заттар қоғамның тұғыры, әрі дінісігі. Әл - Фараби Платон ойларымен келісе бермейді, себебі ол сұлулықты «ой», «идея» деп түсіндірген. Ойшыл, философ: «Адам бойындағы алғашқысы «жан емес, дене» - дейді. Жан қызметі адам денесіне тәуелді, денесіз жан жоқ. Жан - адамның ішкі дүниесі, ішкі өмірі жайлы түсінік. Зерделілік адамда алғаш туған күннен бастап пайда болады. «Адамның адам болып қалыптасуы, оның ақылы мен ойының арқасында жүзеге асты», - дейді Фараби.

Ол адам коркінің екі жағын пайымдайды: ақылдылыққа жету (ішкі рухани сұлулық), дене бітімінің жетілгендігі, яғни денелік, ағзалық (сыртқы) сұлулық. Ақыл-көркі, зерделілікпен ойлауды дене сұлулығынан бұрын қойды. Теориялық және тәжірибелік ойлау айырмашылықтарына қарай, адамды әл - Фараби танымдылық шеңберінің кеңдігіне және терен адамгершілігіне, әділдігіне сүйеніп тану керектігін алға тартты. Қайырымды кісі үлкен тұлғалық көрініс алды. Бірақ танымшылық, көргендік, сергек ойлылық адамның жеткіліктілік, баршылық қалпын сақтап қалуына негіз екенін баса көрсетті. Шынайы бақытқа қол жеткізудің негізгі жолдары ізгілік, жан тазалығы, игілікті қылықтар болып табылады, ал бұған қарама-қарсы әрекеттер - жамандық пен жетілмегендік. Адамда ізгіліктің, жан тазалығының және т.б. болу тәсілі қалайларда белгілі бір тәртіппен пайда болуы, таралуы және бірлесе жүзеге асуы мүмкін. Басқа сөзбен айтқанда, дәл осы онтайлы әлеуметтік ұйым адамдағы ізгіліктің дамуына жағдай жасайды.

Әл-Фараби қоғамның шығу тегі туралы өзінің қайталанбас тұжырымдамасын ұсынады - адам тек қана басқа адамдармен өзара байланыста өмір сүрс алады және байланыста болғанда ғана моральдық кемелдікке жете алады.

## 2.2 Әлеуметтік ойдың негізін салушылар

*Шарль Луи Монтескье (1689-1755)* - француз философы, ағартушы, саяси ойшыл және құқықтанушы. Оның еңбектерінің ішінде негізгі орын алатыны - «Заңдар рухы туралы» кітабы.

Монтескьенің аналитикалық ой тұжырымдамалары әлеуметтануда маңызды мәселелердің негізгілерінің алға шығуына ықпал етеді. Ол жеке тарихи ерекшеліктерді тиімді, әрі кең пайдалануды ұсынады.

Қатты қысым көрсететін, зорлық жасау адам табиғатына қарсы келеді дей келе, Монтескье заңның үш басты түрін ажыратып береді: отбасылық ғылымды ұйымдастыруға қатысты азаматтық заң; өз замандастары тәрізді аса қызыққан заңы - қылмыстық заңдар; сонымен қатар, саяси құрылымның негізгі заңдары. Көп нәрсені адамдар басқарады, атап

айтқанда, климатты, дінді, заңдарды, басқару қағидаларын, адамгершілікті, дәстүрлерді және осының бәрі халықтың жалпы рухын құрайды.

Монтескье табиғи себептер арасынан географиялық факторларға жетекші рөл береді. Табиғи себептерге климат, топырақтың жағдайы, елдің көлемі мен орналасуы, халықтың саны және т.б. жатады. Мәселен, оңтүстікте климат ыстық болғандықтан адамдар нәзік, жалқау және тек жазалану қаупінен ғана жұмыс істейді. Ыстық елдерде “кәдуілгі деспотизм орнайды”. Керісінше, солтүстікте климат қатал болғандықтан, мұнда жер құнарсыз келеді, адамдары шыныққан, ер-жүрек және бостандық сүйгіш келеді. Солтүстіктегі халықтарға басқарудың демократиялық формасы тән. Саяси өмірді анықтайтын табиғи себептер арасындағы арақатынасты табуға тырыса отырып, Монтескье: “заңдардың түрлі халықтардың өмір сүру жолдарының әдістерімен өте тығыз байланысты” екенін айқын аңғарған.

Монтескье басқарудың әр түрлі үш кейпінің табиғаты туралы айтады. Басқарудың үш кейпі бар, олар:

- ✓ республикалық
- ✓ монархиялық
- ✓ каталдық.

Олардың табиғатын білу ешбір білімдарлықты қажет етпейді. Республикалық басқаруда жоғары билік бүкіл халықтың қолында немесе оның бір бөлігінің қолында болады; монархиялықта - өзгермейтін заңдарды құрал етіп отырып, бір адам ғана басқарады, алайда қатаңдықпен басқарудағы сияқты бір адамның еркімен, ешбір заңсыз, ешбір ережесіз басқару қозғалысқа түседі. Басқару табиғаты деген осы.

Сонымен Монтескье тарихта субъективті факторлардың өсу тенденциясын дұрыс байқай білді. Алайда ойшыл бұл қағидаларды идеалистік, яғни объективті қажеттілік пен еркін ақыл-ойды қарама-қарсы қоятын рационализм философиясы тұрғысынан түсіндіреді. Оның “Заңдар рухы туралы” еңбекті жазуының мәні “моральдың климаттан басым түскенін” көрсету болды.

*Огюст Конт (1798 - 1857)* – философия мен әлеуметтанудағы қарсы пікірлі жасаушылардың бірі, француз философы, социолог.

Конттың «Позитивті философия курсы» атты алты томдық еңбегі 1830 және 1842 жылдары жарық көрді. Екінші бір іргелі еңбегі – төрт томдық «Позитивті саясат жүйесі немесе Адамзат дінін қалыптастырушы трактат». Көзі тірісінде оның кең тараған «Астрономия туралы философиялық трактат», «Позитивті философия рухы жөніндегі ойлар», «Қарсыпікірлік жайлы толық ой сантама», «Позитивтік катехезис», «Қозғалыстарға шақырылма» және «Жеке бастық жиынтық» атты еңбектері шығып үлгерді. Ал «Огюст Конттың өсиеттері» атты төрт томдық еңбегі қайтыс болған соң жарық көрді.

Конт әлеуметтік құбылыстарды танып - білуде детерминизм принципінің тұңғыш рет тартатын, бұл құбылыстардың жаратылыстану



зандарының іс-әрекетіне бағындырылғанын көрсеткен Монтескьенің үлесін өте жоғары бағалайды. Ол әлеуметтануды қарсы пікірлі (позитивті) ғылым ретінде, қоғам мен адам жайлы алыпсатарлық жасаған бағыттарға қарсы қояды. Конт бойынша, әлеуметтану - адам ақылы арқылы жетілін өсетіні жайлы жалғыз ғылым, ал жеке адам қоғам мүшесі. Қоғам құбылысы үнемі өзгеріп, қайта жасалып, өсіп отырады, ал оның мәні тарихи. Конт «ұлы адамдарды» асыра бағалауға қарсы, өркениетке саясат ережесі сәйкестелмесін деп шегелен айтады. Рухани ішкі жан – күйлік қауым, оның ойы өркениетке апаралды деп сенеді, ғылыми рух – басты фактор.

Әлеуметтану жайлы ойы жалпылама, білімділік қағидалары да аз. Алайда, Конт әлеуметтік элементтердің нақты диалектикасын түсіндіру қиын, қайта оларды қарапайым, мәңгілік, өзгеріске түспейді деп қарастырды.

Жеке адамның танымдық құндылығын теріске шығарады да, оны қоғамнан бөле қарады. Қоғамды жеке алып қарауға ұмтылды. Конт әлеуметтануда бақылау және тәжірбиелік, салыстырмалы, тарихи әдістемелердің негізін салды.

Опост Конт әлеуметтануды екі үлкен тарауға бөлді, олар – *әлеуметтік статика* мен *әлеуметтік динамика*. Әлеуметтік статика дегеніміз қоғамдық ереже, ұйым, үйлесім теориясы. Қоғамды бірлестік деп санайды. Негізгі институттарға отбасын, мемлекетті, дінді жатқызды. Отбасылық қарым-қатынастар қоғамдық қатынастардың негізі болып табылады. Жас ұрпақ өсіп қоғамды жалғастырады.

Отбасылық негізгі қарым - қатынастарды қарастыра келіп, оның тарихпен бірге өзгеріп келетінін мойындайды. Өз тұсындағы буржуазиялық отбасын шексіз етіп көрсете отырып, кемшіліктеріне көңіл болмейді. Әйел мен еркектің тең құқылығына қарсы болды. Әйел еркектен күшімен, ерік-жігерімен төмен. Әйел адамдарды біріктіруге қабілетті, қылық-мінсімен ашу тарқатқыш болып келеді. Әйел міндеті – сом тұлғаны, ірі тұннатты, күш иесі ерлерді жұмсарту, қоғамға тарту, билікке баулу. Осыдан барып отбасында әйел сезімі ер адамның қаһарына әсер етуі тиіс деген теріс теория қалыптасқан.

Бала тәрбиесіндегі ана рөлі – ұлы рөл. Отбасы - өзінен бұрынғы ұрпақ дәстүрін сақтаушы және жаңа ұрпаққа соны сіндіруші. Отбасында жеке тұлға әлеуметтенеді, адамға қызмет ету қасиетін меңгереді, табиғи даралығын жойып, «басқалар үшін өмір сүруге» үйренеді. Жас пен кәрі ұрпақ теңестіріліп қалыптастырады.

Отбасылық қатынасты Конт кооперацияға теңейді. Бұнда әрбір мүше өз қабілетіне қарай адал еңбек етеді және әркім бір-біріне мүдделі, қызықшылықты, жапаншылықты.

Еңбек - жұмыс - іс - қызмет деп бөлудің теріс жағын Конт көре білді. Оның пайымдауына, адамның бір ғана мамандықты меңгеруі дүниетанымдық жан-жақтылығын тарылтады, қоғам жеке бірлестіктерге

бөлініп кетіп, бірлік бұзылады, қатыгез бәсекелестік орбиді, адам өзгеріске түседі. Үкіметтің әлеуметтік белгіленімі Контша «ой, жігер, іс тұрғысынан ажырасушылыққа душар болмау қажет, ол алға жылжуды тежсіді».

Қоғамның ыдырауы, оның органикалық бірлігінің бұзылуы тенденциясының бар болуын талқылай отырып, Конт саяси биліктің қажеттілігін, қоғамның «ортақ рухты» бейнелеуші ретінде қажеттілігін көрсетті. Конт бойынша, өкіметтің саяси арнауы неде? «Ол идеялар, сезімдер және қызығушылықтардағы түбегейлі айырмашылықтар деген фатальды бейімділіктің алдын алу». Осылайша, мемлекет әлеуметтік ынтымақтастық мүшесі болып табылады, ал оған бағыну – индивидтің қасиетті парызы. Қоғамдық тәртіп қорғаушы – мемлекет – экономикалық - саяси, моральдық функцияларды атқарады. Конт бойынша моральдық функциялар негізгі болып табылады. Ол ойдың дамуын тежеуі мүмкін, оны басқарушылардың тар практикалық қызығушылығына бағындыратын интеллектуалдық моральдық террорды болдырмау үшін билікті моральдық және саяси деп бөлу қажеттілігін дәлелдейді. Орта ғасырлық шіркеу іске асырған рухани диктатураны мадақтай отырып, Конт оған аналог ретінде позитивизмді таниды. Яғни, өзіндік ерекше пікірлермен көне дәстүрін, шіркеулік дәстүрлерді алмастыруға негізделген азаматтық дәстүрлер сериясымен толықтырылған, идеялар, принциптер және концепциялар комплексі ретіндегі позитивизмге ұжастырады.

Конт өзінің индивид пен қоғам арақатынасына деген көзқарасына сәйкес, міндеттердің моральдық кодексін емес, керісінше адамның табиғи құқықтары теориясын терістеді. Оның оқытуына, міндеттер абсолютты емес, салыстырмалы, оның қайнар көзі құдайда емес, абстрактылы адамзат табиғаты емес қоғам болып табылады. Міндеттілік сезімі, қоғамдық ынтымақтық өмірде туындаған, әлеуметтік сезім болып келеді. Конттың рухани өмірдің мәселелерін қарастыруы, «басқалар үшін өмір сүру» ұраны, міндеттер этикасы көптеген жақтаушыларды қызықтырмады. Конт маңызды әлеуметтік мәселелерді дұрыс қоя, тіпті дұрыс шеше алмады. Ол экономикалық қатынастарды идеалистік тұрғыдан дұрыс бағалай алмады және де руханилық ролін асыра бағалады. Еңбектерді бөлуді, Конт, экономикалық институт ретінде емес, моральдық - психологиялық байланыстар тегі ретінде қарастырды. Әлеуметтік топтардың, соның ішінде, алдымен кәсіби топтардың қалыптасуын ол абстрактілі талқылады. Осы жерден оның бар әлеуметтік құрылымының қажеттілігін мойындауы туындайды. Конт, буржуазиялық отбасын барлық халықтар мен уақыттар үшін идеалды модель, үлгі ретінде қарастырады. Ал, үш саты заңы - Конттың әлеуметтік динамикасының шеткі тасы – бір мезгілде тарихы және логикалық заң болып табылады: адамзаттық ақыл-ойдың дамуының үш сатысы тарихи дамуының үш аналогиялық сатысына сәйкес келеді. Ежелгі мен ортағасырлық қамтығын, теологиялық және фиктивтік сатыларды Конт үш кезеңге бөледі: фетишизм, политеизм мен монотеизм. Фетишизм кезінде адамдар сыртқы заттарға өмірді теліп, олардан құдайды

көрген. Ежелгі Греция мен Римде ерекше күшті тараған политензмде «жашан пенделерге» өмір телініп, барлық құбылыстар олардың араласуымен түсіндірілген. Монотеизм – бұл христиандық дәуір.

1300-1800 жылдар аралығын қамтыған метафизикалық сағы Конг үшін отпелі дәуір болып көрінеді. Яғни, бұл дәуір үшін қоғамдық тәртіп фундаменті – ескі сезімдердің бұзылуы тән. Реформация, ағарту философиясы, революция – бұл дәуірдің маңызды оқиғалары, міне, осындай.

### 2.3 XIX-XX ғасырлар тоғысындағы әлеуметтік ойлар

XIX ғасырдың екінші жартысында позитивтік – натуралистік дүниетанымдық қозғарастар мен сол кездегі социология да Батыстың интеллектуалдық жетістіктерін негізделіп дамыды.

Чарльз Дарвиннің эволюциялық теориясы ғалымдарды қарапайым фактіге назар аударуға итермеледі. Адам мен жануарлар арасында тек айырмашылықтар ғана емес, сондай-ақ ұқсастықтар бар екендігін, яғни адам ұзақ мерзімді биологиялық эволюцияның жемісі, шынжырдың бір тармағы секілді деп қарастырылды.

Биолого - эволюциялық мектептерде әлеуметтік эволюцияны биологиялық эволюцияның жалғасы немесе бір бөлігі ретінде қарастырды. Осылайша, биоганикалық мектеп әлеуметтік біртұтастылық құрылымына ерекше мән берсе, ал нәсілдік – антропологиялық мектеп адамға биологиялық табиғаттың әсерін, нәсілдік мінездемелері мен оның қоғамдық өмір генотипіне әсерін қарастырды. Әлеуметтік дарвинизм – өмір сүру үшін күрес және табиғи сұрыпталу, ал географиялық мектеп – географиялық орта мен кеңістіктегі адамдардың таралуы мен орналасуына мән берді.

*Герберт Спенсер (1820-1903)* – ағылшын философы және социологы, позитивизмді бастаушылардың бірі, әлеуметтанудағы натуралистік қозғарастың негізін қалаушы ойшылдардың бірі.

Спенсердің әлеуметтік теориясы құрылымдық функционализмнің алдында болған. Спенсер бірінші болып, әлеуметтануда жүйе құрылымы, функциялары, институт түсініктерін қолданған. Оның ойынша, құрылымдағы өзгерістер функциялар өзгерісіз мүмкін емес: әлеуметтік бірліктер мөлшерінің ұлғаюы оларда әлеуметтік белсендіктің прогрессиялаушы дифференциясын, еңбектің табиғи болінуін тудырады.

Спенсер Дарвин тәрізді неғұрлым бейімделгендердің «табиғи сұрыптау» идеясын ұсынды. Тұрғындардың өсуі неғұрлым үлкен әлеуметтік белсенділікке түрткі болып, аман қалу үшін көп тапқырлықты талап етеді. Неғұрлым нашар дамыған топ немесе индивид аман қалмайды. Сондықтан интеллект пен дамудың жалпы деңгейі біртіндеп өсуі қажет. Басқалардан интеллектуалдық қатынаста өктемдік көрсеткендер ғана қалады. Егерде мемлекет тарапынан жағаласу көрсетілсе, онда прогрессивті эволюциялық механизм күлдірайды.

Спенсер білім әлеуметтануына шексіз үлес қосты. Ол өз еңбектерінде әлеуметтік зерттеулер объективтілігі мәселесіне көп орын бөлген.


XIX ғ. аяғындағы биолого - натуралистік теория дағдарысы психологиялық социологияның күшеюіне икпал етіп, келесі өз бетінше бағыттарды ажыратады: этнографиямен тығыз байланысты «халықтар психологиясы»; топтық психология және де соңында, тұлға аралық қатынасты социологиялық зерттеудің бірінші бірлігі ететін интеракционизм. «Халықтар психологиясы» мәдениет пен даралық сананың өзара әрекеттесуін нақты зерттеуді бастау мен концептуализациялаудың алғашқы қадамы болды.

Психологиялық, этнографиялық, лингвистикалық, антропологиялық және тарихи - философиялық зерттеулерге жақындасуға деген ұстанымның өзі құнды болды.

XIX ғасырдың аяғында не индивид психологиясы, не абстрактылы «халық рухы» әлеуметтік құбылыстарды түсіну кілтін бере алмайтыны айдан анық бола бастайды. Осыдан бастап тікелей топтық бұқаралық мінез-құлықты зерттеуге және де индивидтердің бір-біріне илану мен алағтануының әлеуметтік нормаларын беруді мүмкін ететін психологиялық және әлеуметтік механизмдерді зерттеуге деген қызығушылықтар өрши бастайды.

*Макс Вебер (1864 - 1920)* – неміс социологы, философ әрі тарихшы. Ол XIX ғасырдың 90 - шы жылдары алдымен Фрайбургтік, кейіннен Гейдельбергтік университеттердің профессоры болды, алайда ауыр рухани ауру салдарынан оқытушылық іс-әрекетті қоюға мәжбүр болды. Қайтыс болардың алдында 1919 жылы Мюнхендік университетке қызметке тұрып, бұл іске қайта оралды. 1904 жылы неміс социологиялық журналына редактор болады. Вебер *социологиясының негізі* – идеалды типтер туралы ілім болып табылады. Идеалды тип – бұл объективті эмпирикалық шындық емес, ол оқымыстының зерттеуші іс-әрекеті, ойлау нәтижесін бейнелейтін теоретикалық конструкция. Идеалды тип – бейне - схема, зерттеуші – социолог таңитын нақты материалды тәртіптеу мен жүйелеу тәсілі. Идеалды- типтік конструкциялар - бұл маңызды құбылыстар мен процестерді бейнелеуші күрмеулі түсініктер. Мысалы, «капитализм», «шіркеу», «қала», «дін», «христиандық», «экономикалық адам» және т.б.

Вебер жауап бермеуі мүмкін емес сұрақтар туындайды: идеалды тип неден туындайды және қалайша конструкцияланады – социологтан тәуелсіз бар шындықтан ба, әлде оның ойлауынан пайда бола ма? Пайда болуына қарама - қайшылықты түсіне отырып, Вебер, идеалды типті тарихи және әлеуметтік типтерге бөледі. *Идеалды тарихи тип* тірі тарихты бейнелейді және де одан түсініктерді қалыптастырады, ал *әлеуметтік идеалды тип* болса, оқымыстының іс-әрекетінің өнімі ретінде, конструкт ретінде қалыптасады.





Осындай интерпретациялардан, түсініктерден тұрғызылған Вебердің *идеалды типтер жайлы ілімі оның «түсінуші социологиясының» негізі* болды.

Бұл жерде, социология адам немесе адамдар тобы мінез - құлық бастапқы пункт ретінде қарастыру керектігі туралы сөз болып отыр. Мінез - құлықтың социология қызықтыратын себебі, адамдар өз әрекеттеріне белгілі бір мағына береді. Әрекеттер мағыналанғандықтан, оны түсінуші ғылым болуы тиіс – әрекетті және ең маңыздысы, зерттелінуші тұлға осы әрекетке берген мәнді түсіну. Сондықтан да Вебер социологиясы - бұл адамның мінез - құлықын түсіну ғана емес, сондай-ақ, әлеуметтік әрекеттер туралы ғылым. Ол Вебер үшін адам мінез - құлықна тең мағынада, өйткені әлеуметтік әрекет жай ғана «өз - өзіне бағытталған» емес, ол өзгелерге де бағытталған. Өзгелерге бағыттануды Вебер, онсыз әрекеттің әлеуметтік болып есептелінуі мүмкін емес «күту» деп атады.

Сонымен, «түсінуші социология» пәні мағыналанған әлеуметтік әрекет болып табылады. Ол бірнеше формада көрінеді, олардың бастысы – мақсатты рационалды әрекет.

Соңғысы Вебер бойынша, тұлға саналаған мақсаттарға жетуге бағытталған: ол үшін адекватты тәсілдер қолданылады, яғни әрекеттенуші индивидке қажетті болып есептелінетіндер. Әрекет неғұрлым аз рационалды болса, ол соғұрлым аз түсінікті. Сондықтан да, мақсатты рационалды әрекеттер – бұл негізгі идеалды тип, ал рационалдықтың кемуі одан ауытқу болып табылады. Әлеуметтік әрекеттің рационализациясы, Вебер ілімі бойынша, тарихи процестің негізгі бағыты болады.

Вебердің әлеуметтік идеялары, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы басқа мұраларға қарағанда қазіргі күнгі оқымыстылардың назарын ерекше аударады. Вебер Дюркгейм сияқты өзінен кейін мектеп қалдырған жоқ. Оның идеяларын жалғастыратын жеке беделді шәкірттері де болған жоқ. Бірақ «түсінуші социология», идеалды типтер туралы ілімдер, экономика, дін және этика байланыстары идеясы, өз-өзінен қоғам мен уақыт міндеттерімен үндес болғандығы сонша, Вебер есімі социологиялық ғылымға еніп, тиісті орын алды.

*Эмиль Дюркгейм (1858-1917)* – француз әлеуметтанушысы, бірінші дүние жүзілік соғысқа дейін бағыттық социологияда нөмірі бірінші тұлға.

Францияның солтүстік – шығысындағы Эпинал қаласында дүниеге келеді. Көзі тірісінде Дюркгейм төрт кітап шығарды: “Қоғамдық еңбек бөлінісі туралы” (1893), “Әлеуметтану әдісі” (1895), “Өзін-өзі өлтіру” (1897) және “Діни өмірдің қаранайым нысандары” (1912).

Э. Дюркгейм қоғамы функционалдер үрдісімен зерттеуді жалғастырып. Ол барлық адами түсініктер *мінез - құлық үлгісінде* құрылады: жалпы қабылдау, жалпы бағалау, жалпы сезімдер мен әрекеттер. Ол мұның бәрі *ұжымдық сана* деп есептеді. Бұдан шығатын қорытынды: қоғам – адамнан биік тұратын моральдық шынайылық тұтастық. Ол, сондай-ақ, әрбір индивидте сананың екі деңгейі болады делді: біріншісі – жеке тұлғалық, екіншісі – топтық не қоғамдық. Даралық

деңгейі неғұрлым жоғары болса, сабын, ұжымдық сананың деңгейі де соғұрлым жоғары. Құндылықтардың ұжымдық типі – әлеуметтік ынтymақтастықтың тікелей бейнесі, ұжымдық сана деп ашатын құндылықтардың арнайы жүйесі, сананың жалпылығы.

Э. Дюркгейм әлеуметтік ынтymақтастықтың (интеграцияның) типтерін көрсетеді: механикалық және органикалық ынтymақтастық.

*Механикалық ынтymақтастық* қаралайым (аграрлық дәстүрлі) қоғамға тән, онда барлық жағдайлар, нормалар, құндылықтар ұжас, бірдей.

*Органикалық құндылықтардың* негізі: еңбек бөлінісі, ол топтық этика, индивидтің экономикалық оқшаулануы, азаматтық қоғамның құрылуы сияқты құрылыстардың тууына себеп болады. Органикалық ынтymақтастық бірдей элементтердің бір-біріне бағынышты болуымен сипатталады.

Э. Дюркгейм ілімдерінің негізінде “социологизм” деп аталатын тұжырымлама жағыр. Дюркгейм пікірінше, қоғамның негізінде айрықша шындық руханилық жағыр. Ол адамдарды біртұтастыққа біріктіреді, олардың арасында айрықша ынтymақтастық орнатылады, сондықтан өзінің жалпы және жеке жақтары болады. Бұл заңдар қоғамдық құбылыстардың мәні мен сипатын ашады, сондықтан олар (заңдар) — таза социологиялық зерттеу нысаны болып табылады.

Дюркгейм қоғамы *құлық - нормативті жүйе* ретінде түсінуде маңызды үлес қосты. Ол әлеуметтік мінез - құлықтың бір мезгілде міндетті және тартымды, тиісті және қалаулы болып саналатын ережелер жиынтығымен реттелінетінін айтты.

Ол әлеуметтануға өте маңызды *аномия* (сөзбе - сөз: ретсіздік) ұғымын енгізе отырып, қоғамның құқықтық-нормативті жүйесіндегі құлдыраулар, ақаулар мен бастықтардың маңызын көрсетті.

Дюркгеймнің пікірі бойынша, аномия – бұрынғы құндылықтар мен нормалардың әрекеті тоқтап, жаңалары әлі тұрақталмай тұрған кездегі қоғам дамуындағы өтпелі және тоқырау кезеңі мен күйіне тән құндылықты-нормативті вакуум.

Аномия дегеніміз - индивидтің әлеуметтік нормалар, соның ішінде құрметтеуі және сақтауы тиіс нормалары мен өз сұранысының арасындағы арақашықтықты сезіне отырып байқайтын қиыншылық және маңасыз сезім. Осыдан келіп құқық бұзушылық шығады.

Аномия тұжырымдамасына сүйене отырып, Дюркгейм өзін - өзі өлтіруге зерттеу жүргізді. Ол тоқырау және радикалды өзгерістер кезінде өзін - өзі өлтіру әдеттегіден көбейіп кететіндігіне мән берді. Бұл кезде адамдардың мінез - құлықын басқаратын әлеуметтік нормалар бұзылады да, ол девиантты мінез - құлыққа, соның ішінде өзін - өзі өлтіруге әсер етеді. Дюркгейм өзін - өзі өлтірудің үш типін көрсетеді:

- аномиялық (адамдар өмірлік бағдарын жоғалтқандықтан, өз-өзіне қол жұмсайды);
- альтруистік (адамдар борыш сезімінен өз өмірін қияды: сарбалдар амбразураға ұмтылады, самурай харакири жасайды және т.б.);

- эгоистік (индивид өз әлеуметтік өмірінен байланысын үзеді, өмірдің қиын сәттерінде қалай етуді өзі шешеді).

*Нитирим Сорокин (1889-1968)* – орыс америкалық социолог, әрі мәдениеттанушы, 40-тан аса кітап, бірнеше жүз мақала жазған ірі ғалым. Озінің «Әлеуметтік мобильділік» атты кітабында мобильділік (жылжу) түсінігін қарастырған: тік және қолденең. *Қолденең мобильділік* – бұл іс жүзінде физикалық кеңістікте орын ауыстыру, миграция; *тік мобильділік* – әлеуметтік мәртебенің өзгеруі, әлеуметтік баспалдақ пен жоғары немесе төмен қозғалу. Қоғамның түрлі типтерінде қозғалыстар жылдамдығы мен түрі бойынша ерекшеленеді. Әр қоғамда бұл қозғалысты жүзеге асыратын лифттер болады. Мысалға армия, мектеп, бюрократия, кәсіби және діни ұйымдар. Олар сондай – ақ күрделі биологиялық денеде қан айналымды реттеуші мүше ретінде әлеуметтік организмге де қажетті.

Сорокин мынадай шешімге келеді: мобильділік жалпы интеллекттің ақыл-ойлық икемділігі мен жан-жақтылығының дамуына ықпал етеді, бірақ өз кезегінде скептицизм, цинизмді тудырады, патологиялық изоляцияға, моральдық құлдырауға және өз - өзіне қол салуға әкеледі. 1922ж. П. Сорокин басқа да орыс зиялыларымен бірге Ресейден қудаланып, Гарвардта жұмыс істеп (АҚШ), мәдениет динамикасы, әлеуметтік теория, теория мен конвергенция мәселелері бойынша бірнеше еңбектерді шығарады.

П. Сорокин – ірі теоретикалық концепциялардың авторы ретінде танымал. Олардың көмегімен дүниедегі өзгерістерді де түсіндіруге тырысты. Олардың бірі – *социомәдени динамика концепциясы* болса, келесісі – *қоғамның интегралды тип концепциясы*.

Бірінші концепция шегінде тарихи процесті мәдениет типтерінің қозғалысы ретінде қарастыруға ұмтылыс байқалады. Олардың әр қайсысы белгілі бір тұтастық ретінде көрінеді. Осындай негізгі типтерді П. Сорокин үшке бөледі: сезімдік, рационалды, идеалистік. Алғашқысы шындықты тікелей сезімдік қабылдаудың үстемдігімен, екіншісі – рационалды ойлаудың үстемдігімен, үшіншісі – доминантты интуициямен сипатталады. Бұл мәдениет типтерінің әрқайсысы даму үстінде және прогрестің түрлі сатыларындағы адамзат қоғамына тән. П. Сорокиннің социомәдени динамика концепциясы әлеуметтік өзгерістердің қозғаушы күштері мен бастауларын және олардың қоғамдағы диалектикасын талдаудағы алғашқы талпыныстардың бірі болды.

Интегралды қоғам теориясына келетін болсақ, мұнда П. Сорокин болашақ вариантын көрсетуге тырысты. Әр түрлі ұйымдар мен қоғамдық өмір жүйелерінің өзара байланысын түсінудегі және де әрқайсының жетістіктерін адамзат үшін қолданудағы реалистік ықпалы арқасында 60-шы жылдары конвергенция тұжырымдамалары қатарында негізгі орындардың бірін алды. 60-70-ші жылдардағы біздің әдебиеттерде бұл теориялар орынсыз және дөрекі сынға түсті.

Сойтсе де шын мәнінде адамзат қоғамын билеуге қағысты бірқатар жайттар П. Сорокиннің ықпалындағы реализмді бейнелейді. Бұл меншіктік формасы мен экономикалық тәртіптердің плюрализміне, басқа елдермен қатынасқа және оларды жоспарлауға қағысты.

### 3-ТАҚЫРЫП: ҚОҒАМ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҮЙЕ РЕТİNДЕ

#### 3.1 Қоғам түсінігінің мәні

Жер бетінде өмір сүріп жатқан саналы пәнде – адамдар – бір - бірімен бірігіп, сан - қиы қарым - қатынастарға түсіп қоғамды құрайды. “Қоғам” деген ұғым әлеуметтану ғылымының басты категориясы болып табылады. Күнделікті өмірде бұл ұғым кең түрде және әр түрлі мағынада қолданылады. Мысалы, таңдаулы адамдардың қоғамы; театр өнерін сүюшілер қоғамы; Ресей немесе Қазақстан қоғамы; адамзат қоғамы, т.б. Әлеуметтану ғылымы осы аталғандардың ішіндегі үшінші топтағы “қоғам” ұғымын зерттейді.

Қоғам ұғымының орнына көп жағдайда оған мән - мағынасы жағынан жақын категориялар қолданылады. Сондықтан, ең алдымен біз оларды бір - бірінен айыра білуіміз қажет.

“Ел” және “қоғам” категорияларын салыстырсақ, біріншінің географиялық жағы басымды. Мысалы, Қазақ елі – Азия құрлығының ортасында, мұхиттардан алыс орналасқан ел.

“Қауым” және “қоғам” категорияларына келер болсақ, біріншіге жанұя, ру, тайпа, халық, ұлт секілді әлеуметтік ұйымдасу формалары жатады.

Ал “*мемлекет*” пен “*қоғамды*” салыстырсақ, - ол мұхиттағы айсберг сияқты: судың бетіндегі көрінетін алып мұздың кішкентай ғана бөлігі – ол мемлекет болатын болса, су астындағысы - қоғам. Қоғам өміріндегі сан алуан қарым - қатынастардың ең негізгілерін ғана мемлекет заң арқылы ретке келтіре алады, қалғандары әдет - тұрпы, моральдық, эстетикалық, т.б. әлеуметтік нормалардың негізінде қалыңа келеді.

Ұзақ уақыт бойы батыстың әлеуметтік ойшылдары қоғамды мемлекетке теңестіріп қараған. Платон бірінші болып қоғам және мемлекет ұғымдарының айырмасын анықтауға талпыныс жасады. Адамдардың өзара жәрдем мен маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бірлесіп қоныстануын ол мемлекет деп атайды. Ал Аристотель өз ұстазының қоғамды мемлекеттік - саяси құрылымдауы туралы ойларын билік пен үстемдік тұрғысынан зерделейді.

Кейін әлеуметтік философияда қоғамды табиғи күй тұжырымдамасы тұрғысынан қарайтын болды. Бірақ Т. Гоббс қоғам мен мемлекетті дәстүрлі теңестіруге негіздейді. Қоғам мемлекеттік дене іспеттес,



барлығын билеп-төстеуші де, жарықаушы да дей отырып, ол мемлекеттік шарттың орнына *қоғамдық шартты* қояды.

Ойшылдардың бірқатары қоғамды жасанды құрылым ретінде алып қарайды, өйткені адамдардың табиғи бейімділіктері онымен үйлеспейді.

Ағылшындық ойшылдар Д. Юм мен А. Смит "адамның ең табиғи күйі" деп "мемлекеттік билігі жоқ қоғамдық құрылымы" мойындайды.

А. Смит қоғамды еңбек бөлінісінен шығатын еңбектің және айырбастың одағы деп атайды. Ал А. Сен-Симон Смиттің ойын ары жетілдіріп, қоғамды өнеркәсіп орны ретінде алып қарайды.

Гегельдің мемлекет пен қоғам жөніндегі тұжырымдамасында, қоғамдағы адамгершілік саяси бірлік, жалпы жігердің көрінісі деп ұғындырады.

Неміс әлеуметтанушысы Ф. Теннис (1855-1936 ж.ж.) жасаған қоғамның тұжырымдамасында, әлеуметтік қатынастардың әрқайсысы адамдардың өмір сүруге бірлескен жігерінің негізінде болатынын көрсетеді.

Э. Дюркгейм Теннистің қоғам туралы тұжырымдамасын әлеуметтік байланыстың органикалық және механикалық түрлерін карама - қарсы қою деп ұқты және оның қауымнан қоғамға қарай тарихи даму жолын қабылдап, қоғамды әлеуметтік ең табиғи және органикалық түр екенін мәлімдейді. Оның пайымдауынша, қоғамдағы ығымақтастық таза адамгершіліктің, ізгіліктің бейнесі, яғни қоғамды *әлеуметтік дерек* құрайды. Қоғамды әлеуметтік деректер жүйесі ретінде алып қарағанда, оның қызметтену тетігін түсінуге, жеке адамдарға ықпал ету тұтқаларын белгілеуге мүмкін болады.

Марксизм ілімінде қоғамның жүйе құрушы бөлшегін *әлеуметтік қатынастар* атқарады. Әлеуметтік қатынастар адамдардың араларында олардың тіршілік әрекеті барысында қалыптасатын тұрақты байланыстарын тікелей білдіреді. Маркстің ойынша, қоғам жеке адамдардан тұрмайды, ол олардың бір - біріне қатысты байланыстары мен қатынастарының қосындысын көрсетеді. Ал, әлеуметтік қатынастар қоғамның өзіндік ерекшелігін және адамдардың мәнді қасиеттерін анықтайды.

Кен түрде алғанда, *қоғам* деп адамдардың арасында қалыптасатын сан-алуан байланыстар мен қарым - қатынастардың жиынтығын айтамыз. Әлеуметтануда *қоғам* деп кейбір белгілермен сипатталатын бірлестікті айтады.

Әлеуметтік одақтың қоғам болып аталуының *бірінші белгісі* – ол тұрақты жерінің аумағы, мысалы, Қазақстанның мемлекеттік шекарасы шеңберінде қоршалған жердің болуы. Жер аумағы ол әлеуметтік кеңістіктің негізі, соның аясында дара адамдардың араларындағы қатынастары мен өзара қимылдары қалыптасатын, әрі дамиды.

Қоғамның *екінші ерекшелігі* оның өзара байланыстарының жоғары үлемелі қарқындылығын сақтауға және ұдайы өндіруге қабілетті болуы.

Қоғамның *үшінші ерекше белгісіне* өзін-өзі билеу мен жоғары деңгейдегі өзін-өзі реттеу жатады.

Қоғамның *төртінші ерекше белгісі* - оның үлкен интеграциялық (кіріктірушілік) пәрмені.

Әлеуметтануда қоғам құрылымы түрлі тұрғыдан қаралады. Қоғам өмірінің негізгі салалары ретінде экономикалық, әлеуметтік, саяси-құқық және рухани өмір көрсетіледі. Әрине, қоғам өмірі өте күрделі жүйе, сондықтан осы көрсетілген салалар бір - бірімен шым - шытырық байланыста. Мысалы, экономика мен әлеуметтік сала арасындағы байланыстар өте тығыз. Экономика дамымай бірде - бір әлеуметтік мәселелерді толыққанды шешу мүмкін емес. Сонымен қатар, білім беру, денсаулық сақтау т.с.с. әлеуметтік мәселелер биік деңгейде шешілмесе, өндірісті дамыту, жаңа технологияларды өмірге енгізу сқиталай.

Қоғам өмірінде жеке меншік пайда болып, әлеуметтік қатынастар күрделеніп, мемлекет дүниеге келеді, ой еңбегі дене еңбегінен бөлініп, ғылым мен өнер тез қарқынмен дами бастайды. Қоғамдық қатынастар мыңдаған жылдар шеңберінде қалыптасқан салт - дәстүрлерге негізделеді. Сондықтан, ғылыми әдебиетте мұны "дәстүрлі қоғам", я болмаса, "аграрлық цивилизация" дейді. Мыңдаған жылдарға созылған бұл қоғамның тарихындағы жетістіктерге тоқталсақ, ол қағаз, фарфор, жібек, күкіртті жасау (Шығыста), жел диірмені, соңынан су диірмені, механикалық сағат, көзілдірік, мата жасау станоктары, кітап басу т.с.с. (Батыста) атауға болады. Көне заманда пайда болған ұлы жетістіктерге Мысырдағы Пирамидаларды, Қытайдағы – мыңдаған шақырымға созылған Ұлы Қорғанды, Александрия қаласында салынған Александрия маяғын, Рим қаласындағы Колизейді, Афинадағы Парфенонды т.с.с. ғажап туындыларды атап өтуге болады.

Қоғам өмірінде әр түрлі әлеуметтік топтар өмір сүреді. Өйткені, бұл дүниеде – адамдарды айтпағанның өзінде – ешбір бір - біріне толығынан үкес ешнәрсе жоқ, әрбір зат өмірге өз қайталанбас болмысымен келіп, уақыты озған кезде – келмеске кетеді.

Қазіргі қоғам – ол барлық базистік және қондырмалық қоғамдық қатынастарының қызметтенуі мен дамуының мүмкіндігін қамтамасыз ететін әлеуметтік және мемлекеттік билік институттарының жүйелер жиынтығының әрекеттестігі.

Қандай да бір қоғамдық қатынастардың жүйесі (мысалы, экономикалық, саяси, т.б.) әр уақытта адамдардың өзара қарым - қатынасынан және қоғамға қатынасынан көрінеді. Сондықтан әрбір қоғамдық жүйенің әлеуметтік жағы болады.

Қорыға айтқанда, әлеуметтілік - әр түрлі жеке тұлғалардың бірігіп істеген қызметінің жемісі, нәтижесі. Бұл олардың бір - бірімен байланыс-қатынастарынан тікелей көрінеді. Ал, олардың қоғамдық құрылымындағы алатын орны, атқаратын ролі және әр түрлі жағдайлары бір - бірінен өзгеше қоғамдық үдерістерге қатынасынан көрінеді.

### 3.2 Қоғамның құрылымы

Социологияда қоғам құрылымы түрлі тұрғыдан каралады. Қоғам бір – бірімен байланысты, ықпалдас әлеуметтік құбылыстар мен процестер жиын-тығынан тұрады. Қоғамның құрамдас бөліктеріне индивидтер, әлеуметтік институттар мен ұйымдар, топтар мен қауымдар, байланыстар мен әрекеттер, нормалар мен құндылықтар және т.б. жатады. Қоғамда белгілі бір әлеуметтік орны бар, сол қоғамның нормалары мен құндылықтарына сәйкес тұрақты әлеуметтік қызмет атқаратын топтар мен индивидтердің өзара байланыстарының нақтылы тәсілі қоғамдық жүйенің құрылымын түзеді. Оның түрлері:

- идеалды құрылым – наным, сенім, елес;
- нормативтік құрылым – құндылықтар, нормалар, жоспарланған әлеуметтік рөлдер;
- ұйымдық құрылым – позиция мен мәртебелердің өзара байланыстары;
- кездейсоқ құрылым – қосарланып өмір сүріп жағқан элементтер.

Жоғарыдағы құрылымдардың алғашқы екі түрі мәдени құрылым, қалған екеуі социетальдық құрылым тұжырымдамаларымен байланысты. Социетальдық құрылымның маңызды құрамдас бөліктеріне экономикалық, әлеуметтік, саяси және идеологиялық институттар жатады. Социетальды жүйе түріндегі қоғамның дамуында индивидтің әлеуметтік, эстетикалық, адамгершілік, физикалық тұрғыдан кемелдесуіне әлеуметтік тұрғыдан әсер ететін басқа да қоғамдық жүйелер мен органдар пайда болады.

Әлеуметтану пәнінің қалыптасуы әруақытта оның категориялары арқылы жүзеге асырылады. Категориялар (яғни, жалпы ұғымдар) өмірдің нақтылы шындылығын, әлеуметтік құрылымның дамуындағы маңызды жақтарды, ондағы қатынастар мен байланыстарды бейнелейді. Олар осы қатынас, байланыстардың тұрақты, қайталанатын, маңызды түрлерін және құбылыстар мен процестердің өзара іс - қимылын көрсетеді. Бұл категориялар (яғни, жалпы ұғымдар) бір - бірімен тығыз байланыста, қатынаста болады, олар еш-уақытта бір - бірінен бөлек, оқшау тұрмайды.

Категориялардың негізінде әлеуметтанудың заңдары қалыптасады. Әлеуметтанудың категориялары алуан түрлі болады. Бұған адам қоғамына тән қасиеттердің бәрі кіреді: «әлеуметтік жүйе», «әлеуметтік байланыс», «әлеуметтік қатынас», «әлеуметтік процесс», «әлеуметтік тұлға», «әлеуметтік бірлік», «әлеуметтік құрылым», «әлеуметтік ұйым», «әлеуметтік институт», «әлеуметтік бақылау», «әлеуметтік басқару», «әлеуметтік ережелер» (бұған құқықтық ережелер, оның жарғылай бөлігі), «әлеуметтік стратификация», «әлеуметтік рөл», «статус», «әлеуметтік тәртіп», «әлеуметтік сана», «әлеуметтік талап-тілек», «әлеуметтік топ», «әлеуметтік мүдде», «әлеуметтік тұтыну», «әлеуметтік қауіпсізлік», «әлеуметтік қорғау», «әлеуметтік белсенділік», т.б. категориялардың көмегімен нақтылы өмірдің үлгілері мен әлеуметтік мәні жасалады.

Негізінде әлеуметтану екі үлкен категорияға басты назар аударалы. Ол - қоғам және тұлға. Ал, қоғам туралы әлеуметтану мәселесі қойылғанда жоғарыдағы категориялар арқылы (жалпы ұғымдармен) зерттеу жүргізеді. Олардың бірі - «әлеуметтік бірлік». Бұл адамдардың арасындағы әр түрлі қарым - қатынастар. Осы қарым - қатынас, байланыстардың негізінде олардың күнделікті өмірі мен іс-әрекетінің мұң - мұқтажы, талап - тілектерінің бірлігі жатыр. Демек, қоғам өзінің құрылымдық ұйымдасуы, яғни оны құрайтын бөліктердің өзара қарым – қатынастары, әрекеттері тұрғысынан сипатталады.

*Әлеуметтік бірлестіктер* қоғамды қайта құру, өзгерту субъектісі болып саналады және бұл - әлеуметтік субъектінің өзін - өзі ұйымдастыруының тұрақты түрі. Әлеуметтік бірлестіктің түрлеріне: отбасы, адамдардың әлеуметтік – таптық, топтық, әлеуметтік - демографиялық, ұлттық, территориялық, мемлекеттік және бүкіл адамзаттық қоғам бірліктері қозғалыстары, т.б. жатады.

*"Әлеуметтік құрылым"* - Бұл өндірістегі қоғамдық еңбектің бөлінуінің реттелген жүйесі және осыған сәйкес меншікке, билікке, басқаруға, қоғамдағы адамдардың құқық және міндеттеріне қатынастарының жүйесі.

*"Қоғамдық сана"* - Бұл қоғамның рухани құрылымының жиынтығы. Қоғамдық сана әруақытта тікелей немесе күрделі болып, қоғамдық сипатта болады. Яғни, ол жалпы қоғамға тән қасиет.

*"Әлеуметтік топ "* - адамдардың ортақ мүдде - талаптарына, құндылық-бағалықтары мен сана - ережелеріне қарай бірлесуі.

*"Әлеуметтік жіктеу"* - бұл қоғамның құрылымы, оның жікке бөлінуі.

*"Әлеуметтік теңсіздік"* - бұл адамның әлеуметтік сапасы, оның мәні. Әлеуметтану тұлғаны талдап, зерттегенде әр түрлі ұғымдарды қолданады.

*"Әлеуметтік құндылық"* - қоғамдық қатынастарды, мұң - мұқтажды, талап - тілектерді анықтайтын тұлғалық құнды нұсқаулар. Бұлар адамдардың тәртібінің іштей реттелуі басқарылуы арқылы белгіленеді.

*"Әлеуметтік нормалар"*(ережелер) - қоғамда қалыптасып, реттеліп отыратын ережелердің жиынтығы.

*Тұлғалық ынты, қоңіл, назар, ықылас, қалау, тілек*, т.б. бұлар адамдардың әлеуметтік белсенділіктерінің қозғаушы күштері (стимулдары);

*"Әлеуметтік рөл"*, яғни атқарылатын қызмет; *"әлеуметтік статус"* - адамның қоғамдағы орны мен жағдайы т.б.

Қоғам – күрделі құрылымды, өздігінен дамып отыратын әлеуметтік жүйе.

### 3.3 Азаматтық қоғам

Қандай да болмасын қоғамдық мәні бар идеялар белгілі қоғамның, әлеуметтік дамудың талаптарына сәйкес келетіндіктен қабыл алынады. Сондай идеялардың қатарына азаматтық қоғам идеясы жатады. Азаматтық қоғам туралы әртүрлі қозғарастар, әртүрлі бағдарлар бар.



Қазірде азаматтық қоғамның жалпыға бірдей ортақ анықтамасы жоқ. Дегенмен әлемдік әлеуметтік – философиялық ғылымда бұл феноменді зерттеудің екі түрлі жолы бар:

- Азаматтық қоғамды әлеуметтік универсалия, әмбебап категория ретінде қарастырады. Бұл ұғымға олар мемлекетке, өкімет құрылымдарына қарама - қарсы қойылған қоғамдық қарым - қатынастардың бүкіл жиынтығын сыйғызады.
- Азаматтық қоғам ұғымының мағынасына шынайы батыстық феноменді жатқызады. Бұл ұғымды буржуазиялық (нарықтық - демократиялық) қарым - қатынастардың қалыптасуымен байланыстырады.

Азаматтық қоғам деп адамның жеке тұлғасының және бейресми, мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдардың дамуына қолайлы жағдай туғызатын әлеуметтік тәртіп түрін айтады. Аталған мемлекеттік емес ұйымдардың іс-әрекеті арқылы ғана жеке адам социумның, әлеуметтің даму жолына әсерін тигізе алады. Сондықтан да азаматтық қоғамды коммуникацияның, қарым - қатынастың өзіндік ерекше формасы деп қарастырса болғандай, себебі азаматтық қоғам арқылы мемлекет пен азамат арасындағы сұхбат жүзеге асады. Азаматтық қоғам өкімет, билік құрылымдарынан тысқары жатқан әлеуметтік байланысты танытады.

"Азаматтық қоғам" ұғымын бірінші рет белсенді қолданғандардың бірі Т. Гоббс болды. Ол азаматтық қоғам мен мемлекетті бір - біріне қарсы қоймайды.

Ағылшын ойшылы Дж. Локк азаматтық қоғамның мемлекеттен басымдылығын жариялады. Т. Гоббс концепциясымен салыстырғанда Локктың тұжырымдауы бойынша әлеуметтік келісім - шарт негізінде жасалған қоғамдық - құқықтық тәртіп адамдар еркін шектемейді. Керісінше, оны кеңейтеді және әлеуметтік әділеттілікті орнықтырады.

Азаматтық қоғамға деген өзіндік көзқарасты қалыптастырған марксизм болды. К. Маркс азаматтық қоғамды тарихи феномен деп танып, оны жаратылыстан берілген күй емес, тарихи даму нәтижесі деп түсіндіреді. Мемлекет пен азаматтық құқық тарихи сүйемелі бар құрылымдар болғандықтан олар өкімет, таптар және таптық күрес сынды түрпаттардан құралады.

Азаматтық қоғамның негізгі белгілеріне, айрықша сипаттамаларына мыналарды жатқызуға болады:

1. Азаматтық қоғам ірі кәсіпорындары қарқынды дамыған, ғылыми техникалық негізі және әлеуметтік инфраструктурасы қалыптасқан индустриалды қоғам.

2. Азаматтық қоғамның экономикалық сүйемелі ретінде жеке меншік пен басы бос, тәуелсіз субъектілердің еркін іскерлік шығармашылығын алуға болады.

3. Азаматтық қоғам өзінің саяси көрсеткіштері бойынша демократиялық жүйе болып табылады. Онда билікті бөлісу, көпшілік, құқық приматы қалыптасуы тиіс.

4. Азаматтық қоғамның рухани - идеологиялық негізінде идеялар мен көзқарастардың плюрализмі, төзімділік (толеранттық), рационалдылық және гуманизм жатыр.

5. Күрделі жіктелінген және стратификацияланған азаматтық қоғамның әлеуметтік базасын орташа тап құрайды.

Азаматтық қоғам адамның жеке басының еркі мен әлеуметтік заңға үйлестіліктің дәл келуімен тартымды идея болып көрінеді. Онда адамдар арасындағы үйлесімді қарым - қатынас орнату жолы жеке индивид жауапкершілігіне жүктеледі. Азаматтық қоғам тыныштық пен жалпыұлттық келісімді көздейді. Бұл мақсаттар күрделі көп этникалық құрамы бар Қазақстан Республикасының өмірлік мәні бар мүдделерін көздейді.

Қазақстанда азаматтық қоғам құру мәселесі биліктің либералды демократиялық институттары мен нарықтық экономика құрылымын қалыптастырумен шектелмейді. Мәселенің негізі ұлттық азаматтық этносын даярлауда жатыр. Азаматтық этносты батыстың біртектестірілген құндылықтарын көшіріп қойып емес, дәстүрлі дүниетанымының, ұлттық мәдениеттің негізінде байыпты да байсалды түрде қалыптастыруы қажет. Осы орайда орынды түрде мынандай сұрақ туады: қазір болып жатқан өзгерістер модернизация ма әлде вестернизация ма? Біздің батыстың технологиялық, экономикалық даму шеңіне жуықтамайтын әлеуметтік күйімізде құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның батыстық моделін дәлме - дәл көшіруге талпыну жөнді ме, жөнсіз бе? Ендеше, мүмкін біз әлемге уақыт талабына лайықты жауап бере алып, сөйтіп қоғам дамуының мүлдем басқа жолын көрсететін болармыз? Бұл тұста жауаптан гөрі сұрақ көп... Уақыт өз Талабын қойды, сіді іс - біздің берер жауабымыздың қаншалықты жетістік әкелері Қазақстан Республикасының ерікті азаматтарының ұятына өзіндік жауапкершілігіне байланысты деп ойлаймыз.

Сонымен, азаматтық қоғам демократиялық режимде қоғамның саяси өмірімен тығыз байланыстағы, тоталитарлық режимде оппозицияда болатын, отпелі кезеңде (қоғамның бір күйден екінші күйге өтуі) өзін саясатқа белсенді түрде қарсы қоятын саяси емес өмір аясы, әдет - гүрыптар мен салттар. Азаматтық қоғам, біріншіден, индивидтерге жеке меншікке ие болып, оны еркін пайдалануға мүмкіндіктер ашады; екіншіден, дамыған әлеуметтік стратификация болады; үшіншіден, азаматтық қоғамның түрлі институттарында адамдарға толық еркіндік пен дербестік береді.

#### 4-ТАҚЫРЫМ: ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТТАР МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ПРОЦЕСТЕР

##### 4.1 Әлеуметтік институттар әлеуметтік өмірдің маңызды элементі ретінде

Кез келген әлеуметтік институт сол немесе басқа қажеттіліктерді атқара отырып пайда болады және қызметтеледі. Егер мұндай қажеттілік маңызды емес болса немесе жоғалып кетсе, онда институттың өмір сүруі мағынасыз, мәнсіз, болып қалады.

«Институт» ұғымы көп мағыналы, латын тілінен аударғанда «құрылым» деген мағынаны білдіреді. Оның екі түрлі мағынасы бар, тар мағынада, яғни техникалық, жоғарғы оқу орындарының атын білдірсе, ал кең мағынада әлеуметтік қоғамдық қатынастардың анықталған айналымындағы құқық нормаларының жиынтығын білдіреді. Институт ұғымы әлеуметтанудағы негізгі тақырыптардың бірі, сондықтан институционалды байланыстарды зерттеу әлеуметтанудың алдындағы негізгі ғылыми міндеттердің бірі болып табылады.

*Әлеуметтік институт* деп көбінесе адамдардың бірлескен қызметінің тарихи қалыптасқан орнықты нысандарын айтады. Институттардың негізгі мақсаты – жеке адамдардың, топтардың және жалпы қоғамның іргелі қажеттіліктерін қанағаттандыру. Олардың сәтті қызмет атқаруы адамдар қауымдастығының өмірін сақтауға мүмкіндік береді, оларды топтар мен қоғамға біріктіреді, олардың өмірін тұрақты етеді. Дәл осы әлеуметтік институттар ұйымдардағы бірлескен корпоративтік қызметті үйлестіреді, әлеуметтік қатынастар сипатын анықтайды және оларды сақтап отырады.

Әрбір институт:

- белгілі бір қызмет аясын;
- белгіленген құқықтар мен міндеттер негізінде қоғамдық, ұйымдық немесе басқару функцияларын орындауға өкілетті адамдар тобын;
- ресми тұлғалар арасындағы қарым – қатынастың ұйымдық нормалары мен принциптерін;
- қойылған міндеттерді шешуге қажетті материалдық құралдарды (қоғамдық ғимараттар, құрал – жабдықтар және т.б.) қамтиды.

Әлеуметтік институт әлеуметтануда іргелі түсініктердің бірі болып танылған. Э. Дюркеймнің пайымдауына «социологияны институттар туралы ғылым ретінде олардың пайда болуы және қызметтенуі деп анықтауға болады». Дюркейм әлеуметтік институттардың шығуын қажеттілікпен байланыстырады. Ол құрылымдық - функционалдық әдістеме тұрғысынан қоғамды тұтастық ретінде алып қарайды, оның әр әлеуметтік институты бір белгілі функционалды рөл атқаруы арқылы қоғамның тыныс - тіршілігін қамтамсыз етуге өзінің пайдалы үлес қосатынын көрсетеді.

Институттардың қоғамдық ролін терең талдаған алғашқы әлеуметтанушылардың бірі Т. Веблен аған өткендей, қоғамның өмір сүру тәсілі ретіндегі әлеуметтік институттар өзгермейтін нәрсе емес. Әлеуметтік құрылыстың эволюциясы айналасына неғұрлым икемделген алуан түрлі институттардың «табиғи» іріктелу процесін іске асыру ретінде көрініс береді. Институттардың өзгеруі өз кезегінде мінез – құлық қоршаған ортаға неғұрлым икемделген және айтарлықтай бейімделген жеке адамдардың одан әрі іріктелуіне алып келеді.

А. Редклифф-Браун институт деп, әлеуметтік құрылым – әлеуметтік қатынастардың өзінің тіршілік жасауын қолдауға пайдаланатын үлгіге келтірілген мінез-құлық амалдарын ұғынады.

Ч. Миллс әлеуметтік институт – әлеуметтік рөлдердің белгілі жиынтықтар нысаны деп түсіндіреді. Ол институттардың орындайтын мақсаттары бойынша бес негізгі түрін атайды: діни, әскери, саяси, шаруашылық, отбасылық. Дж. Бернард пен Л. Томпсон әлеуметтік институтты мінез - құлық мөлшерлері мен үлгілерінің жиынтығы ретінде ұғындырады. Олар әлеуметтік институттың мына бөлшектерін көрсетті:

- ✓ институттың анық қызметтеріне жататын міндеттері мен мақсаттары;
- ✓ мінез - құлықтың үлгілері мен ережелері;
- ✓ рәміздік нышандары;
- ✓ тәжірибелік белгілері;
- ✓ ауызша және жазбаша дәстүрлері.

Әлеуметтік институт ол адам қызмет ететін белгілі салада өмір сүретін әлеуметтік байланыстар жүйесі және мөлшерлердің жиынтығы болып табылады. Мысалы, әлеуметтік топ ол өзара әрекет ететін жекеліктердің жиынтығы. Әлеуметтік институттар әлеуметтік топтармен тығыз байланысты, өйткені институт мінез - құлықтың өзара байланыстары мен жүйелер жиынтығы ретінде түбінде адамдардың қажеттіліктерімен анықталады.

*Әлеуметтік институт* - қоғамның іргелі қажеттіліктерін қанағаттандыруға бейімделген, қоғамдық қатынастардың белгілі саласын реттейтін мекемелер мен ұйымдардың жиынтығы. *Әлеуметтік институт* – қоғамның негізгі талаптарын қанағаттандыратын қоғамдық мәнді құндылықтар мен әрекеттерді орындау ретін біріктіретін байланыстар мен әлеуметтік мөлшерлердің ұйымдастырылған жүйесі.

Осылайша, «әлеуметтік институт» әлеуметтану танымында белсенді пайдаланылатын базалық санаттардың бірі болып табылады. Бұл ұғымды әлеуметтану тұрғысынан түсіну басқа әлеуметтік ғылымдардың әлеуметтік институттар мен қоғамдық өмірді зерделеуін толықтыра түседі.

##### 4.2 Әлеуметтік институттардың типологиясы

Әлеуметтік институттардың өзгеруі едәуір ұзақ та күрделі процесс. Олардың даму тарихы дәстүрлі нысандарының біртіндеп қазіргі заманғы



түрге айналатындығын көрсетеді. Мысалы, отбасы, құқық, дін, билік институттарын алайық. Олардың жаңа ерекше түрлерінің пайда болуы жаңа әлеуметтік байланыстар мен қажеттіліктердің пайда болуымен байланысты. Мысалы, индустриалдық қоғамда жаңа институттар – нарық, еңбек келісім – шартты, жарнама, бұқаралық мәдениет, ғылым, денсаулық сақтау, қоғамдық қозғалыс, жалғыз басты ата – ана, ерлі – зайыптылардың бөлек тұруы және басқа институттар пайда болады.

Неғұрлым маңызды қажеттіліктерді қамтамасыз ететін әлеуметтік институттардың бес негізгі түрі бар:

- бала туу, өсуі (отбасы және неке институты);
- қауіпсіздік және әлеуметтік тәртіп (саяси институттар, мемлекет);
- тұрмыстық құрал-жабдықтар өндіру (экономикалық институттар);
- білім беру, өскелең ұрпақты әлеуметтендіру, кадрлар даярлау (білім беру, ғылыми және мәдени институттар);
- рухани мәселелер, тіршілік мағынасын шешетін қажеттіліктер (дін институты).

Әлеуметтік институттарды басты немесе іргелі, негізгі және басты емес немесе негізгі емес, жекелік деп бөледі. Негізгі еместер негізгінің ішінде жасырылады. Негізгі институттарға экономикалық, саяси, отбасы, білім, дін жатады. Экономикалық институттың ішіне негізгі емес институттар ретінде нарық, меншік түрі, меншікті қорғау, валютаны конвертациялау, мамандарды іріктеу, еңбекті бағалау, маркетинг т.б. кіреді. Бұлар әлеуметтік тәжірибе негізінде қалыптасады. Әлеуметтік тәжірибені әдет - тұрып деп айтуға да болады.

Отбасы институтына туыскандық жүйесі (әкелік, аналық, нағашылық, құдалық т.с.с.), некелесу, қалың мал алу, тамырласу, мұрагерлік, ажырасу т.б. кіреді. Әр елде өзгеше әдет - тұрыптары қалыптасқан. Саяси институттардың негізгі емесіне сот ісін жүргізу, төлқұжатты тіркеу, соттық сараптама жасау, сотталғанды қорғау т.с.с. жатады.

Әрбір институт өзіне байланысты әлеуметтік міндетті қызметті атқарады. Осы міндетті қызметтердің жиынтығы әлеуметтік жүйенің негізгі, белгілі түрлері ретінде әлеуметтік институттың жалпы қызмет атқаруымен құрылады. Әлеуметтік институттардың атқаратын міндетті қызметтері көп. Сондықтан әр түрлі бағыттағы социологтар оларды топтастыруымен реттелген жүйе ретінде көрсетуге тырысты. Басқаларға қарағанда толық және қызық топтастыруды *институционалдық мектеп* ашып көрсетті. Осы мектептің өкілдері (С. Липсет, Д. Ландберг және т.б.) әлеуметтік институттың төрт негізгі міндетті қызметтерін атап өтті. Олар мыналар:

1. Қоғамның мүшелерін жаңғырту. Ең басты институт болып осы міндетті қызметті отбасы атқарады.
2. Әлеуметтендіру мақсатын іске асыру. Жекеліктер, отбасы, білім, дін, т.б. арқылы әлеуметтік қатынастарды игеріп қоғамдық өмірге енгізіледі.

3. Өндіру және тарату міндетті қызметін атқару. Ол биліктің экономикалық - әлеуметтік институттарын басқару және бақылау органдарымен қамтамасыздандырылуы және жүзеге асырылуы.
4. Басқару және бақылаудың міндетті қызметін атқаруы. Ол тәртіптердің тұрпаттарын реттейтін әлеуметтік мөлшерлерінің жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Оларға жататындар құқықтық мөлшерлер, әдет - тұрып, әкімшіліктің шешімдері және т.б.

Әлеуметтік институттар жекеліктерді тәртібімен жүріс - тұрысын жазалау және көтермелеу жүйесімен басқарады. Осыдан функционалдық сапасына қарай әлеуметтік институттарды бірнеше түрге бөлуге болады. Ең маңыздылары:

1. Әлеуметтік - экономикалық институттар, яғни меншік, айырбас, ақша, банктер, қоғамдық байлықтарын өндіру және тарату жүйесін қамтамасыздандыратын ұйымдардың түрлері және т.б. Экономикалық институттар өндіріс үдерісі мен игіліктерді және қызмет көрсетуді үлестіруін қамтамасыз етеді. Әлеуметтік институттың түрі ретінде экономикалық институттарды осыған лайықты әлеуметтік, құқықтық, өнегелі-құлықтық мөлшерлер жүйесі сипаттайды. Экономикалық институттың нормативтік (мөлшерлік) құрылымына меншіктік қатынастарды, өндірістің үстем болатын тұрпатын, айырбастың әдеттегі нысандары мен амалдарының болуын бейнелейтін мөлшерлер жүйесі кіреді. Оған басқа да экономика саласында әрекет ететін түрлі әлеуметтік құндылықтар, өнегелік-құлықты үлгілер мен жүріс - тұрыстың қалыптары кіреді.
2. Саяси институттар – мемлекет, партиялар, кәсіподақ және т.б. саяси мақсаттарды көздейтін қоғамдық бірлестіктер болып табылады. Саяси институттар қоғамды, әлеуметтік-танптық құрылымды тұрақтандырып, идеологиялық қазынасын сақталуын, алға жүруін, жаңғыруын қамтамасыз етеді. Олар саяси биліктің белгілі бір нысанын пайдаланып, жәрдемдесуге бағытталған.
3. Әлеуметтік мәдени және тәрбие институттары. Оның негізгі мақсаты әлеуметтік құндылықтарды игеру және оны қайта өндіру, жаңғырту болып табылады.
4. Нормативтік (мөлшерлік) бағытталу түрі. Оның алдында тұрған мақсаты – тәртіпке саналық, өнегелік-этикалық негіз орнату.
5. Нормативтік - санкциялық (мөлшерлік - жазалаушы) түрі. Оның мақсаты қоғамдық әлеуметтікті реттеуді ережелер, мөлшерлер негізінде күштеу жазалауларын жүзеге асыру.
6. Рәсімді - рәмізді және конвенционалдық (шарттылық) институттар. Олар ресми немесе бейресми тіркелген келісім бойынша қабылданған мөлшерлерге негізделген. Мұнда жиналыстардың пікірлесуін, ақпараттар айырбасын және жіберу әдістерін реттейді.

Қоғам өзара байланысты біртұтас институттар жүйесі болғандықтан, бір институттың қызметтенуінің бұзылуы басқа салаларға, тұлғаға теріс ықпал жасайды. Мәселен, Қазақстанда экономикалық жағдайдың нашарлауы білім, денсаулық сақтау, құқықты қорғау т.б. салаларда келенсіз құбылыстардың кең етек жаюына себепкер болды. Бұл әлеуметтік шиеленістерді өршітті, әлеуметтік қарсылықтарды күшейтті. Демек, әлеуметтік институттарды жетілдіру олардың арасындағы үйлесімділік тепе-теңдігін сақтауды қажет етеді.

#### 4.3 Әлеуметтік процесс

*Әлеуметтік процесс* – қоғамдағы болып жатқан іс - әрекеттер жиынтығы. Яғни, кез келген қоғам әлеуметтік процесс арқылы дамып немесе кері кетіп отырады. Әлеуметтануда әлеуметтік процесс әлеуметтік жүйе мен оның құрамындағы элементтердің, кез-келген әлеуметтік нысанның кезекті ауысымы не қозғалысы ретінде ұғынылады.

Әлеуметтік процеске классикалық анықтама берген Питирим Сорокин болды. Оның түсінігінше, процесс ретінде өзгеріс түрлерінің бір-біріне ұласуы немесе эволюцияның кез - келген түрі ұғынылады. Басқаша айтқанда, әлеуметтік процесс дегеніміз зерттеліп отырған нысанның белгілі уақыт ішіндегі кез - келген өзгерісі (мейлі оның кеңістіктегі орнының өзгеруі, сандық немесе сапалық сипаттамаларының түрленуі болсын).

Әлеуметтанушылар әлеуметтік процестердің ішінен оның көп жылдар бойы назар аудартып келе жатқан екі ерекше формасын алып қарастырады. Олар: 1. әлеуметтік даму; 2. әлеуметтік цикл.

Әлеуметтану қоғамның әлеуметтік құрылысымен тығыз байланысты мына бір мәселеге де: қоғам өзгермейтін, қатып – сеніп қалған құбылыс па әлде ол өзгеріс, қозғалыс, дамуда болатын тірі әлеуметтік организм бе, ал егер ол дамиды болса, онда оны дамытушы күштер, факторлар қандай деген мәселеге жауап беруді талап етеді.

Әлеуметтік теориялардың басым көпшілігі қоғамдық құбылыстардың өзгерісі мен дамуын мойындайды. Алайда даму деген не, оның мәні мен бағыты қандай, оның қозғаушы күштері неде деген сұрақтарға олар түрліше жауап қайырады. Қоғамның даму формалары мен қозғаушы күштері жайлы теориялардың барлығын қарастыруға мүмкіндігіміздің жоқтығын ескере отырып, біз тек идеалистік көзқарастар мен тұрпайы материалистік теорияларды және қоғам дамуының ғылыми – материалистік ұғымын ғана қысқаша қарастырамыз.

Қоғам жайлы идеалистік теориялардың бәріне ортақ нәрсе сол, олар қоғам дамуының қозғаушы күшін идеядан, сана формаларынан іздейді.

Объективтік – идеалистік социология қоғамның қозғаушы күшін «жоғары» идеядан немесе абсолюттік идеядан іздейді. Енді бір идеалистік теориялар ол күшті қоғамдық сананың айрықша формаларынан, мәселен «халықтың рухани күшінен», «коллективтік санадан», т.б. іздейді.

Қайсыбір идеалистік теориялар қоғамның дамуын ұлы қайраткер адамдар, олардың идеялары мен қабілеттері, практикалық іс - әрекеттері шешеді деп түсіндіреді.

Марксизм ілімі бойынша, қоғамның жалпы даму заңына сәйкес қоғам дамуы өндірістің дамуының нәтижесі, ал өндіріс негізгі әлеуметтік процесс болып табылады.

Қоғам дамуының қозғаушы күші жайлы марксизм ілімі қоғамның дамуы объективті де қажетті процесс, яғни қоғамдағы уақиғалар адамдардың санасынан, қалауы мен еркінен тәуелсіз жүріп жататын объективтік заңды құбылыс деп тұжырымдайды. Алайда қоғам құбылыстарының заңдылығы субъективтік фактордың ролін, яғни адамдардың саналы іс-әрекетінің қоғам дамуындағы рөлімен маңызын жоққа шығармайды, қайта оларды жоғары бағалайды.

Марксистік ілім әлеуметтік дамудың қозғаушы күштерін қоғамның өз ішінен іздей отырып, олар өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың арасындағы қайшылық екенін дәлелдеп береді. Бұл қайшылық түрліше әлеуметтік топтардың, ал таптық қоғамдарда түрліше таптардың мүдделерінің әртүрлілігінің көрінісі болып табылады. Атап айтқанда, ол негізгі қайшылық сол қоғамдағы негізгі таптардың арасындағы қайшылық. Сөйтіп, тап күресі, сайып келгенде, өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың арасындағы қайшылықтарды шешіп, олардың арасында сәйкестік орнату болып табылады.

Әлеуметтік қозғалыстар даму формасына қарай әлеуметтік революция және эволюция болып екіге бөлінеді.

Диалектиканың белгілі заңдарын қоғам өміріндегі қозғалыстарды түсіндіруге қолдансақ, қоғамдық дамудың екі формасы – революциялық және эволюциялық формалары келіп шығады.

Өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың арасындағы қайшылықты шешу үшін ескірген өндірістік қатынастарды жойып, оның орнына өндіргіш күштердің жаңа мазмұнына сәйкес келетін жаңа сипатты өндірістік қатынастар орнату қажет. Сөйтіп өндіріс тәсілі ескі сападан жаңа сапаға өтеді. Қоғамдағы мұндай сапалық өзгеріс революциялық даму деп аталады.

Ал өзгеріс бір сапаның ішінде ғана болса, сөйтіп қоғам өмірін біртіндеп жетілдірумен шектелсе, мұндай даму эволюциялық деп аталады. Әлеуметтік революция мен әлеуметтік эволюция – қоғамдық дамудың өзара тығыз байланысты және бірін - бірі толықтырып отыратын екі қажетті формасы.

Қоғам ұдайы қозғалыста бола отырып, тиісті әлеуметтік өзгерістерге ұшырайды: құбылыстар мен олардың құрамдас бөліктері бір күйден екінші күйге ауысады, қайсы бір құбылыстар дүниеге келіп, енді біреулер жойылып жағады, т.б. Ол өзгерістер микро құбылыстар деңгейінде немесе макро құбылыстар (тұтас қоғам және топтар) деңгейінде болуы мүмкін. Өзгерістерді бір – бірінен тек көлемі, деңгейі жағынан ғана емес, сондай –



ак мазмұны мен мәні жағынан да айыруға болады, яғни оларды бір сападан екінші сапаға өту сипаты жағынан да айыруға болады.

Қоғамдық – экономикалық формация ұғымы қоғам дамуының жеке сатыларындағы бірқатар нақты қоғамдардың ұқсас белгілерін терең зерттеп, жалпылаудың нәтижесінде тұжырымдалды. Осының негізінде бес қоғамдық – экономикалық формация атап көрсетіліп, олардың тарихи даму ретін, бағытын ашып береді: тарихи даму өткеннен болашаққа қарай, төмендегіден жоғарыға қарай, ескі сападан жаңа сапаға өту арқылы жүреді.

Қоғамдық дамудың бұл жолы әлеуметтануда *әлеуметтік процесс* деп аталады. Алайда қоғамда прогрессивтік күштермен қатар керітартиа реакцияшыл күштер де әрекет етіп, әлеуметтік жаңалықтарға кедергі жасауы, тіпті тарихты кері қайыруға да әрекет жасауы мүмкін. Ол ол ма, тоқырау кезеңдері мен кері кету фактілері де болып тұрады. Бұл жеке елдер мен мемлекеттерде жиі кездеседі.

Сонымен, әлеуметтік жағдайы орнықты қоғамда әлеуметтік процестер елеусіз, оларға аздаған индивидтер ғана назар аударалы. Ал орныксыз қоғамда әлеуметтік процестер айтарлықтай елеулі байқалып, онымен көптеген адамдар, әсіресе, әділетсіздікке шыдамайтындар айналысады.

## 5-ТАҚЫРЫП: ТҮЛҒА ӘЛЕУМЕТТАНУЫ

### 5.1 Индивид, тұлға, адам. Тұлға қоғамдық қатынастардың субъектісі мен объектісі ретінде

Адам көптеген ғылымдардың зерттеу нысаны болып табылады. Адам – өзіне тән биологиялық құрылысы бар тіршілік иесі, сондықтан табиғат заңдары оның дамуына да әсер етеді. Қоршаған ортаға бейімделіп, өз тіршілігі үшін дайын заттарды пайдаланатын жануарларға қарағанда, адам өзіне керектіні өз қолымен жасайды. Адам табиғатының өзгеруі адам өмірінің әлеуметтік жағдайларының әсерінен болады, адамның тектілігі тек биологиялық жағынан ғана емес, сонымен қатар тарихи даму нәтижесінде де пайда болады. «Әлеуметтік мұрагерлік» адамның қоғамдық тәжірибеге ие болуы нәтижесінде орын алады. Сонымен, адамның жалпы дамуында өзара байланысты биологиялық және әлеуметтік бағыттар әсер ететіндігі байқалады. Адам биологиялық тіршілік иесі болып туады, алайда өз дамуы барысында ғана ол әлеуметтік тіршілік иесіне айналады.

Әлеуметтану шынайы әрекет ететін, таңдайтын, талғайтын субъект ретіндегі жеке адамды зерттейді. Сонымен қатар, тұлғаның шынайы өмір әрекетінің тұрақты, қайталанбалы элементтеріне, оның қоғаммен өзара байланыстарына көп көңіл бөледі. Жеке тұлға әлеуметтануының басты мәселесі болып әлеуметтік жағдайлар (байланыстар, әлеуметтік және билік

институттары, әлеуметтік қауымдастықтар) мен адам іс-әрекетінің өзара ікпінші табылады.

Адамның мәнін қарамастан бұрын «адам», «индивид», «тұлға» ұғымдарын ажыратып алған жоқ. «Адам» ұғымы барлық индивидтерге тән, ортақ қасиеттер мен ерекшеліктерді сипаттауда қолданылады. Бұл ұғым адамның жануардан, өсімдіктерден айырмасын атап көрсетеді. Адам – өмір дамуының ең жоғарғы деңгейінің көрінісі, қоғамдық еңбек барысының жемісі әрі табиғатпен әлеуметтік болмыс тұтастығын аңдататын тіршілік иесі. Алайда, адам әлеуметтік – тектік мәнге ие болғанымен, ол жалпы табиғат туындысы ретінде – дара адамдық сипаты жағынан жанды мақұлық дүниесінен бөлектенбейді. Дара адам «*homo sapiens*» тектілерінің өкілі, тарихи дамудың барлық сатысындағы, жер шарының барлық нүктелеріндегі адамдық даму нышандарының иесі, нақты адам дегенді білдіреді.

*Индивид* - биоәлеуметтік жан ретіндегі жеке адам. Яғни адамзаттың жекелеген өкілі, адамның ақыл, ерік, қажеттілік, көзқарас, т.б барлық әлеуметтік және психологиялық сипаттарын таратушы. Жалпы алғанда, индивид (лат. *Individ* - бөлінбейтін, ақырғы) - адамзат тегінің бір ғана өкілі және оның «алғашқы кірпіші», жеке даралық - бір индивидті басқасынан ажыратушы қасиеттер жиынтығы. Индивидуалдық (даралық) – бұл әр адамның өзіне ғана тән жеке - дара қасиеттерінің жиынтығы, нақты адамның табиғи және әлеуметтік қабылдаған қайталанбас ерекшеліктері мен қасиеттері. Индивид қоғаммен нақтылы әлеуметтік қауымдастықтар, институттар арқылы ықпалдасқанда, әлеуметтік маңызы бар мәселелер мен әлеуметтік байланыстарды жүзеге асырғанда ғана барып тұлға дәрежесіне көтеріле алады.

Адам дамуының әр түрлі дербес және тарихи деңгейлеріндегі нақты тарихи даму ерекшеліктерін көрсету үшін «тұлға» ұғымы қолданылады. *Тұлға* - бұл индивидтің дамуының қорытынды жемісі, оның барлық адамзаттық қасиеттерінің іске асуы. Тұлға - қоғамдық қатынастардың субъектісі. Нақты айтсақ, *тұлға дегеніміз* адамның әлеуметтік қасиеттерінің тұтастығы, индивидтің қоғамдық дамуының және белсенді іс - әрекетпен араласу арқылы әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі.

Тұлға бірқатар гуманитарлық ғылымдардың оқу объектісі болып табылады. Философия тұлғаны дүниедегі әрекет, тану және шығармашылық субъектісі ретінде қарастырады. Психология тұлғаны психологиялық процестердің, қасиеттер мен қатынастардың берік, мықты тұтастығы ретінде қарастырады. Осылайша, «тұлға» ұғымы адамға өз әрекеттерінің көрінетін әлеуметтік маңызды сапаларын, қасиеттерін, әлеуметтік жағын бейнелейді (атап айтсақ адальдық, бір беткейлік, парасаттылық, ұқыптылық, білімділік және т.б.).

Адам өмірге дайын қабілет, мінез және қызыуларымен келмейді, бұлардың бәрі белгілі табиғи негізде адамның өмір барысында қалыптасады. Адам тәнінің негізі, яғни биотипі оның анатомиялық -

физиологиялық ерекшеліктерін, жүйке жүйесінің қозғалысын (динамика) белгілейді. Биологиялық құрылым несі, адам, өткен әлеуметтердің білім, салт, заттай және рухани мәдениеті күйінде топталған өмір тәжірибесін игерумен ғана жеке адам дәрежесін көтеріледі. Олай болса, тұлға болып туылмайды, тұлға болып қалыптасады. Жаңа туылған жас нәресте - адам, бірақ жеке тұлға емес. Ол өзінің іс - әрекеті үшін әлі жауап бере алмайды. Онда ешқандай ұғым жоқ. Сәбидің тұлғаға айналуы дегеніміз ол мүмкіндіктің шындыққа айналуы.

Жеке тұлға дамуы - өз мүмкіндіктерін үздіксіз кеңейтіп, қажеттіктерін арттырып барумен байланысты. Осы даму деңгейі нақты адамға тән болған қарым - қатынастар аймағымен өлшенеді. Даму дәрежесі мардымсыз тұлғаның адамаралық қатынастары да өте жай, күнделікті тіршілік күйбеңнен аспайды. Ал даму деңгейі жоғары болған адам өзінің рухани мәртебелігімен, қоғамдық мәнді құндылықтарымен ерекшеленеді.

Әрбір дара адам өзінің қоғамдағы өмірлік әдептерін реттеумен күнделікті тіршілік проблемаларын шешіп отырады. Бірдей қиыншылық, кедергілердің шешімін әр адам өз әдіс - тәсілдерімен табуы мүмкін. Олай болса жеке адамды танып білу үшін сол адамның алдында тұрған өмірлік міндеттерін, оларды іске асыру жолдары мен өмір барысында ұстанған принциптерін жете білу қажет.

Қоғамдық қатынастарға араласып және оларды басшылыққа ала отырып, адам сол қатынастардың ықпалында қатып қоймайды. Әрқандай дара тұлға өз дербестігі мен ерекшелігіне ие. Жеке адамның дербестігі оның ең жоғары психикалық сапасы - рухани дүниесімен ұлттасады. *Рухани дүние* дегеніміз адам мәнінің ең биік көрінісі, оның жалпы адамзаттық инабат парызы түсіне білуі, болмыстағы өз орнына сай қызмет ете алуы. Жеке адамның рухани жетілгендігі - бұл жоғары дәрежедегі саналық жетілу, мұраттарды басшылыққа алу, сонымен бірге, жаман ниеті мен мезеттік шен - шекпеннен, жалған белсенділік пен отірік - осектен өзін аулақ ұстай алуы. Ал адамның мұндай қасиет сапаларды өз бойына дарытуы көбіне қоғамдық санаға, мәдениетке тәуелді. Қоғамның даму дәрежесі неғұрлым төмен болса, оның ішінде баршаны бірдей теңестіру принципі өріс алады, ондай қоғам мүшелерінің көбі құлдық бағыну күйінен аса алмайды. Дербестігінен айырылып, өз бетінше ой жүгірткен адам, өзін тұлғалық дамыту ниетінен ажырап қалады.

Жеке адам сапалары сол адамның араласқан қатынастар өрісіне, әртүрлі әлеуметтік өмір аймағында қызмет ете алу қабілетіне байланысты келеді. Шығармашыл тұлға тікелей қоршаған әлеумет шеңберінде қалып қоймай, өзін ауқымды қоғам аймағы негізінде қалыптастыруға ұмтылыс жасайды. Мұндай адам бойында өзі жасаған қауымның, тіпті бүкіл қоғамның болашақ өркеніне көрініп, ол өз дәуірінің саналық деңгейінен көш ілгері жүреді. Жеке адамның өз дербестігіне ие болуы оның тұлғалық әлеуметтік топқа бағынышты еместігін көрсетумен бірге сол адамның жоғары деңгейде кемелденгенінің дәлелі.

Жеке адамның дамуы, яғни оның әлеуметтік ұнамды қасиеттерінің қалыптасуы белгілі қоғамдық қолдау мен әлеуметтік қажетсіздік керек етеді. Дара адамның жеке адам санатына көтерілуі үшін маңызды факторлар:

- *идентификация*, яғни дара адамның өзін басқа адамдармен теңестіре, қоғам талабына сай болу ниетімен қалыптасу процесі;

- *персонализация* - дара адамның өз басының басқа адамдар өмірінде кәдірі барын түсіне білуі, сонымен бірге нақты әлеуметтік топта өзінің кісілік мүмкіндіктерін іске асыра алуы.

Тұлғаның қалыптасуы жөнінде түрлі пікірлер орын алады. Мысалы, «Жаман оқушы жоқ, жаман оқытушылар бар» - дейтін пікірдегі кейбір зерттеушілер тұлғаның қалыптасуында тәрбиенің рөлі ерекше десе, екіншілері, «Бүкірді қор ғана түзетеді» дегендей, керісінше, туа біткен қасиеттерге мән береді.

Тұлғаны социологиялық тұрғыдан зерттеу тұлғаның әлеуметтік типін боліп шығарады. Осыған байланысты тұлғаның қалыптасуы, оның түрлі топтар мен ұжымдардағы қажеттілігінің дамуы, тұлғаның өзінің мінез - құлқын басқаруы, айналасындағылармен қарым - қатынасы, т.б. зерттеледі.

Сонымен, тұлға биологиялық пен әлеуметтіктің шегінде орналасқан күрделі нысан. Тұлғаларда қайталанбас, тек соған ғана тән, қасиеттермен бірге көпке ортақ сипаттар бір - бірімен ұштасып жатады. Әлеуметтік жүйенің белсенді құрамдас бөлігі болатын тұлғалар қолдағы бар мүмкіндіктерден қажеттісін таңдап алу еркіндігін пайдаланып, болашақ өмірінің жобаларын жасайды; алдына мақсат қойып, оған қол жеткізу үшін бар күш - жігерін жұмылдырады; объективті әлеуметтік құрылымдарда, әлеуметтік байланыс жүйесінде тұрақты өзгерістерге қол жеткізеді. Өз кезегінде объективті әлеуметтік болмыс көбінесе, тұлғаның өзін - өзі жетілдіру процесінің бағыты мен мазмұнын анықтап отырады.

#### 5.2 Ч. Кули мен Дж. Мидтің «Айнадағы Мен» теориясы

Әлеуметтену - адамды әлеуметтік өмірге енгізетін күрделі процесс. «*Әлеуметтену*» ұғымы жалпылама түрде индивидтің әлеуметтік топ пен жалпы қоғамға тән мәдениет ұғымына кіретін және индивидке қоғамдық қарым - қатынастардың белсенді субъектісі ретінде қызмет атқаруына мүмкіндік беретін белгілі бір білім, норма, құндылық, ұстаным, мінез үлгілері жүйелерін меңгеруі процесін сипаттайды.

Әлеуметтенуге қатысты түрлі қозғалыстардың бірі ретінде Ч. Кули мен Дж. Мидтің «*Айнадағы Мен*» теориясын келтіруге болады. Американдық психолог, әрі социолог Ч. Кули тұлға «Мені» басқа тұлғалармен салыстырғандағы ерекшеліктерін біртіндеп түсіну процесін зерттейді. Кулидің қозғалысы бойынша, әр бір адам өзінің «мені» өзі қарым - қатынаста болатын басқа адамдардың ықпалымен қалыптастырады. Қарапайым баланың өзі талпыныстары дүние бағаланып, мақталып жатса, өзінің күшіне, дарынына сенімді болып өседі; ал қабілеті дарынды



баланың әр қимылын айналасындағылар терістен отырса, ол бала өзіне - өзі сенімсіз болып, бойындағы бар жақсы қасиеттерінен айырылып қалуы да мүмкін. Әр бір адам өзінің ақылды немесе ақымақ, сүйкімді немесе сүйкімсіз, қадірлі немесе қадірсіз екендігін басқалармен болған қарым - қатынасына, олардың бағалауына қарай отырып айқындайды.

4. Кули әлеуметтік ортаны алғашқы және кейінгі деп бөлуді ұсынды. Ол алғашқы ортаға отбасын, құрдастар ортасын, коршілерлі, жергілікті ортаны жатқызса, ал тәртібі жекелік, тұлғалық сипатта болып, қарапайым байланыстармен, іс - әрекеттермен ерекшеленетін кейінгі ортаға әлеуметтік ұяны жатқызды.

Кули ғылымға «Мен - айна» тұжырымын ұсынды. Бұл тұжырым бойынша, адамдар өз тәртібін басқалармен жасайтын қарым - қатынастар кезінде өзіне сырт көзбен қарай отырып, қалыптастырады. Тәртіптің актілерінде адамдар бір - біріне еркіне бір айна ретінде қызмет етеді. Сондықтан біздің өзіміз туралы пікіріміз көп жағдайда біздің басқа индивидтермен болған қарым - қатынастарымызға байланысты.

Ол айнадағы «Меннің» құрылымындағы үш сатыны анықтады:

- 1) Басқаларға дейінгі өз түсінігіміз;
- 2) Басқалардың пікіріне біздің қалай қарайтындығымыз;
- 3) Бұл пікір туралы біздің сеніміміз.

Мысалы, сіз бір топ адам сөйлесіп отырған бөлмеге кіріп келген кезіңізде, олар сізден сыпайы түрде кешірім сұрап тез тарқап кетеді. Осындай жағдай бірнеше рет қайталана берсе, онда олардың сізбен әңгімелескісі келмейді деген пікір туындайды. Немесе керісінше, сіз бөлмеге кірген кезде адамдар сіздің жаныңызда айналышықтап жүріп алса, сізбен қызу әңгімелессе онда олардың іс - әрекеттері сізді жағымды сезімдерге жетелейді. Олай болса, адам айнадан өзінің физикалық бейнесін көретіндігі сияқты басқа адамдардың оның мінез - құлқына, сыртқы көрінісіне деген пікірлері арқылы адамның әлеуметтік «мені» қалыптасады. Басқа қоғам мүшелерімен жеке адам өз «Мені» негізінде қатынас түзеді. Ғылымда «жеке адамдық рефлексия» деп аталған бұл «мен» ұғымы өз ішінде әр адамның өз жөніндегі танымын сезе білу сияқты сапаларын қамтиды. Жеке адамның өзіне - өзі берген бағасының жоғары не төмен болуынан сол адамның ішкі жан арпалыстары келіп шығады. Қалай десек те тұлға туралы әркім әр түрлі түсінік берген.

Американдық социолог Дж. Мид Ч. Кулидің талдауын әрі қарай жалғастырады. Ол адамдардың іс - әрекеттерін әлеуметтік байланыстарға негізделген әлеуметтік тәртіп түрінде қарастырды. Оның түсінігінше, біздің тәртібіміз жағдайға сәйкес болуы үшін алдымен символдық түсініуді үйреніп, белгілі бір ентілік лагдыларды игеруіміз керек. Осыдан келіп Дж. Мид әлеуметтену жүйесіндегі адамдардың тәртіптік әрекеттеріндегі екі негізгі құрамдас бөлікті атап көрсетеді:

- ақыл (пікір);
- «мен өзім».

Дж. Мидтің тұжырымдамасы бойынша, біз өзімізді басқалармен қарым - қатынастар барысында дамытып, білімімізді, іскерлігімізді, тәртібімізді жетілдіреміз, бірақ осының барлығы да өзімізді - өзіміз тәртіпке келтіру арқылы ғана мүмкін болады. Ол да Кули сияқты, адамның тұлғаға айналу процесінің үш түрлі сатысын анықтады. Олар:

*Бірінші имитация.* Бұл сатыда балалар үлкен адамдардың мінезін еліктейді, бірақ, оны түсінбейді. Кішкене бала үйдің еденін жумақшы болып, өзінің ойыншық шаңсорғышымен болмеле жүреді.

*Екінші, ойын сатысы.* Мұнда кішкене бала өзінің мінезін - белгілі бір ролді орындау арқылы көрсетеді. Ол дәрігер, мұғалім, сатушы. Ойын процесінде балалар түрлі рөлдерге енеді. Сөйтіп балалар өз істерін ойлап жасайтын қабілетке жете бастайды.

*Үшінші саты - ұжымдық ойын.* Мұнда балалар тек өздерін ғана ойлап қоймайды, сонымен қатар басқалардың нені күтетінін түсіне бастайды. Мысалы, футбол ойнап жүрген бала ойынның барлық ережелерін біледі. Бұны команданың барлық ойыншылары да біледі. Балалардың футбол ойынының тәртібін, ережелерін білу оларды адамдардың қоғамда өздерін қалай ұстау тәртіптерін біліп, меңгеруіне бағыттайды.

«Айнадағы Мен» теориясында (Ч. Кули, Дж. Мид) тұлға толығымен адамның әлеуметтік шартталған «Меннен» туындайтын функция ретінде қарастырылады. Жеке адамның негізі, оның өзіндік санасы - бұл әлеуметтік әрекеттестіктің нәтижесінде индивидтің өзіне объект ретінде, басқа адамдар көзімен қарауды үйренуі нәтижесіндегі әлеуметтік өзара әрекеттестігі ретінде бейнеленді. Осылайша, жеке адам - адамның әлеуметтік өмір үрдісінде жинаған объективті қасиеті түрінде түсіндірілді. Рөлдер теориясын жақтаушылардың ойынша, *жеке адам дегеніміз*, индивидтің қоғамда атқаратын әлеуметтік рөлдері жиынтығының функциясы болып табылады. Сондықтан, әлеуметтік рөл - индивид пен қоғам әрекеттілігі механизмінің маңызды элементі. Адамдар арасындағы әлеуметтік байланыстар олардың қоғамдық қатынаста белгілі бір жұмыс түрін (мұғалім, инженер, әке, бала және т.б. функциялар) орындау тапсырмасы түрінде болатын әлеуметтік функциялар негізінде құрылады. Атқарылған функциялар қоғамдағы әлеуметтік құрылымдағы адамның жағдайын сипаттайды.

### 5.3 З. Фрейдтің тұлғаның психодинамикалық теориясы

Қоғам мен адам өміріндегі психикалық процестердің себебтерін, маңызын түсіндіруде Австрияның психологы З. Фрейдтің алатын орны ерекше. Ол психиканың екі нұсқасын көрсетті:

- тонографиялық;
- динамикалық.

Динамикалық нұсқада адам психикасы үш қабаттан тұрады:

- «О!» (Id)- бейсаналық құлшыныс, іңкәрлік әлемі, қанағаттануға деген ұмтылыс қоздыратын қуат көзі;
- «Мен» (Ego) - адам санасы, психиканың барлық

компоненттерінің дәлгері, нақтылық негізінде тұлғаны бақылауды іске асырудың элементі;

- «Асқан - Мен» (Super - Ego) – ішкітұлғалық ұждан, адам санасы ішіндегі әлеуметтілік, ұжымдық бейсаналық, заңдар, тыйымдар, мораль, дәстүр, басқаша айтқанда тұлғаны үлгі - өнегелік жағынан бағалайтын элемент.

«Мен» «Олды» өзіне бағындыруға тырысады. Бірақ бұл сирек кездеседі, қиынға түседі. Әдетте «Ол» ашық немесе жабық формала «Менді» бағындырады. Фрейд «Мен» және «Олды» салт атты (атқа мінуші) мен атқа теңейді: бір қарағанда ат үстіндегі адам («Мен») асау атты тежеп, бақылап отырғандай болып көрінеді, бірақ ат («Ол») – өте күшті, асау ол адамға бағынбай кетуі мүмкін. Кейде асау ат («Ол») бағынбай «Менді» алып қашуы мүмкін. Сол сияқты «Асқан - Менде» - нормалар мен тыйымдар – «Менді» жні бағындырып отырады. Сөйтіп Фрейдтің айтуынша, адам «Мені» үш жақтан күшті қысымға ұшырайды:

- ✓ бейсаналық – «Ол»;
- ✓ сыртқы дүние;
- ✓ нормалар, тыйымдар – «Асқан - Мен».

3. Фрейдтің жаңа идеяларының мәні мынада: *адам саналы түрде сезінбейтін күйлерге қарсылық білдіреді.*

Фрейд әлеуметтендірудің иммитация, идентификация және ұяттылық пен қуәлілік сезімі деген үш психологиялық механизмнің болатындығын көрсетті. *Имитация* дегеніміз - басқа біреулердің жүріс - тұрыс үлгілеріне еліктеп өзіне көшіруге деген саналы түрдегі ұмтылыс. *Идентификация* - әрбір индивидтің, тұлғалардың өзін - өзі басқа адамдармен, топпен, ұжыммен ұқсастыруының психологиялық процесі. Ал *ұяттылық пен қуәлілік* дегеніміз кейбір жүріс - тұрыс үлгілерін басып тастайтын, болмаса тиым салатын ұнамсыз механизмдер болып табылады.

Әлеуметтік қатынастардың объектісі ретінде тұлғалардың өзін ұқсастыру процесінің 3 түрі бар:

1.Өзін толқу күйінде тікелей нақтылы немесе ойдан шығарылған адамдарға ұқсату;

2.Өзін белгілі бір бағалы әлеуметтік топқа кіргізу;

3.Өзін нақтылы бір әлеуметтік топқа, ұжымға, шағын топқа жағамын деген сезімдермен салаға кіргізу.

Фрейд адам, қоғам, мәдениет қатынастарына да көп көңіл бөлді. Оның түсінігінше, адам қоғамы тек бейсаналық әдетті, құлшынысты, ырықты жөнү, басу арқылы өмір сүруі мүмкін, ал өзге жағдайда қоғам өз ішінен жойыла бастайды.

## 6 - ТАҚЫРЫП: ДЕВИАЦИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҚЫЛАУ

### 6.1 Девианттық мінез - құлық ұғымы және түрлері

Адам әлеуметтік байланыстарда, әлеуметтік институттарда, жалпы қоғамдық өмірде басқа адамдармен қарым - қатынас процесінде жүзеге асырылатын қасиеттерді жасайды. Жеке тұлға және әлеуметтік орта талаптарына сай бейімделуде түрлі стрессерді басынан өткізуі мүмкін.

Тәртіп - бұл басқа индивидтер бақылауда болатын индивидтер қозғалысының, актілері мен іс - әрекеттерінің жиынтығы.

Қоғамдағы индивидтердің әлеуметтік тәртібі шартты түрде нормативтік және нормативтік емес болып екіге бөлінеді. Нормативтік тәртіптің сақталуы кезінде адамның әлеуметтік тәртібі қоғамда үстемдік етіп тұрған нормалармен, мәдениет құндылықтарымен реттеледі. Нормативтік емес тәртіп белгілері байқалған кезде адамның әлеуметтік тәртібі қоғам ұсынатын нормаларды орындаудан бас тарталды, елемейді немесе қасақана бұзады.

*Девианттық ауытқу тәртібі* - жалпы жұрт қабылдаған нормаларға сәйкес келмейтін, нәтижесі бұл нормаларды бұзуға апарып соқтыратын индивидтің немесе топтың тәртібі.

*Әлеуметтік мінез - құлық* дегеніміз актіге қатысушы адамдардың және олардың субъективті сипаттамалары арқылы бейнеленетін әлеуметтік ортаның көбейткіш компоненті, және де адамдардың белсенділігінің субъективті детерминациясының нәтижесі.

Әлеуметтік мінез - құлық әр түрлі болады, олар:

- Индивидуалды (яғни, жеке адамның мінез-құлық);
- Ұжымдық – бұл жалпы мұқтаждығы, талап - тілегі және іс - әрекет мақсатының бірлігі негізінде құрылған ұйымдасқан топтың мінез - құлықтары;
- Бұқаралық – бұл бір типті, әрі ұйымдаспаған үлкен бұқара тобының мінез - құлық.

Әлеуметтік мінез - құлықтың өлшемі болып қылық (поступок) саналады.

*Қылық* – бұл іс-әрекет. Мұның әлеуметтік маңызы және мәні болады. Мысалы, анасы баласына уақтылы тамақ бермесе, бұл жағымсыз қылық болып есептеледі.

Әлеуметтік тәртіп белгілі бір әлеуметтік ержелерге (нормаларға) сәйкес келсе, қалыпты дейді. Ал мінез - құлық нормаға сәйкес келмесе, оны ауытқыған (немесе девианттық) мінез - құлық дейді. Бұл ауытқуды (девианттық) әлеуметтанудың арнаулы теориясы – девианттық мінез - құлық әлеуметтануы зерттейді.

*Девианттық мінез - құлық әлеуметтануы* ауытқымалы мінез - құлықты адам іс - әрекетінің түрлі салаларына тән әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырады.



*Девианттық мінез-құлық* – белгілі - бір қоғамдағы қалыптасқан әлеуметтік нормалардан ауытқу және артынан құқықты және қоғамдық шараларды ілестіруші адамдардың өмір сапты немесе іс - әрекеті.

Нормаларды толық қабылдау конформизм, ал нормадан әртүрлі ауытқу - девиация, девиантты мінез - құлық деп аталады. Барлық уақыттарда қоғам адамзағтың жағымсыз қылықтарын басуға тырысқан. Нормадан күрт дұрыс немесе бұрыс ауытқу қоғамның тұрақтылығына қауіп туғызады.

Девианттық мінез - құлық кез - келген жазылған немесе жазылмаған нормаларға сәйкес келмейтін әрекеттер мен қылықтарды тұжырымдайды. Кейбір қоғамдарда дәстүрден сәл ғана ауытқудың өзі қатал жазаланған. Шаштың ұзындығы, киім үлгісі, мінез - құлық манерасына дейін бақылауға алынып, нормаға сәйкестендірілген. Осындай әрекеттерді біздің дәуірімізге дейінгі Vг. ежелгі Спартадағы билеушілер мен XX ғ. Кеңес партия ұйымдары жасаған.

Девиациямен күрес санкилы ойлармен, жүріс - тұрыстармен күреске айналған. Дегенмен, бұндай іс - әрекеттер көбіне нәтиже бере қоймайды. Көптеген қоғамдарда девианттық мінез - құлықты бақылау симметриялы болып келмейді. Жағымды жаққа ауытқу құпталады да, жағымсыз жаққа – айыпталады. Ауытқудың позитивті немесе негативті жақтарын қарастыра отырып, оның карама - қарсы екі полюсін көрсетуге болады, яғни оның бір жағында максималды қолдамайтын мінез - құлық: революционерлер, террористер, отанын сүймейтіндер (патриот еместер), саяси эмигранттар, сатқындар, қылмыскерлер, вандалдар, циниктер, қайыршылар болады, ал, екінші жағында максималды қолдау табатын мінез - құлықтар болады. Олар: ұлттық батырлар, атакты әртістер, жазушылар, суретшілер, саяси топ бастаушылар (лидерлер), миссионерлер, т.б.

Адамдардың көбі заңмен келісімді өмір саптың сақтаса да, олардың бәрін бірдей әлеуметтік конформистер деп атауға болмайды. Американдық зерттеушілердің деректері бойынша, Нью-Йорк тұрғындарының 99% бір немесе бірнеше рет заңға қарсы әрекеттер жасаған: ұрлық, заң орындарын алдау, жұмысқа кешігу, ресми жерде шылым шегу, т.б. сияқты.

*Девиация бірнеше типтен* тұрады: девиантты, делинквентті және криминалды мінез - құлық. Девиантты мінез - құлық - әлеуметтік нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін мінез - құлықты айтады. Ол ауытқыған мінез - құлықтың бір түрі. Девиантты мінез - құлықтың көрсеткіштеріне: агрессия, демонстрация, оқудан, еңбектен бет бұру, үйден кету, ішімдік, нашакорлық, азарттық ойындар, қоғамға жат қылықтар, жыныстық жат мінез - құлық, суицид т.б. жатады.

Девиацияның екінші түрі - *делинквентті мінез - құлық*. Ол заң бұзушылықпен ерекшелінеді. Оның мынадай типтері бар:

1. Агрессивті - зорлаушылық мінез - құлық. Бұл жеке тұлғаға көрсетілетін дорекілік, төбелес, күйдіріп - жандыру сияқты жағымсыз іс -

әрекеттерде көрініс береді.

2. Ашкөздік мінез - құлық (корыстное поведение): майда ұрлықтар, қорқығып - үркіту, автокөлік ұрлау т.б. жалпы материалдық пайдакүнемдікке байланысты жат мінез-құлық.

3. Нанна сату және тарату.

Криминалды мінез - құлық заң бұзушылық болып табылады. Адам сот үкімі арқылы жасаған қылмысының ауырлығына байланысты жазаланады. Девиацияның негативті формалары *әлеуметтік патология* болып табылады: алкоголизм, токсикомания, нашакорлық, жезөкшелік, суицид, заң бұзушылық және қылмыскерлік. Олар жалпы қоғамға, айналадағы адамдарға және ең бірінші өздеріне үлкен зиян келтіреді. Мысалы, нашакорлық дертіне шалдыққан адам онсыз өмір сүре алмайтындай күйге түседі. Өзінің денсаулығын, өмірін құртып қана қоймай, жақындарының, қоршаған адамдардың өміріне де қауіп туғызады. Күн өткен сайын елімізде нашакорлыққа байланысты жасалағын қылмыстың саны күрт өсіп отырғаны ешкімге жасырын емес.

Сонымен қоғам қолдамайтын әрекеттердің барлық түрлері девианттық деп аталады. Бұл өте кең құбылыстар: көлікте билетсіз жүруден адам өлтіруге дейінгі мінез-құлықтар. Кең мағынада девиант тура жолдан тайған нормадан ауытқушы кез - келген жеке адам.

## 6.2 Девианттық мінез - құлықтың шығу себептері

XIX - XX ғасырларда девианттық мінез - құлықтың биологиялық және психологиялық себептері белгіленген. Мысалы, Италия дәрігері Цезаре Ломброзо адамдардың қылмыстық мінез - құлығы оның биологиялық ерекшеліктерімен анықталады деп тұжырымдаған. Оның айтуынша, «криминалды тип» адам дамуының ерте сатысындағы деградациялануға байланысты. Оны алдыға қарай шығып тұратын негі, селдір сакалы және ауруға төмен сезімшiлдігі арқылы анықтауға болады.

Американдық психолог және дәрігер У. Шелдон девианттық мінез - құлық адамның дене бітімімен тура байланысты деп есептеген.

*Эндоморф* (калыпты ғана толық, дене бітімі аздап домаланып келетін және жұмсақ тәнді) – ол ашық, басқалармен келісе алатын, жайдарлы адам болып келеді.

*Мезоморф* (дене бітімі сымбатты, физикалық күшті) – ол мазасыздыққа бейім, белсенді және өте сезімшiл болмайды.

*Эктоморф* (нәзік және жіңішке дене бітімді) – олар өзін - өзі сараптауға бейімді, жоғары сезімталды және күйгелек. 200-дей жастарды зерттей келе Шелдон мезоморфтар девиацияға өте бейімді екенін анықтайы, бірақ та олардың бәрі бірдей қылмыскер болып шықпайды.

Дегенмен биологиялық немесе психологиялық негіздемелер жеткіліксіз, сондықтан көптеген социологиялық зерттеулер нәтижесінде әлеуметтік факторлар да қосылды.

Девиянттық мінез - құлық социологиясының негізін қалаушы Э. Дюркгейм аномия теориясын ұсынады. Оның айтуынша, девианттық мінез - құлықтың негізгі себебі *аномия*, яғни реттеудің болмауы, норманың жоқтығы. Олардың мағынасы - қоғамдық ұйымдардың бұзылуы, құндылықтар, нормалар, әлеуметтік байланыстардың болмауы немесе олар өзара қарама - қайшылықта және тұрақты, бекімді емес. Тұрақтылықты бұзатындардың бәрі біркелкіліксіздікке, әлеуметтік байланыстардың тұрақсыздығына, коллективтік сана - сезімнің, қоғамдық тәртіптің бұзылуының туындауына, адамдардың бейберекеттенуіне әкеліп соғады. Осындай жағдай мысалы, өтпелі қоғамдарға тән болып келеді. Себебі, өтпелі қоғамда бұрынғы мұраттардың жоғалуы және өмірлік тіректердің шайқалуы тұлғаның дағдарысқа, тіпті, өзін - өзі өлтіруге әкелуі мүмкін.

Ал, Роберт Мертон аномия теориясын дамыта келе, мінез - құлық ауытқушылығының себебін қоғамның мәдени мақсаттары мен оған жетудің әлеуметтік мақұлданған жолдарының арасындағы *үйлеспеушілік (үзіліс)* деп түсіндіреді. Осылайша, ол девианттық мінез - құлықты қоғамға бейімделудің түрлері деп есептейді:

1. *конформдық* - мәдениетті мақсат пен құралдардың сәйкестенуін қарастырушы;

2. *инновация* - мақсатпен келісуші, бірақ оған жетудің әлеуметтік құралын терістеуші. Мысалы, төменгі тап мүшелері байлыққа жету жолында престижді іс - әрекет, білім, экономикалық жетістік сияқты құралдар қолданады. Бірақ та осы жолда заңсыз құралдарды қолдануға бейім болады: әрекет, алып - сату, шаптаж, наша сату сияқты;

3. *ритуализм* - мақсатты терістейді, бірақ оның дәстүрлі, қоғам қолдайтын құралдарын қабылдайды. Мысалы, формальды процедураларды абсолюттеуші бюрократ.

Ресей ғалымы К.А. Феофановтың пікірі бойынша, өтпелі қоғамға тән белгісіздік, мемлекеттік қамқорлықтың азаюы, әлеуметтік әділетсізлік, бөлшекке сенімділіктің тез келуі, жаңа капитализм «ақуаларының» тойымсыздығы ауытқушылық әрекеттің кобейюіне әкеліп соғады. Ал К. Лоренцтің пікірінше, адамға тән қатыгездік, қиратушылық, соғысқұмарлық пен күш көрсету оның филогенетикалық табиғатында тұқым қуалаушылық жолымен беріліп отырады. Бұл көзқарастарда мәдени құбылысты биологиялық заңдылықтармен түсіндіру сарыны ашық байқалып тұр.

Девиянтты мінез - құлықтың *сыртқы физикалық жағдайларына* климаттық, геофизикалық, экологиялық факторларды енгіземіз. Мысалы, шу, геомагниттік, өзгеріс, таршылық, т.б жағдайлар үрей туғызып агрессивті және басқа да қажетсіз мінез - құлықтың көрінуінің бір себебі болады. Сонымен бірге әлеуметтік орта әсерлері де өз мақалын тигізеді: - қоғамдық үрдістер (әлеуметтік - экономикалық жағдай, мемлекеттік саясат, саят - дәстүр, бұқаралық ақпарат құралдары, т.б.); - гүлдеген бар әлеуметтік топ мінездемесі (этикалық құрылым, әлеуметтік

мәртебе, референтті топ);

- микроәлеуметтік орта (отбасының өмір стилі және деңгейлері, отбасындағы өзара қарым - қатынастар типі, отбасындағы тәрбие стилі, достар, басқа да маңызды адамдар.

Бүгінгі руханияттың әлсіздеуі, адамгершілік пен парасаттың төмендеуі әдептік - құқықтық ауытқушылықтың негізі болып отыр. Шындығында, қоғамның рухани дағдарысы, ақыл - ойдың, парасаттылықтың күнсыздануы ядролық апаттан бір елі де кем емес. Ойткені, адам қоғамының жануарлар дүниесінен артықшылығы да, озықтығы да, айырмашылығы да осы адам парасатында екені белгілі. Оркениетті қоғамда ең басты құндылық - адам болып есептеледі.

Адамның қадір - қасиетінің басты өлшемін оның өз бойынан іздеу керек. Мейлі ой еңбегінің, мейлі дене еңбегінің құнымен адамның қоғамдағы алатын орны белгіленуі тиіс. Адам құны, оның сый - құрметі жеке басының әрекетімен, елге, әлеуметке жасаған қызметімен, өз қабілетін қаншалықты көпшілік игілігіне жұмсағанымен анықталуы қажет.

Нормадан ауытқу тек қана теріс бастау таппайды, оның жағымды жағы да болады. Девиация нормалардың ролін, құндылықтарды бекітеді, нормалардың көгігүрлілігі туралы көрініс береді. Девиация әлеуметтік өзгерістерге тұтқа болады, бар істердің альтернативасын, әлеуметтік нормалардың жетілуіне жол ашады.

### 6.3 Әлеуметтік бақылау

Әлеп пен заң жүйесінен ауытқу тек сыртқы әлеуметтік немесе ішкі биологиялық факторлармен ғана емес, тұлғалық өмірдегі күйзелістер мен жалған сенімдер және теріс бағыттағы ұстанымдармен де түсіндіріледі. Бұл жайттарға Қазақстандық ғалымдар А. Булатова мен З. Исмағанбетова өздерінің «Социология» атты оқу құралында ерекше тоқталып өткен.

Ауытқу тәртібі еңбек, өндіріс саласында, жеке адамдар арасында, ұйымдық қарым - қатынастарда, қызметте, жұмыста, тұрмыс - салтында, т.б жиі кездесіп отырады. Мұндай жат қылықтарға бұзақылық, ұрлық, маскүнемдік, нашақорлық, өз - өзіне қол жұмсау, жезоқшелік, т.б. жатады. Ауытқушылық тәртіптерді болдырмауға тәрбиелеу жұмысын және әлеуметтік бақылауды күшейту керек.

*Әлеуметтік бақылау* - қоғам не әлеуметтік топ өз мүшелерінің талантар мен үгіттерге қатысын конформды тәртібіне кепілдік беретін құралдар жиынтығы. “Әлеуметтік бақылау” терминін ғылыми айналымға алған рет енгізген Г.Тард бастапқыда қылмыскердің қоғамдық қызметке қайта оралуының құралы ретінде қарастырған болатын. Әлеуметтік бақылау теориясын Э. Росс пен Р. Парк жасаған. Э. Россің пікірінше әлеуметтік бақылау дегеніміз “салауатты” әлеуметтік тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында қоғамның индивидтің мінез - құлықна мақсатты ықпал етуі. Ал Р. Парк әлеуметтік бақылауды әлеуметтік күштер мен адам



табиғаты арасындағы белгілі бір арақатынасты қамтамасыз ететін құрал деп түсінеді.

*Әлеуметтік тәртіп* - индивидтердің іс - әрекеттері көрінісінің сыртқы түрі. Әлеуметтік тәртіп арқылы жеке адамның тұлғалық сапалауы, оның мәдени деңгейі, мінезі, қажеттіліктері, наным - сенімі, қозғарасы, талғамы, сондай-ақ оны қоршаған әлеуметтік өмірге, басқа индивидтерге және өзіне -өзінің қарым - қатынастары көрініс береді.

Қазіргі нарықтық жағдайда құқықтық сапаны қалыптастыру қажет. *Пайданы жеке адаммен байланыстыру* дегеніміз сол адам бақытының шамасын арттыру деген сөз. Ал *пайданы қоғаммен байланыстыру* дегеніміз сол қоғамды құрайтын жеке адамдар бақытының шамасын арттыру болып табылады. Жақсылық үнемі рахат сезіміне бөлейді, ал жамадык жанынды күйзелтеді. Заңның мақсаты – жақсылыққа қол жеткізу.

Қоғамда он құндылықтарды сақтай отырып, адамдық ынтымақтастықтың жаңа тәртібін қалыптастыру қажет. Бұл жерде мүдделер үйлесімділігі маңызды рөл атқарады.

Мемлекет, ұлт, жұртшылық мүдделермен басқа тұлғалық мүдделер бар. Олар:

- Азаттық біртұтастықты сақтау, ырық бостандығы, атақ - абырой (репутация), дербестік және сенім мен пікір бостандығы сияқты жеке адам мүдделері;
- Меншікті қорғау, өсиет қалдыру еркі, өндіріс бостандығы және келісім сияқты субстанция мүдделері;
- Некені қорғау, талап қою, ата - ана мен балалар арасындағы құқықтық қатынас сияқты ішкі қатынастар мүдделері;

Қазіргі тәрбиенің мақсаты жас ұрпақты ерікті өз бас бостандығын қорғай алатын бүкіл адамзат құндылығын бағалайтын, білімді, рухани байлығы мен мәдениеттілігін жоғары адамгершілік, имандылық, ізгілік мінез - құлық қалыптасқан, салауатты өмір сүруге дағдыланған, жаңаша ойлау қабілеті дамыған кәсіби біліктілігі мен іскерлігі жетілген, нарық еңбегіне бейім, бәсекелестік қабілеті дамыған, ұлтаралық достықты құрметтейтін, өз елінің елжанды патриот азаматын тәрбиелеу.

Жеке адам мен қоғам арасындағы әлеуметтік қатынастар әлеуметтік бақылау жағдайында қалыптасып, іске асырылады.

*Әлеуметтік бақылау* дегеніміз, оның ішінде құқықтық түрде де реттеу арқылы әлеуметтік жүйені құрайтын элементтердің өзара әрекетін реттеу жолымен қамтамасыз етеді және сол жүйенің өздігінен басқарылу тәсілі болып табылады.

Сол сияқты әлеуметтік бақылау дегеніміз – ол жеке дара адам мен (индивидтің) қоғамның, азамат пен мемлекеттің өзара қатынастарын реттейтін құрал. Әлеуметтік бақылау шеңберіндегі әлеуметтік қатынас дегеніміз, ол – субъекті (адам, адамдардың алуан топтары мен

бірлесіктері, т.б.) мен объектінің (сырт дүниенің) жай ғана қатынасы емес, бұлар әр түрлі сипаттағы элементтердің өзара қарым - қатынастары.

Сойтын әлеуметтік бақылау дегеніміз, ол индивидтердің әлеуметтік тәртібін тек саяси мекемелердің ғана тұрғысынан емес, сонымен қатар басқа да әлеуметтік мекемелердің (яғни, білім берудің, мәдениеттің, мораль, т.б.) қарапынан да реттеу болып табылады.

Әлеуметтік бақылау – топтың, ұжымның, қоғамның тұрақтылығын, бірлігін сақтайды.

Адамның іс - әрекеті деп, оның мұқтажлығы мен алдына қойған мақсаты жүзеге асыруға бағытталған әрекеттердің жиынтығын айтамыз.

*М. Вебер* атап көрсеткендей, адамның мінез - құлқы деп, оның іс - әрекетінің, қызметінің сыртқы көрінісін айтады. Оның негізгі үш түрі болады:

- а) инстинктивті
- ә) қаранайым
- б) әлеуметтік

Мінез - құлықтың бірінші және екінші түрі көбінесе саналы, ерікті емес түріне жатады, оның әлеуметтік мәні болмайды.

Мінез - құлықтың мұндай түрлерін, психология ғылымы зерттейді. Екінші жағынан, кейбір осындай тәртіптің түрлерінде әлеуметтік жақтар болуы мүмкін. (Мысалы, білместіктен, байқаусыздан жасалған қылмыстар). Мінез - құлықтың саналы өз үлгісі тек адамға тән. Ол адамның ақыл - ойдың көмегімен еркін бақылауы арқылы іске асырылады. Сондықтан оның әлеуметтік маңызы және әлеуметтік мәні болады.

## 7-ТАҚЫРЫП:

### ЕҢБЕК - ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ ОБЪЕКТІСІ РЕТİNДЕ

#### 7.1 Еңбек социологиясының пәні

Еңбек – адам өмірінің бірден - бір маңызды сферасы болып табылады. Бүгінде көптеген дамыған елдерде адам өмірінің 20 пайызынан 30 пайызына дейін еңбек етуге жұмсайды.

Еңбек социологиясы жұмыс істеуші адам қандай қарым - қатынастарға түседі және осы қарым - қатынастардың қайсысы жемісті еңбек етуге қомақтеседі, қайсыбірі оған кедергі жасайтындығын зерттейді. Еңбек социологиясының объектісі тағы да еңбек адамға қандай талаптар қояды, технологияның өзгеруі еңбек қарым - қатынасына қандай өзгерістер кіргізетінін зерттейді. Еңбек социологиясы жұмысшы мүмкіндіктерін таппып білуге, оларды тиімді пайдалану шарттарына, өндірістік қызмет процесінде жеке мүдделер мен қоғамдық мүдделерді үшғастыру жолдарына назар аударады.

Өрине еңбек социологиясы еңбектің барлық сапасын зерттейді, тек қана еңбек барысындағы адамдардың қарым - қатынасын, әлеуметтік процестерді ғана зерттейді.

Еңбек социологиясы қазіргі кезеңде, индустриалдылыққа дейінгі және индустриалдылық заманнан постиндустриалдылық заманға оту барысында - қолмен еңбек ету түрінен немесе механикаланған еңбек ету түрінен автоматтандырылған еңбек ету сатысында аса маңызды рөл атқарады. Ғылыми-техникалық революция тек адам еңбегін түбірінен өзгертіп қоймайды, ол бүкіл қоғамның әлеуметтік құрылымын және адамның өмір сүру сипатына да әсерін тигізеді. Өйткені еңбек социологиясының туындауы, оның жеке сала болып қалыптасуы капитализмнің дамуының, еңбек процесіне қатысушылар арасында қарама - қайшылықтардың пайда болуының салдары. Жоғарыда көрсетілген қоғамдағы өзгерістер адам өмірінде барлығы тек қана ақшамен шектелмейтіндігін көрсетті. Материалдық қызықтырушылық бірден - бір, тіпті, шешуші рөл атқарады, бірақ өндірістің жеткілікті дамуын қамтамасыз ете алмайды. Өйткені, адам тек қана homo economicus (экономический человек) емес, ол ойлаушы адам (мыслящий), оның жынысы, жасы, ұлты, біліктілігі, қажеттіліктері, көңіл - күйі, қозғалыстары, қызығушылықтары, талпыныстары бар. Адам - тек қана жұмысшы емес, ол тұлға.

Еңбек социологиясының мақсаты - еңбек саласындағы әлеуметтік процестерді зерттеу және өндірістік - еңбек іс-әрекеті аясында адам мен коллективтің жұмыс істеуіне оңтұмалды жағдай жасауға арналған ұсыныстар дайындау және осы тұрғыда неғұрлым жоғары әлеуметтік - экономикалық жетістіктерге жету жолдарын қарастыру, мысалы, өнімнің сапасын жоғарылату және еңбек өнімділігін арттыру, адамдардың сұранысын неғұрлым қанағаттандыру.

Еңбек социологиясының ғылым ретіндегі міндеттері - өндірісте болып жатқан процестер мен құбылыстардың заңдылық байланыстарын ашу және оның жұмыс атқарушылардың еңбек өнімділігіне деген ықпалын анықтау, осы байланыстар туралы білімдерді жүйелеу, өндірістің тиімділігін көтеру үшін осы білімдердің әдістерін, формаларын және құралдарын дайындау.

Еңбек социологиясы еңбек аясына қатысты, әлеуметтік құбылыстар мен процестерді зерттеудегі комплексті тәсілдерді негізге ала отырып, социологиялық ғылымның принциптерін, категорияларын, ұғымдарын қолланады.

Еңбек социологиясының арнаулы социологиялық теория ретіндегі мәні - әлеуметтік - еңбектік қарым - қатынастардың құрылымы мен механизмдері, еңбек аясындағы әлеуметтік процестер.

Енді осы еңбек социологиясындағы аса маңызды ұғымдардың мағынасын жете түсіну үшін еңбекті жаны оқытудағы экономикалық және социологиялық қозғалыстардың, келісімдердің салмағын анықтау қажет. Өндірістік қатынастар еңбектік және құндық қатынастардың, яғни

экономикалық және мүліктік қатынастардың бірлігінен тұрады. Еңбектік қатынастар өндірістік қатынастардың элементі ретінде болып, өз кезегінде екі аспектіден қарауы мүмкін: функционалдық және социологиялық.

Еңбек процесіне қатысушылардың арасында қалыптасушы функционалдық қатынастар аспектісі қоғамдық бөліністерге және еңбек кооперациясына негізделіп, жұмысшы күштердің сандық, профессионалдык, біліктілік құрамдарын қалыптастыру арқылы анықталады.

Социологиялық аспект дегеніміз еңбектің қоғамдық бөлінуінің негізінде әлеуметтік топтар мен жұмысшылардың әлеуметтік жағдайының теңдігі мен теңсіздіктің болуындағы (ұқсастық пен басқалық) қатынастар. Яғни еңбек социологиясының қарастыратыны осы қатынастар.

Еңбек социологиясының ролі мен оның алатын орнының екі көзқарасын қарастырамыз - танымдылық және практикалық тұрғыдан.

*Еңбек социологиясы келесі мәселелерді зерттейді:*

- жұмыскердің еңбекке деген қатынасы;
- кәсіптік мобильділік (жылжымалылық);
- кадрлардың ағымы, еңбек тәртібі;
- еңбектің және әртүрлі мамандықтардың престижілігі, әлеуметтік тұрғыдан қарастырылғандағы профессионалды білім мәселесі;
- өндірісте техникалық және ғылыми прогрестің әлеуметтік тұрғыдан қаралуы және осыған тепе-тең еңбек жағдайларының қарастырылуы (физикалық орта, әлеуметтік жағдай, еңбек уақыты, төлем және т.б.).

Еңбек социологиясының негізгі категорияларына еңбек мазмұны, еңбек сипаттамасы, еңбекке қойылатын шарттар, еңбек түрлері, еңбекпен қанағаттану жатады.

*Еңбек мазмұны* категориясы профессионалды еңбек қабілетін көрсетеді және істелінген жұмыс құрамын, қиындығын, орындалуын анықтайды.

*Еңбек сипаттамасы* - оның әлеуметтік - экономикалық жағы, еңбекті ұйымдастырудың қоғамдық түрі, жұмыскердің еңбекке қатынасы.

*Еңбек шарты* категориясына адамның еңбек ету қабілетіне, денсаулығына, дамуының барлық түріне және ең алдымен еңбекке қатынасына, оның тиімділігіне әсер ететін өндірістік орта элементтерінің қосындысы жатады.

*Еңбек түрлеріне* қол жұмысы, механикаландырылған, автоматтандырылған еңбектер жатады.

*Еңбекпен қанағаттанушылық* - еңбек мазмұны, сипаты мен шарттарына қатысты қойылған талаптар мен бұл сұраныстарды жүзеге асыру мүмкіндігін субъективті бағалаудың баланста болу күйі.

Қазіргі кезеңде социологтардың зерлесінде екі комплексті мәселе тұр, олар: *адамдардың еңбекке қатынасы; әртүрлі жұмыс түрлеріне деген ұстанымдардың өзгеруі*



Осы уақытқа дейінгі зерттеулер негізінен өндіріс сферасына байланысты болып, еңбекке деген мотивация, ұстаным, еңбек өнімділігінің әлеуметтік аспектісі тәрізінде ұяланып келді. Бірақ та қазіргі заманда бұл көзқарастар жеткіліксіз. Бұған қоса кейбір дәстүрлі және кейінгі кезде шыққан мамандықтардың идеологиясын зерттеу қажет. Ойткені қоғамның басты әлеуметтік жүйесі (подсистема) ретіндегі еңбекте еңбек процесіне қатысушылар арасында көптеген әлеуметтік қарым - қатынастар жүзеге асып жатады.

## 7.2 Еңбек еңбекші қоғамның социологиялық теорияларында

Еңбек классикалық социологияның негізін қалаушы А. Сен - Симонның социологиялық теоретикалық құрылымдауының негізі болып табылады. Феодалдық қоғамның мақсаты жаулап алу, ал өндірістік қоғамның мақсаты қоғамдық игіліктің негізі болып табылады. Еңбектің бөлінуі өндірістік қоғамның таптық құрылымын, оның саяси ұйымдасуы мен басқару формасын анықтайды. Өндірістік қоғамның да негізгі таптары, бір жағынан оқымыстылар мен суретшілер, ал екінші жағынан, жер иелері, кәсіпкерлер мен саудагерлер болып табылады. Осы үш топ өндіруші тапты құрайды.

«Өндіруші монархияның» жақтаушысы бола отырып, Сен - Симон өндіруші қоғамның әлеуметтік құрылымын пирамида ретінде анықтайды. Бұл пирамиданың негізін қалаушылар - қол еңбегімен айналысатын жұмысшылар, содан соң өндіріс жетекшілері, өндіріс процесін жетілдіруші және оның аймағын кеңейтуші оқымыстылар, өндірістің барлық өнімдеріне жақсы талғам беретін өнер үлесі. Бұл пирамида шыңында патшалық билік тұрады.

Феодалдық жүйеден өндіруші жүйеге оту басқарудың өкіметтік жүйесін әкімшілікке өтуді білдіреді, оны іске асырушы ретінде тап танылған. Әкімшілік басқарудың негізгі принципі мынада: жетекші «қоғамдық капиталды жоғарылату үшін, қоғам мүшелерінің басым көпшілігінің қолдауы мен мақұлдауын алу үшін басқару қажет. Сонымен бірге, әкімдер өз іс-әрекеті қоғамға құнарлы түрде әсер етеді деген ұстаным мен дәлелді ғана пайдалана алады. Әкімдердің билігі әскери күште ғана бола алмайды.

Сен-Симон, еңбекті тікелей социология негізіне орналастырған классикалық әлеуметтік ойдың негізін қалаушы болып шықты. Еңбектің бөлінуі, оның ерекшелігі барлық таптың құрылымды билеу жүйесін, басқару принципін анықтайды. Дәл Сен-Симон социологияға «өндіріс парадигмасын» енгізді, ал оны белгілі мағынада жалғастырушылар деп К. Маркс пен М.Веберді санауға болады.

Э. Дюркгейм үшін еңбек базистік әлеуметтік түсінік болып табылады. Дюркгеймнің социологияға қызығуының негізгі объектісі – ынтымақтастық.

Дәстүрлі қоғамнан индустриалдық қоғамға өтуді Дюркгейм еңбектің әлеуметтік бөлінуі процесі немесе «құрылымдық дифференция» ретінде қарастырады, оның шеңберінде экономикалық жүйенің отбасынан, жұмыс орнының үйден бөлінуі, дәстүрлі қоғамда әлеуметтік өзара әрекеттесу негізі болып табылатын дәстүрлік «ұжымдық соманың» бұзылуы жүзеге асады.

Дюркгейм, қоғамдық даму тарихында ынтымақтастықты екі түрге бөледі:

1. механикалық;
2. органикалық.

Механикалық ынтымақтастық дәстүрлі қоғамға дәл мұндай қоғамдағы өзара әрекеттесу мен өзара байланыстың негізі болып психикалық типтің жалпылығы немесе ұжымдық типтің болуы саналады. Олар өз кезегінде ұжымдық мақсаттар мен сананың болуымен шартталады. Қарапайым қоғамдарға индивидуалдық және ұжымдық сана сәйкес келеді. «Осы жерден өзінше ерекше ынтымақтастық туындайды, ол индивидті тура қоғаммен байланыстырады... біз оны механистік деп атауды ұсынамыз».

Ынтымақтастықтың әр типіне қоғам типі сәйкес келеді. Дюркгейм әлеуметтік ұйымды ынтымақтастықтың нақты типімен байланыстырады. Мұнымен ол қоғамдық құрылымның белгілі - бір негізін көрсетеді: басында жалғыз болған механикалық ынтымақтастық прогрессивті түрде өз негізін жоғалтады, біртіндеп органикалық ынтымақтастық басымшылдық алып келеді. Тарихи заң міне осындай.

Дегенменде, дәл осы еңбек кең мағынада, функционалды әлеуметтік іс-әрекет ретінде, оның әлеуметтік рефлексиясы жатыр. Бұл тұрғыда Дюркгейм қазіргі заманғы зерттеуші ойшыл болып саналады. Себебі ол қоғамды тар мағынада қарастырмай, оның әлеуметтік табиғатын анықтайды. Өндіріс парадигмасына көңіл қоймай-ақ еңбектің функционалды, кәсіби бөлінуі концепциясы арқылы модернистік қоғамды еңбекті деп атағандардың бірі Дюркгейм болды.

М. Вебердің еңбектік қоғамы. Вебер дәл О. Сен-Симон сияқты капиталистік еңбек қоғамын батыс өндіруші капитализмнің дамуы мен генезисі деп есептейді. Ол қоғам өміріндегі шаруашылық приоритетінен шыға отырып, оны индивидтің әлеуметтік және экономикалық мінез - құлығы арқылы талдайды. Оның ерекшелігі – «капитализм рухы» концепциясы арқылы беруге тырысады. «Капитализм рухы» нормативті шартталған және қабылдау мен мінез - құлықтың этикалық бейнеде көрінетін белгілі - бір өмір сүру стилі болып табылады. Бұл өндіріске өндіру мен жұмысты рационалды капиталистік ұйымдастыру түріндегі капитализм рационалды пайдалануға бағытталған әлеуметтік шаруашылық әрекеттің белгілі - бір типі.

Капитализм рухының даму негізін рационализация процесі қалайды. Рационализация – бұл, іс - әрекеттегі норма мен ережелер жүйесін,

эрекеттер стереотиптері мен шешім қабылдау арқылы реттеу процесі. Ол ғылым мен техниканы, құқық пен басқаруды, экономикалық есеп пен қадағалауды, рационалды қожалық мінез - құлықты қамтиды. Веберлік бюрократия концепциясы менеджеризмнің түрлі концепцияларының теоретикалық негізі болды. *Классикалық менеджеризм өкілдері* – Дж. Бэрнзм мен Э. Берль. Менеджеризмнің қазіргі күнші модификациясы посткапитализм теориясы, оның негүрлым танымал өкілі – Р. Дарендорф.

Веберлік меншіктік қатынасты социологиялық талдауда мәнісіз ретінде түсіну және де капитализм мен социализмді «бюрократияның екі жағы» ретінде қарастыру индустриалдық қоғам концепциясының негізін қалады. Бұл концепцияның екінші теоретикалық бастауы ретінде Маркстің өндіріс тәсілі концепциясы болды. Оның ішінде өндірістік қатынастар арасындағы сәйкестік тұжырымдалды.

### 7.3 «Еңбекке қатынас» түсінігінің мазмұны мен құрылымы

Еңбекті физикалық және ақыл - ойлық деп бөлу осы уақытқа дейін көптеген теориялардың қағидасы болып келген. *Физикалық еңбек* материалдық құндылықтарды, *ақыл - ой еңбегі* рухани құндылықтарды туғызады. Бірақ та таза күйде ақыл - ой еңбегін бөліп қарастыруға болмайды. Мысалы, театралды қойғылымдар жасау үшін декорация жасау керек, дәрігерге қажетті құралдар, мұғалімге бор, тақта, қағаз - қалам алу керек және т.б. Сондықтан таза түрде физикалық немесе, ақыл - ой еңбегі жоқ. Тек физикалық үстемірек немесе, ақыл - ойы үстемірек еңбек деп айтуға болады. Шындығында еңбектің осы екі түрі тұтас болып келеді, яғни ол адам еңбегі. Дегенмен де олар атқаратын функцияларына, сипатына қарай бөлінеді және оларды әртүрлі адамдар, яғни қоғамда алатын әр түрлі үлесі бар, әр түрлі әлеуметтік жағдайы бар адамдар атқарады.

Еңбектің жана тұрғыдан алғандағы анықтамасын *Ресей социологы Н.С. Новоселов* «адам мен табиғат арасындағы, сонымен қатар адам мен қоғам арасындағы мақсатты, саналанған процесс» деп береді.

*Еңбектің мақсаты* – материалдық және рухани құндылықтарды жасау. Әрине еңбек социологиясының нысаны еңбек. Бірақта еңбек әр түрлі ғылымдар (биологиялық, экономикалық, медициналық) тұрғысынан әр түрлі көзқараста қаралады. Ал әлеуметтану тұрғысынан алғанда еңбекті адамдар арасындағы өзара іс - әрекеттер мен қатынастар тұрғысынан қарастырамыз. Сонымен қатар еңбектің қарама - қайшылықтары да бар. Бірден - бір және *негізгі қайшылығы* – әлеуметтік тұрғыдан алғанда қоғам еңбектенбей өмір сүре алмайды, ал жеке адам үшін ол мүмкін. *Екінші* қайшылығы адамдар жеке - жеке еңбектенеді, бірақ еңбек соңында қоғамдық сипат алады. Оған мысал, өндірістер: әртүрлі кәсіпорындар бір механизмді іске асыру үшін әр - түрлі детальдармен бастапқы өндірісті қамтамасыз етеді. Соңында ол үлкен бір машинаға немесе агрегатқа айналады. Сондықтан белгілі бір өндірістік ұйымдастыру қажеттілігі

туады. Бұл тағы екі жақты болып келеді: технологиялық жағы – жеңілірек, мысалы қанша станок қажет, қандай әдістер қолдану тиімдірек деген сияқты. Өндірісті ұйымдастырудың әлдеқайда қиынырақ түрі - адамдық жағы. Мысалы, жұмыс түрі ұнамағандықтан жұмыскер жұмыстан шығып кетеді, енді біреуі жаман қоніл - күйде болады, немесе шешуші цех көтеріліс жасау туралы шешім қабылдаса директор немесе басқарушы қандай іс - әрекет жасау керек? Осындай сұрақтар өндіріс жетекшісінде күнделікті туындап отырады және оларды шешу инженерлік - техникалық жұмыскерлердің жұмыс күнінің жартысынан көбін алады. Бұл өз ретінде өндірістің өнімділігінің төмендеуіне алып келеді. Еңбекті өндірістік ұйымдастыру адамдар арасындағы өзара әрекеттесудің көбірек келісімділігін қажет етеді. Адамдардың барлығы бірдей жұмыс атқаруы керек, бірақ та адамдардың өздері әртүрлі. Экономикалық ғылым тұрғысынан алғанда адамдардың бәрі бірдей жұмысшы күш, ал әлеуметтану тұрғысынан жұмысшы күш мыңдаған жеке адамдардан – әйелдерден, ер адамдардан, қазақтардан, орыстардан, жастардан, көрілерден, мамандардан, бойдақтардан және т.б. тұрады.

Еңбектің *үшінші* қайшылығы адам өндірісте осы еңбектің түрін ұнағандықтан жұмыс атқармауы мүмкін, оған тек табыс көзі ретінде ғана қарайды. Бұл өнім тек мемлекетке, қоғамға қажет, жеке бір адам үшін жалақы алу үшін ғана қажетті. Бірақ бұл еңбек процесі жеке адамға мүлде ұнамайды деп айтуға болмайды. Осының бәрі дұрыс, бірақ та қоғамның мақсаты, өндіріс иелерінің мақсаты, жеке адамның мақсаты әртүрлі. Егер оларды келістірмесе өндіріс жұмыс жасай алмайды.

Сондықтан, еңбек социологиясының өзекті мәселелерінің бірі жұмыскердің *еңбекке қатынасы*, оған жұмысының, мамандығының ұнауы немесе ұнамауы. Осы мәселелерге жұмыстың сапасы тікелей байланысты болады. Мысалы, батыста жұмыскерлердің еңбекке деген қатынасын жақсартатын әртүрлі – патернализм, адамзаттық қатынас теориялары, әртүрлі қатығыстарды шешу теориялары, менеджеризмдік революция сияқты тәсілдерді қолданады.

Еңбекке қатынас - күрделі әлеуметтік құбылыс, ол үш элементтің бірлестігі болып келеді:

- еңбектік мақсаттың бағдары мен мотивтері;
- шынайы немесе нақтылы еңбектік мінез - құлық;
- жұмыскердің еңбек жағдайын бағалауы.

Қандай факторлар адамдардың еңбекке қатынасын анықтайды?

Бірінші – *еңбек нәтижелеріндегі материалдық қызығушылық;*

Екінші – *еңбектің мазмұны, мағынасы.*

Ағылшын газеті «Тудейдін» жазуына, медициналық зерттеулер нәтижесінде өз мамандығына селкөс, еңсар қараушы адамдар арасында инфаркт алу ризиі молшыермен алғанда төрт есе жиірек кездесетін көрінеді. Қазіргі кезде біз алғасына 40 сағаттай уақыт жұмыс атқаруға жұмсаймыз. Егер ұйқыны есептемесек серіктік уақытымыздың тура жартысы



жұмыста отеді. Сондықтан қандай жағдайда, қандай еңбектік құралдармен жұмыс атқаратынымыз маңызды рөл атқарады. Яғни еңбектің мазмұны, мәні ретінде еңбек процесінің ақыл - ойлық операциялармен, шығармашылық элементтермен толымдылығы түсініледі.

Әрине, қиын, қызық, интеллектуалды толымды еңбек бәріне бірдей ұнай бермейді. Мысалы, 2005 жылы социологтардың зерттеуі бойынша автоматтандырылған өндірісте 79,2% жастар болса, 40 жастан жоғары жұмыскерлер арасында 50% астамы механизациялау жағдайы туындаса бұрынғыдай қолмен жасай беруді жақтайды, 50-55 жастағы жұмыскерлердің 40%-і еңбек сипатындағы өзгерістерге мүлдем қарсы.

Үшінші фактор – *еңбек шарты*. Қазіргі білімді жұмыскер өзі үшін лайықты шартта жұмыс атқарғысы келеді. Денсаулықтан басқасын сатып алу мүмкін екендігін түсінеді. Еңбек шартын жақсартудың эффектілігі неде? Ленинградтық социологтардың зерттеуі бойынша біріншіден, еңбек шарты бойынша әлеуметтік дифференциацияны қысқарту. Екіншіден, ғылыми - техникалық прогреске «әлеуметтік тапсырыс» жасауды жүзеге асыру. Үшіншіден – денсаулықты қалыпты медико - физиологиялық көрсеткішке келістіру. Төртіншіден – еңбекке қатынасты жақсарту. Өндірісте еңбек шартын, экологиялық жағдайды жақсартатын арнаулы бағдарлама болуы қажет.

Төртінші фактор – жұмыскерлердің еңбекке қатынасын анықтауда өндірістің әлеуметтік - психологиялық климаты үлкен рөл атқарады. Жақсы әлеуметтік - психологиялық климат салмақты экономикалық маңыз атқарады.

Бесінші фактор – ол моральдық категория қанағаттанушылық. Бұл категория қазіргі уақытта экономикалық көрсеткішке үлесін отыр. Бір операциядағы көрсеткіштердің айырмашылығы 40-70% құрайды, оның жартысы әртүрлі квалификация, еңбек стажы болса, жартысы әртүрлі еңбекке қатынастардың арқасы.

Алтыншы фактор – айлық.

Жаңадан шығып келе жатқан факторлардың ішінде, әсіресе жастар арасында Ресей зерттеушілерінің айтуынша жоғары деңгейде өзінің төменгі сұранысын, қажеттілігін қанағаттандыру үшін:

- қызық, мағыналы, шығармашылық еңбек;
- өзі үшін құрметті коллектив;
- беделді адамның басқаруы;
- біліктілігі мен жалпы білімін көтеру мүмкіндігі;
- бос уақытының көбеюі;

-қызықты - беделді адамдармен қарым - қатынас жасау мүмкіндігі алдыңғы орындарды алады.

Интеллигенттер үшін осы «материалдық емес» факторлардың маңызы зор. Өйткені интеллигенттердің қызметін есепке алу қиын. Оның еңбегі белгілі бір тарифпен бағаланады. Сондықтан карьера жасау мүмкіндігі, шығармашылық мүмкіндігі, өсу мүмкіндігі, өмірде табысқа жету

мүмкіндігі үлкен рөл атқарады. Сонымен қатар жұмыскерлердің әр түрлі белсенділіктері оның еңбекке қатынасын анықтаушы категориялар ретінде қолданылады.

*Әлеуметтік белсенділік* – ішкі саралауға негізделген әрекеттердің қажеттілігі, жұмыскерді қайта өндіруші іс - әрекетінің әлеуметтік мөлшері олардың мақсатты қоғамдық қажеттіліктерімен анықталады.

*Еңбектік белсенділік* – әлеуметтік белсенділіктің негізі, анықтаушы түрі. Ол жұмыскерлердің қоғамдық өндіріске тартылуынан және еңбек өнімділігінің үнемі өсуінен, олардың еңбек іс - әрекетінің нақты бір түрін атқаруда өздерінің физикалық және ақыл - ойлық мүмкіндіктерін, білімін, етгіліктерін, қабілеттерін жүзеге асыру дәрежесінен көрінеді.

*Қоғамдық - саяси белсенділік* қоғамдық - саяси іс - әрекетке араласудың, өндірісті басқарудың кеңейуімен байқалады. Бұл араласу – қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру, әр түрлі сұрақтарды талқылау, дауыс беру және т.б.

*Танымдық - шығармашылық белсенділігі* білімділік және біліктілік деңгейінің жоғарылауынан, қоғамдық өмірдің барлық сфераларында шығармашылық бастауды мақұлдаушы, ізденуші тұлға қалыптасуынан көрінеді.

*Еңбекті бағалау* – жұмыскердің ішкі күйі, ол жұмыскердің іс - әрекетімен, оның қоршаған ортамен қанағаттануымен (шарттар, жалақы, еңбек нормалары т.б.) шарттанған.

Еңбекке қатынасты зерттеудің *мақсаты* – бұл оның қалыптасу механизмдерін анықтау және оларды басқару. Бұл жерде маңызды мезеттер – еңбекке қатынасты қалыптастыратын факторларды зерттеу және олардың жұмыскердің өндірістік көрсеткішіне әсер ету мөлшерін анықтау.

Әлеуметтік - еңбектік қарым - қатынастар негізіне байланысты топталуы мүмкін. Олардың ішіндегі ең маңыздылары – еңбек іс - әрекетінің мазмұны; қарым - қатынастарды тасушы немесе субъект, биілік, биліктің көлемі; кірістерді бөлудің сипаттамасы; қарым - қатынастарды шектеудің дәрежесі; еңбек процесі барысында жұмыс атқарушылардың бір - бірімен сөйлесу, қатынасу түрлері.

Әлеуметтік - еңбектік қарым - қатынастардың пайда болуына негіз болған әртүрлі еңбектік функциялар мен осы еңбекті атқарушы жұмысшылардың профессионалды - біліктілік деңгейімен сипатталатын еңбек іс - әрекетінің мазмұны.

Әлеуметтік - еңбектік қарым - қатынастар осы қатынастардың субъектілерінің сөйлесу, қатынасуынсыз мүмкін емес.

Субъектілерінің сөйлесу, қатынасуының үш жағы бар, олар:

- ✓ перцептивтік
- ✓ коммуникативтік
- ✓ мінез - құлықтық.

*Перцептивтік* – жұмыс атқарушылардың бір-біріне қабылдауына және осы орайда бір-бірімен түсінушілік орнатуына байланысты.

*Коммуникативтік* – өндірістік ақпарат алмастыруға байланысты.

*Мінез - құлықтық* – әрекеттер ауыстырумен жұмыс атқарушылар арасында өзара әрекет ұйымдастыруға байланысты.

Еңбек социологиясы үшін осы мінез - құлықтық қатынас маңызды. Оның екі түрі болуы мүмкін: 1. тікелей, тұлғаралық – бетпе бет, 2. жанама, тұлғасыз қатынас, яғни орындалып жатқан іс-әрекеттер, зат арқылы қатынасу.

Адамның еңбек әрекеті XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жүйелі ғылымның объектісі бола бастады. Осындай зерттеулерді американдық инженер Ф.У. Тейлор бастады. Оның негізі рационалды әдістен өндірістік операцияларды іздеу болып табылады.

XX ғасырдың басынан өндіріс коллективі туралы, персоналды ұйрету, өндіріс әдісін көтеру, еңбек шарттарын жақсарту, кәсіпорын жұмыскерлерінің қарым - қатынасын жүйелі басқару жеке кітаптар болып немесе мақалалар ретінде газет беттерінен жарық көре бастады.

#### **7.4 Ғылыми – техникалық революция және еңбек**

Қазіргі кезде бүкіл дүние жүзінде болып жатқан және де адамзат тақырыбына негүрлым көп әсер етуші әлеуметтік - экономикалық процестердің маңыздыларының бірі *ғылыми - техникалық революция* болып табылады (ҒТР).

*ҒТР деп біз өндірістік күштердің даму заңдылықтарының терең өзгерістеріне әкелетін ғылым мен техникадағы өзара байланысқан түбегейлі төңкерістерді түсінеміз.* Ал өндірістік күштердің даму заңдылықтарының өзгеруі қоғамдық қатынастардың даму заңдылығының өзгеруіне әкеледі.

Бұл революция XX ғасырдың алғашқы жартысында басталды. Көптеген оқымыстылар оның басталуын 1945 жылдың басындағы ҒТР алғашқы өнімі – атом бомбасын жасау жылымен белгілейді.

ҒТР алғашқы және негізгі қыры - ғылымды тікелей өндірістік күшке айналдыру. ҒТР-ға дейін де ғылым бар болған және қандай да бір мөлшерде өндіріске әсер еткен. Алайда техниканың дамуы таныс техникалық принциптерді жетілдіре отырып қолдану арқылы жүрді (мысалы, машина құрылысында металды кесу, жеңіл өнеркәсіптегі токымашылдық т.б.). Іс жүзінде сол кезде ойлан табылғандардың барлығын жұмысшылар мен қатардағы инженерлер жасаған (Д. Уатсон бу машинасы, Дж. Стефенсонның паровозы, Р. Фултонның пароходы). Олардың жасалуына теоретикалық құрастырулар алғы шарт болған жоқ, ойлан табылғандардың барлығы атакты «сұрту» әдісі арқылы жасалды, көбінесе кездейсоқ болды. Эмпирика үстем болып тұрды.

Өндіріс пен оның технологияларының күрделену мөлшеріне қарай адам табиғатың негүрлым терең және жасырын заңдарын қолдануға мәжбүр болды. Өндіріс дамуында техника мен ғылым орындарын

алмастырды, ғылым техниканың алдында жүретін болды. Бұл – ғылымның тікелей өндірістік күшке айналуының бірінші белгісі.

Екінші белгі өндірістік күштердің даму сипатының өзгеруінде. Техникалық прогресс енді ескі технологиялық принциптерді жетілдіре қолдану жолымен емес, жаңа технологиялық принциптерді, жаңа энергия өндіріс бастауларын, жаңа материалдарды ашу жолымен жүреді. ҒТР жағдайында эволюциялық емес революциялық, яғни, гүбегейлі ғылыми - техникалық төңкерістер жолымен дамиды.

Ғылымның өндірістік күшке айналуының үшінші белгісі – ғылыми жетістіктерін өндіріске ендірудің шектен тыс жылдам болуы.

Фотография принципін ашудан (1727ж.) алғашқы фотографияны алуға дейін (1839) 112 жыл өтті. Электромотор принципін ашудан осындай машинаны жасауға дейін - 57 жыл, телефон принципін ашудан телефонды қолдануға дейін – 56 жыл өтті.

Адамның еңбек әрекетін теоретикалық және социологиялық зерттеулердің нәтижесінде және осы салада әлеуметтік процестер мен құбылыстар туралы көптеген ілімдердің жинақталуы арқасында еңбек социологиясы жеке ғылыми тармақ болып қалыптасқан.

### **8-ТАҚЫРЫП: ОТБАСЫ СОЦИОЛОГИЯСЫ**

#### **8.1 Отбасы және оның қоғамдық рөлі**

Отбасы - қоғамдық қатынастар мен процестердің алуан түрлі формалары біртұтас болып ұшғасатын кешенді әлеуметтік құбылыс болып табылады. Сондықтан да әлеуметтік құбылыс бола отырып, ол адамзат өмір сүру жағдайына қарай құрылып, оның дәстүрлері мен әдеттері ғасыр өткен сайын жаңа сипатта көрініс береді. Отбасын әлеуметтану ғылымында былай деп көрсетеді: «отбасы дегеніміз – тарихи өзгеріп отыратын әлеуметтік топ, оның жалпы белгілері – ботен адаммен жыныстық байланыс орнату, туыскандық қатынастар жүйесі, адамның жеке - дара азамгершілік сапаларын қалыптастырып дамыту, белгілі бір экономикалық қызметті іске асыру». Яғни, адамзат отбасын құра отырып, сол шағын мемлекетке әлеуметтенеді, отбасылық құндылықтар қалыптастырады және әдет - гұрып дәстүрлерін дамытады. Отбасының жоғарыда келтірілген анықтамасы бойынша, ол - отбасындағы қатынастар, отбасының құрылымы мен формасы тарихи өзгеріп отыратын әлеуметтік топ.

Отбасы - әлеуметтік жүйе, алайда әлеуметтік институт және кіші әлеуметтік топ ретінде қарастырылады. Отбасы әлеуметтік институттың алғашқы сағысы болғандықтан тұлға өмірін әрдайым қолдап отыруы қажет. Себебі, осы әлеуметтік ортада әр баланың ата - анаға деген



сүйіспеншілігі шексіз, шартсыз, кіршіксіз болып табылады. Егер бала өмірінің алғашқы жылдарында ата - анасының сүйіспеншілігі оның өмірі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етсе, өсе келе ата - ана махаббаты адамның ішкі, эмоциялық және психологиялық әлемінің қауіпсіздігі мен қолдау қызметін атқарады. Әлеуметтік институт ретінде отбасы әлеуметтік норма, тәртіп үлгілерімен сипатталады. Ата - ана, балалардың, туыстардың қарым - қатынасын реттейді. Неке және туыстық қатынасқа негізделіп отбасы кіші әлеуметтік топ болып саналады.

«Отбасы» ұғымы «неке» ұғымымен тығыз байланысты. Әлеуметтануда неке дегеніміз - отбасын қалыптастыру мен оған қоғамдық бақылау жасаудың дәстүрлі тәсілі, жыныстардың, еркек пен әйелдің арасындағы бір - біріне және өз балаларына, ата - анасына қатысты құқықтары мен міндеттерін белгілейтін қатынас формасы.

Некенің төмендегідей формалары бар:

*моногамия* - бір еркек пен бір әйелдің арасындағы неке;

*полигамия* - бір индивид пен бірнеше индивидтің арасындағы неке.

Некелік серік тандаудың екі түрі бар: эндогамия (серіктер бір топтың ішінде) және экзогамия (неке мен белгілі бір топтан тыс, мысалы, рулар арасында болады).

Нормативті актілерде некеге анықтама берілмейді және оның құқықтық табиғаты жөніндегі мәселе осы күнге дейін заңдылықтарда да, құқықтық доктринада да шешілген жоқ. Неке туралы үш түрлі қозғарас айтылып жүр: *неке - келісімшарт*, *неке - мәртебе*, *неке - сыбайластық*.

Жұбайлардың мүлік режимін белгілейтін неке келісімшартына отыру жағдайы келісімшарт тұжырымдамасының пайдасы үшін жеткілікті дәлел бола алмайды, өйткені некенің *мақсаты - отбасын құру, бала туу және тәрбиелеу*. Сондықтан неке субъектінің заңда қарастырылған әрекеттерін орындауы нәтижесінде мәртебеге ие болады. Бұл мәртебеге ие болу субъектінің үйленген адамдар санатына жатқызады.

Неке - бұл қоғам таралынан ретке келтірілген әлеуметтік қатынастар, мұнда жеке-дара құштарлық сезім тұрақтылыққа, өзара бейімділікке және неке шарттары ерлі - зайыптылардың нақты әрекетіне айналды. Бейімділік жаңа сәби туғаннан кейін тұрақтылыққа айналады, ол жап-жақты дамыған және толық ұйымдасқан түрге ауысады.

Отбасын құруда табысқа жету, отбасының ыдырауына жол бермеу - бұл маңызды әлеуметтік мәселе. Отбасының берекесі - бірлігі әр уақытта ішкі және сыртқы күштер ықпалымен қалыптасады. Ішкі күштерге жағатындар: балаларға қамқорлық жасау, отбасында еңбекті бөлісу, некені тұлғаның талабын іске асырудың құралы ретінде пайдалану, жанұя мүшелерінің өзара сыйластығы, т.б.

Сыртқы күштерге қоғамдық пікірдің қысымы, экономикалық жағдайлардың қысымы, қоғамдық ортаның баланы қамқорлыққа алуға талап-тілегі, жанұяның әлеуметтік қызметінің орындалу деңгейі, т.б. жатады.

Сондықтан некелегі жетістік деп, тұлғалар серіктестігінің, яғни ерлі - зайыптылардың бейімділікке егілігі, шеберлігі, іскерлігі, ішкі және сыртқы қысымдарды жоюдағы жеңіске жетуі және оның жемісі, т.б. айтамыз.

XX ғасырдың ортасынан қазіргі кезге дейін социологиялық әлістің бес түрі қалыптасты: интеракционистік, құрылымдық - функционалдық, жағдаяттық, эволюциялық және институционалдық. Отбасы ұғымын анықтаудағы әр түрлі пікірлерді ескере отырып, төмендегі дефиницияға келісуге болады: «Отбасы - ортақ тұрғын үйімен, экономикалық кооперациямен, ұдайы өндірумен сипатталатын әлеуметтік топ. Отбасына ең болмағанда екеуі әлеуметтік бағытталған жыныстық қатынас жасайтын және бір немесе одан да көп өз балалары, сондай-ақ тәрбиелеуге алған балалары бар ересек жыныс өкілдері кіреді».

## 8.2 Отбасын жіктеу

Билік формасына қарай отбасы *патриархалды* (күйеуі отбасының басшысы) және *матриархалды* (әйел басшы) болып бөлінеді. Отбасында билікті бөлуге жұбайлар арасындағы махаббат әсер етеді, мұнда сүйетін жұбай аз билікке ие, яғни психологиялық бағыныштылық болады. Егер жұбайлар бір - бірін бірдей мөлшерде сүйсе, онда отбасында бірдей билікке ие. Ондай отбасын *эгалитарлық отбасы* деп атайды.

Туыстық қарым - қатынас жүйесіндегі отбасылық құрылымның екі түрі болады:

1. Нуклеарлық жанұя (ата - ана мен балалардан тұрады);
2. Үлкен кеңейтілген отбасы (нуклеарлық отбасы мен олардың туыстарынан тұрады).

Көптеген қоғамда нуклеарлық отбасы негізгі әлеуметтік қауым болып табылады.

Батыс қоғамында отбасының кең таралған түрлеріне *кіндік отбасы* мен *кеңейтілген отбасы* жатады. Кіндік отбасының екі нұсқасы болуы мүмкін: балалы және баласыз.

Отбасылар төмендегідей белгілері бойынша да жіктеледі:

- отбасындағы балалардың санына қарай: баласы жоқ отбасылар, бір балалы отбасылар, аз балалы отбасылар, көп балалы отбасылар;
- отбасылық өмір тәжірибесіне қарай: жас жұбайлар отбасы, жастар отбасы, орта жастағы отбасы, егде кісілер отбасы;
- географиялық нышандар бойынша: ауылдық отбасы және қалалық отбасы;
- отбасындағы басымдылыққа қарай: авторитарлы отбасы және эгалитарлы отбасы.

Отбасы барлық қоғамдағы әлеуметтендірудің негізгі агенті болып табылады. Тек отбасында ғана балалар негізгі білім алады.

Әлеуметтендіру агенттері – адамдар мен мекемелер болып табылады. Олар адамдардың әлеуметтік рөлдерді игеруге және мәдени нормаларды үйренуіне жауапты. Олар екі түрлі болады:

а) алғашқы әлеуметтендіру агенттері – ата - аналары, апақтары, әже - аталары, жақын туыстары;

ә) екінші әлеуметтендіру агенттері – мектеп әкімшілігі, университет, мекеме, мемлекет, қоғамдық ұйымдар, партиялар.

Отбасын әлеуметтік институт ретінде зерттегенде мынадай жалпы ұғымдар қолданылады:

1. Некелік қатынастардағы қоғамдық қажеттілік талап – тілектер, мұқтаждар;
2. Отбасының әлеуметтік қызметі;
3. Отбасы қатынастарындағы ережелер мен құндылықтар;
4. Әртүрлі типтегі отбасындағы тәртіп үлгілері, т.б.

### 8.3 Отбасының әлеуметтік қызметі

Әлеуметтанушылар отбасын ерекше бір құбылыс, әлеуметтік жүйе ретінде қарайды да, оны әлеуметтік институт және кішігірім топ ретінде талдап зерттейді. Отбасы – бұл адамдардың некелік және туыстық, жалпы тұрмыстық байланысқа және өзара жауапкершілікке негізделген адамдардың бірлігі.

Отбасының функциясы, яғни атқаратын қызметі әруақытта оның тіршілік ету тәсілінің көрінісі ретінде түсіндіріледі. Осы ретте қоғамның отбасына жасайтын қызметін отбасының тұлғаға, тұлғаның отбасына жасайтын қызметтері деп бөліп қарауға болады. Отбасы функциясы қоғамның отбасы институтындағы қажеттіліктерімен және отбасылық топқа қатысты тұлғаның қажеттіліктерімен тығыз байланысты болып келеді. Отбасының атқаратын қызметі қоғамның әлеуметтік – экономикалық іс - қызметімен тығыз байланысты. Сондықтан уақыт өткен сайын отбасы функцияларының сипаты мен оның иерархиясы өзгеріп отырады.

Отбасын қоғамның бір бөлігі ретінде, социологтар оның қызметін орындауға қатысты қарастырады. *Отбасының қызметі дегеніміз* отбасы мен оның мүшелерінің белсенділігі, тіршілік әрекеті. Отбасының негізгі *қызметтері* ретінде төмендегілерді атауға болады: *репродуктивті, тәрбиелік, шаруашылық - тұрмыстық, экономикалық, алғашқы әлеуметтік бақылау (әлеуметтену), әлеуметтік – мәртебелік, демалыс және т. б.*

Отбасының аса маңыздылығы оның қоғам алдында екі негізгі атқаратын қызметтерінен көрінеді. Олар:

1. Отбасы – ол адамдардың ерекше тобы, өйткені ол өз ішінде өсіп отырады. Бұл топ қоғамның биологиялық жағынан үздіксіз дамуын қамтамасыз етеді. Басқаша көбейтін, өсіріп отырады.

2. Отбасы қажетті мәдени мұраны қоғамдағы өзінен жоғары үлкен бірліктер арқылы бір ұрпақтан екінші ұрпаққа жалғастырып отырады.

Американ әлеуметтанушысы Хиллдің көзқарасына сәйкес, қандай да бір отбасы болмасын, оның төмендегідей жалпы белгілері болады.

- Отбасы мүшелері әр уақытта бір – біріне тәуелді болып келеді, соған сәйкес отбасының бір мүшесінің мінез – құлықты өзгерсе, ол басқаларының да мінездерінің өзгеруіне әкеледі.
- Қандай да бір отбасы болмасын, ол біртұтас және жеке болады, оның басқалармен байланысы белгілі бір дәрежеде шектеулі болады.
- Отбасы - бейімделуші ұйым ол өзін қоршаған әлеуметтік ортала тепе-теңдікті сақтауға тырысады.
- Отбасы дара бүтіндік ретінде сыртқы факторларға байланысты міндеттерді орындаумен бірге, әрбір отбасы өз мүшесінің талап - тілегін, мұң - мұқтажын орындауды қамтамасыз етеді.

*Отбасының даму циклі* – отбасының өзгеру серпінін оның пайда болуы мен ыдырауының арасындағы уақытты қамтиды. Әлеуметтік институт ретінде отбасы бірнеше кезеңнен өтеді, сойтіп отбасының өмір сүру циклін құрайды. Зерттеушілер мынадай кезеңдерді көрсетеді:

- Бірінші рет некеге тұру – отбасын құру.
- Балалы болу – бірінші баланың өмірге келуі.
- Соңғы баланың өмірге келуі.
- «Бос ұя» - отбасында соңғы баланың некеге тұруы, отбасыдан бөлініп шығуы.
- Отбасының өмір сүруінің тоқтауы – не ананың, не әкенің қайтыс болуы.

Социологияның негізін салушы О. Конт қоғамды зерттеу үшін, алдымен, отбасыға көңіл бөлу керек деп есептеді. Ол отбасын индивид бағыну мен басқаруға үйренетін кішкене қоғам деп есептеді. Отбасы, О. Конттың пікірінше, қоғам құрылатын негізгі элемент, әлеуметтік өмір мектебі деп есептеді.

Неміс ғалымдары қызықты формула шығарды: ананың жасы әкесінің жасының жартысына 7 жас қосқанға тең болуы керек. Зерттеушілердің байқауынша, ата-аналары неғұрлым үлкен және даналау болған сайын, тәрбиелеу факторы соғұрлым салмақты, баланың галанты байқалып, дами алу мүмкіншілігі көп болады. Ф. М. Достоевскийдің «Алдымен – университет, сосын бала ту», - деген сөзінің жаны болса керек.

Балалар үшін отбасындағы *психологиялық климат* ерекше маңызды. Зерттеушілердің байқауынша, әкесінің не шешесінің болмауы немесе олардың алаңгершілікке жат қылығы жеке тұлғаның девианттық (ауытқу) мінез - құлқанын қалыптасуына ықпал етеді. Жеке тұлғаны тәрбиелеуде отбасы құрамы аса маңызды фактордың бірі десек те, ең маңыздысы *балаға эмоционалдық қарым – қатынас жасау* болып саналады. Бала жасында қандай психологиялық күй кешуіне байланысты ортаның әсері



кабылданады. Қолайсыз адамгершілік әсер кезіндегі психологиялық, эмоционалдық жайсыздық, өмірлік міндеттерде шешуде индивидтің қоғамға қарсы тәсілдерді игеруі қылмысқа ұрындыруы мүмкін. Бала отбасында неғұрлым жайсыз тұрған сайын, соғұрлым қоғамның өзінде мәселелер күрделене түседі.

*Отбасы социологиясы* – отбасын әлеуметтік институт ретінде зерттейтін социологиядағы негізгі бағыттардың бірі. Негізгі мәселері отбасылардың өз қызметін орындау сипатын, әр түрлі типтегі отбасылардың өмірін, ажырасу себептері мен салдарын және т. б. зерттеу болып табылады.

Адамзаттың сақталуы - әлеуметтік ұйымдасу әрекетінің қорытындысы, әлеуметтік жүйенің табысты нәтижесі.

## **9-ТАҚЫРЫН: МӘДЕНИЕТ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ**

### **9.1 Мәдениет әлеуметтануы пәні мен қызметтері**

*Мәдениет әлеуметтануы* қоғамдық құбылыс ретінде мәдениет дамуының жалпы заңдылықтарын зерттейді. Мәдениет әлеуметтануының пәні әлеуметтік жүйенің атрибуты ретінде мәдениет дамуының және жұмыс жасауының механизмдері мен заңдылықтары болып табылады.

*Мәдениет әлеуметтануы пәнінің мақсаты* әлеуметтік топтар мен қауымдықтардың мәдени қызметі мен деңгейін, қажеттіліктері мен мүдделерін, мәдениет саласындағы субъектілердің, әлеуметтік - мәдени институттардың және мекемелердің жұмыс жасауларын зерттейді.

Мәдениет әлеуметтануы қарыштап дамып келе жатқан жеке дара ғылыми - мәдени теориямен тығыз байланысты. Алайда мәдениет теориясы мәдениеттің іштей дамуы, мәдени - тарихи процесс, әр түрлі мәдениеттердің бір - бірімен ауысу заңдылықтарын зерттесе, ал мәдениет әлеуметтануы қоғамда мәдениеттің әлеуметтік маңызына, алатын орнына және нақтылы әлеуметтік ортада оның қызмет істеуіне баса көңіл аударады.

*Мәдениет әлеуметтануының негізгі мәселесі* мәдениеттің ерекше құбылыстарын, оның қоғамда атқаратын қызметінің заңдылықтарын, қоғамдық мәдениеттің шығармашылық мақсатын зерттеу, қоғамда жаңа мазмұндағы мәдени және рухани құнды мұрағаттарды қалыптастыру болып табылады.

Мәдениет әлеуметтануы қоғамдағы алуан түрлі әлеуметтік - демографиялық топтардың, бірліктердің мәдениетке қатынасын, олардың мәдениетке қандай талғамы барын, талап - тілек қоятынын, мәдени ошақтардың тек өндіріс жағдайында ғана емес, жалпы мәдениетке тартылуы, қосылуы, араласуы қандай, бұл іс - жұмыстарда театр, кино,

мұражай, кітапханалар, стадиондардың, т.б. жұмыс дәрежелері қалай, олар не істеп жүр, адамдардың, олардың алуан топтарының талап - тілектерін қанағаттандыра ала ма немесе қанағаттандыра алмай ма, міне осы тәрізді мәселелерді қамтиды.

Қазіргі таңда мәдениет әлеуметтануы бұрын болмаған көптеген мәдени құбылыстарды, процестерді, басқа да мәселелерді жан - жақты, кеңінен зерттеуде. Олардың басты бағыттары мыналар:

1. Мәдениеттің материалдық саласы: еңбек мәдениетін оқып білу, зерттеу (оның ішінде еңбек, еңбек процесі, өндірісті басқару және әр түрлі еңбекшілер тобының мәдени - техникалық дәрежелерінің көтерілу жағдайлары); тұрмыстық - материалдық мәдениет, оның ішінде тұрмыстық еңбекті, заттың ортаға қатынасы, әрбір халықтың, ұлттың мәдени - тұрмыстық әдет - ғұрпы, салты; откен уақыттағы құндылықтарды сақтау жөнінде бұқара халықтың ой - пікірін, қозғалысын ұйымдастыру, еліміздің территориясын мекендейтін халықтардың экономикалық мәдениетін оқып, біліп зерттеу, әр жынысты адамдардың өндірістегі мәдени қатынастарын, т.с.с. кеңінен зерттеу.

2. Мәдениеттің саяси (оған құқықты мәдениетті кіргізе отырып) саласында: қоғамның барлық салаларында еңбекшілердің қоғамды, өндірісті басқаруға белсенді қатынасуын, демократияның барлық түрлерін дамыту, адамдардың алуан түрлі топтарының, жіктерінің саяси және экономикалық білімін көтеру, олардың саяси белсенділігін арттыру, т.б.

3. Экономикалық мәдениет саласында нарықтық жағдайдағы еңбекшілердің экономикалық білімдерін, олардың нарықтық қатынастардың принциптерін толық игеріп, меңгеруі басты мәселе ретінде зерттеледі.

4. Мәдениеттің рухани саласында: Ел - жұрттың әрбір топтарының мәдени іс - қызметі және мәдени дәрежесінің көтерілуін; аймақтық бірліктердегі (қала, село) рухани мәдениеттің әр түрлерін (білім, ғылым, эстетикалық және көркем әдебиет, адамгершілік); мәдени мекемелердің, олардың қызметкерлерінің іс - қызметін; ел - жұрттың әр түрлі мәдени қызметін оқу, техникалық және көркемдік шығармашылықпен ұштастырып терең, жан - жақты зерттеу; қала мен ауыл- селолардың, облыстардың, жалпы республиканың мәдени дамуының әлеуметтік және болжам жоспарларын зерттеу, т.б. жаталады.

Жалпы алғанда, мәдени салалардағы осы зерттеулердің басты мақсаты – ол еңбекші бұқара халықтың әлеуметтік белсенділігін, олардың адамдық факторларының белсенділігін арттыру және жаңаша ойлау, іс - әрекет, қызмет жасауды қалыптастыру саналады.

Мәдениет әлеуметтануы көптеген қызметтер атқарады, олардың негізгілері: *ғылыми - танымдық, білім беру және тәжірибелік қызметтер.*

*Ғылыми - танымдық қызметі* арқасында мәдениет әлеуметтануы мәдени процестердің өзгерісіне немесе қолдауына, нәтижесіне әсер ететін

әлеуметтік факторлар мен механизмдер, қазіргі жағдайдағы мәдени серпін заңдылықтарының өзіне тән ерекшелігі туралы шынайы білімді қамтамасыз етеді.

*Білім беру қызметі* қоғам мүшелері арасында тиісті білім таратуға бағытталған. Оның мақсаты - әрбір адамды білімнің негізімен жан - жақты, терең қарулаңдыруға, сондай-ақ тұлғаны әлеуметтендіруде оның интеллектуальды және рухани мүмкіндігін қалыптастыруға көмектесу.

Мәдениет әлеуметтануының *тәжірибелік қызметі* мәдени өзгерістер мен мәдени саясаттың мақсатты бағытталған ғылыми негізін өңдеп шығарудағы зерттеуді білдіреді.

## 9.2 Әлеуметтанудағы мәдениет түсінігі

«Мәдениет» түсінігі ежелден бері түрлі мазмұнда қолданылады. Ежелгі Римде жер өңдеуді, тәрбиені, білім беруді «cultura» деген сөзбен ғылыми тілде қолданған. ХҮІІІ ғ. Еуропа ғалымдары мәдениет түсінігін осы күнгі мағынада қолдана бастады. Оны Д. Вико, Й.Г. Гердер, Ш. Монтескье шығармаларынан қоруге болады. Бұл дәуірде жаңа жерлердің, елдердің мәдени құндылықтарымен танысу мүмкіндігі кеңейіп түскен. Сондықтан алыс елдердің өмір қалпының өзгешеліктері суруналықтардың мәдениеттерді салыстыруға қызығушылығын күшейтті. ХІХ ғасырдың екінші жартысында «мәдениет» түсінігі ғылыми мәртебеге ие болады. Егерде ағартушылар дәуірінде бағалаушылық қырынан ғана қарап ол қоғамның жоғары даму деңгейін білдірсе, енді оның мағынасы күрделене түсті. «Мәдениет» түсінігі «өркеніет», «қоғамдық - экономикалық формация», «Жаһандық аймақтану» ұғымдары мен қиылысып жатады.

Адамдардың басқалардан маңызды өзгешелігі - олардың өзі тұрған қоршаған ортасын өзі жасауы. Адамның тәжірибесі дәлелденгендей еңбек құралдарымен, материалды игіліктермен қатар адамдар бір - бірімен қарым - қатынас құндылықтарын да жасайды. Әр елдің өзінің ережелері, мөлшерлері, әдет - тұрыптары мен дәстүрлері қалыптасалы, оларды өзіндік тілінен, жүріс-тұрысынан, дінінен, тағамдық көзқарастар жүйесінен, әлеуметтік институттардан қоруге болады.

Күнделікті ауыз екі тілде мәдениет ұғымын бұрмалап түрлі құбылыстарға қолданады. Ғалымдар оның 500-дей мағынада пайдаланатынын көрсетеді. Мысалы, білімді, шетел тілін білетіні, киінгені, өзін - өзі ұстауы, сөйлеуі, әдептілігі, жұмысты атқаруы, тамақты ішкенде шанышқыны орынды қолдануы, кезекте тұрғанда, көпшілік жиналған жерде, тағы көптеген жағдайларда кейбір адамдардың мәдениетті немесе мәдениеті жеткіліксіз болып көрінгенін көпшілік айтатыны жиі кездеседі. Бірақ басқа елдерде қолмен тамақ жейтін немесе әйелдер мен ерлер бөлек отырып тамақ қабылдауы сияқты дәстүрлері бар. Ол мәдениет түсінігін қолдануда қайшылық тудыруы мүмкін. Күнделікті тілде қолданатын сөздің көп мағыналығы кездесе, ғылымда дәлдік пен бір мағыналығы керек.

Мәдениет түсінігіне ғылымның түрлі саласында көптеген анықтамалар берілді. Соның ішінде *ағылшын этнографы Э. Тайлор* 1871 жылы біршама сәтті анықтама берген. «Мәдениет, этнографиялық кең мағынада ол өзіне білімдерді, сенімдерді, өнерді, өнерге - ғибратты, заңдарды, әдет - тұрыптарды тағы басқа қоғам мүшесі ретінде аламның иеленетін және қолы жететін қабілеттері мен дағдыларын кіргізетін біршама тұтастық». Бұларға әрине материалды игіліктерді, барлық өндірілетін өнімді қосса, онда мәдениет бөлігіне оның қоғамның мүшелерінің қабылдауына байланысты, қуатталатын санада заттандырылған өнім жазу арқылы немесе жадығат түрде меңгеріліп, келесі ұрпаққа қалдырылатыны анықтаманы толықтырар еді.

Мәдениетті адамдар өздері жасайды, оған үйретеді. Әрбір жекелік мәдениетті әлеуметтік мұра ретінде қабылдап, қажет болғанда оған өзгертулер ендіреді.

Сондықтан соғыс немесе апаттар кезеңінде қираған ғимараттар, көпірлер адамдардың санасындағы мәдениеттің бөлігі ретінде қайтадан қалпына келтіріле алады. Сөйтіп мәдениет екі бөліктен тұрады: *материалды және рухани*. Материалды мәдениет (артефактар) қолмен жасалынады, рухани мәдениет, ол - парасаттың жемісі. Материалды мәдениетті сақтап қалу үшін ол материалды емес мәдениеттегі сөздерге, ойларға, дағдыларға, әдет - тұрыпқа және сенімдерге меңгеріліп алынған рухани дүниесіне айналуы керек. Әрине, ежелгі мәдениеттердің материалды қалдықтарын ескерткіш ретінде мұражайларға сақтайды, бірақ олардың мәдени маңызы жоғалғандықтан, бүгінгі ұрпақтар оны қайтадан қалпына келіруді керек етпейді.

Мәдениет қоғамсыз дамуы мүмкін емес. Осы қоғамда бірыңғай мәдени үлгілер орнығып нығаяды және басқа үстем мәдениеттің ықпалынан сақтандырылады. Мәдениетті атағанда оның ұлттық, әлеуметтік ерекшеліктерін көрсетеді: қазақ, орыс, иеміс мәдениеті немесе қала, ауыл, әлеуметтік топтар мәдениеті ретінде. Бірақ қоғам мен мәдениеттің шекаралары бірдей емес. Құқық жүйесін Римнен алған батыс Еуропа елдерінің өз мәдениеті бар. Сол сияқты экономикалық басқаруда бұл елдер бір - біріне жақын. Сонымен қатар кейбір қоғамда көп тілдер мен көп діндер негізінде көп мәдениеттер дамиды. Сондықтан бір қоғамның мүшелері бір мәдениетті қабылдауы мүмкін немесе, керісінше, бір қоғамның мәдениетін бірнеше қоғам қабылдайтыны кездеседі.

Жалпы алғанда, *француз антропологы К. Леви - Стросстың* пайымдауы мәдениет ұғымын толық ашады. Ол мәдениетті «табиғилықтан» таңдалып алынған, адамның өзінің қажеттілігіне айналдырған жасанды ортасы ретінде көрсетеді. Әлеуметтік өмірдің мазмұнын айтқанда біз мәдениеттің оған толық қатысы бар екенін көреміз, әлеуметтік өмір әртүрлі және өзара әрекеттерден тұрады. Белсенділіктің заттық мазмұны материалды объектілер, технологиялар, қуатталатын рәмізді объектілер, бағалау өлшемдері мен құндылықтардың өлшеуіштері



құрайды. Оларды адамдар өздері жасайды, пайдаланады және қиратады. Ол жағдайлардың өзгеруіне бейімделу барысында жүзеге асырылады. Мәдени ақпарат (білім, бейнелер, түсініктер, сенімдер) адамдар арасында алмасу арқылы байланыс мазмұнын құрайды. Әлеуметтік мәдени ортаның мазмұнына адамдар бірлесіп өмір сүру барысында олардың белсенділігінен пайда болған оқиғалар мен үдерістер жатады. Қоғамның өзі әлеуметтік өмірдің және адам әрекетінің құрылымдық жағына жатса, ал мәдениет бұл құрылымның мазмұны мен толықтырылуы болып саналады. Мәдени құбылыстарды адам өзі жасайды. ХҮІІІ ғ. Д. Вико, Ш. Монтескье т.б. көрсеткендей, ол адамның іс - әрекетінің үдерісі арқылы табиғатты өңертудің өнімі болып табылады. Қазіргі дамыған мәдениетті талдау ерекшелігі бойынша назарды әлеуметтік - мәдени объектілер мен үдерістерден адамға қарай бұрды. Мәдениеттің социологиялық талдауы адамдардың мәдени объектілерді игерудің, пайдаланудың және жасаудың нысандары мен тәсілдерін қоғамдағы әлеуметтік және аумақтық үйлестірілуін зерттеуге мүмкіндік береді. Осыдан әр түрлі әлеуметтік топтардың мәдени өмірге және оның қозғалу бағытына қосқан үлесі анықталды.

*Американдық антропологтар А. Кребер мен К. Клакхон мәдениеттің 150 анықтауларын талдап, оларды 6 негізгі тұрпатқа бөлді.*

1. Суреттеме анықтаулар. Мұнда Э.Тайлор сияқты мәдениет түсінігін қамтитынның бәрін жатқызуға болады.

2. Тарихи анықтаулар. Мұнда ерекше көңіл аударылатыны әлеуметтік мұралану дәстүрі. Мысалы, Э. Сепир берген анықтаманы келтірейік: мәдениет ол - «біздің өмірдің арқауын құрайтын, әлеуметтік мұраға қалған қызмет пен сенімдерінің кешені».

3. Мөлшерлік анықтаулар. Олардың өзі екі топқа бөлінеді:

- Өмір қалпына бағытталған ой - пікірлер;
- Идеалдар мен құндылықтар жөніндегі түсініктер.

4. Психологиялық анықтаулар. Олар үш бағыттың біреуіне көңіл бөледі:

- а) ортаға бейімделу үдерісіне;
- ә) оқыту үдерісі;
- б) дағдыларды қалыптастыру.

5. Құрылымдық анықтауларда назарды мәдениеттің құрылымдық ұйымдасуына бөледі. Мысалы, Р. Линггон берген анықтаманы келтірейік: «а) мәдениет – ол осы қоғамның мүшелері ұстанатын және оларға мұраға берілетін оның құрылымдық бөліктерінің үйретілген мінез - құлықтың және жүріс - тұрыстың нәтежелерінің үйлестірілуі».

6. Генетикалық анықтаулар мәдениетті оның пайда болу тұрғысынан қарайды.

*Сонымен, мәдениет - ол парасатты адамға тән, материалды объектілермен ажырамас байланыста қаралатын жүріс - тұрысы. Яғни адамның бірінші табиғаттан алып жасалған «екінші табиғаты» -*

*адамның өзі тұратын әлемі.* Қоғамдағы қабылданған ережелерді мойылдаған ол өз жүріс – тұрысын мәдени үлгілерге бағындырады. Адамның өмірлік тәжірибесінің қалыптасуы онсыз мүмкін болмас еді.

Әлеуметтік өмірді мәдениетсіз елестету мүмкін емес. Оның рухани мәдениетпен тығыз байланыста, өзара әрекет ететінін ескеру қажет. Мәдениетті игеру барысында адам өзін танып жетілдіреді, өйткені ол адамдардың шығармашылық қызметінде жасалатын материалды және рухани құндылықтардың жиынтығын меңгереді.

Адамдар өздерінің әлеуметтік және мәдени ортасын әлеуметтік әрекеттер барысында жасайды, оның бөлшектерін қолдайды және өзгертеді. Социологиялық талдаудың негізінде әр түрлі әлеуметтік топтардың мәдени өмірге және оның қозғалу бағытына қосқан үлесі анықталады.

### 9.3 Мәдениеттің құрылымы мен функциялары

Мәдениет құрылымы мен әлеуметтік құрылым абсолютте бір - бірімен тенееспейді, бірақ, әрине, өзара коррекцияланады. Қазіргі зерттеушілер мәдениеттің әлеуметтік өмірдің барлық салаларына тигізетін әсерінің арту тенденциясын атап өтеді. Атап айтқанда олар мәдениетте әлеуметтік процестерді түсіндірудің ең тиімді құралдарын іздестіреді және тауып алады.

Мәдениет түрлі негіздері бойынша құрылымдастырыла алады. Солай, егер критерий ретінде қоғамдық өмірдің құрылымы алынса, онда біз саяси, экономикалық, құқықтық, діни, ғылыми, техникалық, көркем мәдениет туралы айтамыз. Кейде бұл тізімде адамгершілік және этносаралық қатынастар мәдениетін көруге болады. Біздің ойымызша, әдеп мәдениеті оның құндылық, аксиологиялық қырында қоғамдық өмірдің барлық элементтерімен түйіседі, ал этносаралық қатынастар - бұл міне осындай қатынастар болып табылады және оларды сондықтан басқа кең мәтінде қарастыру керек.

Егер критерий сапасында мәдениетті шындықты игерудің ерекше тәсілі ретінде алсақ, онда мәдениеттің құрамдас бөліктеріне білім, технология және құндылықтар жағады.

Ең негізделген және логикалық қисынды мәдениеттің морфологиялық моделін Э.А. Орлова ұсынады. Оның моделі белгілі бір мәдениеттегі әмбебапты және айрықша құрылымдық сипаттамалардың арақатынасын айқындауға мүмкіндік береді.

Мәдениет құрылымында екі сала бөлініп шығарылады: *күнделікті және арнаулы мәдениеттер.* Арнаулы үш функционалдық топты бөліп қорсетуге болады:

- әлеуметтік ұйымдастырудың мәдени жақтары (кәсіби, саяси, құқықтық мәдениет);
- әлеуметтік маңызды білім (діни, көркем, философиялық, ғылыми мәдениет);

- әлеуметтік маңызды тәжірибенің ғарау бұлақтары (ағарту, бұқаралық мәдениет).

Кәдуілгі мәдениетте арнаулы әрекеттің баламалары бөліп көрсетілген. *Ұымдасу топтамасына* - үй шаруашылығы, тұнғааралық қатынастар, мораль (әдептілік); *танымдық топтамаға* - танымдар, қарапайым эстетика, халық даналығы, практикалық білім; *трансляциялыққа* – мәдени тәжірибе, ойын, сыбыс, әңгіме, кеңес беру жатады. Кәдуілгі мәдениетті адам өзінің күнделікті қарым - қатынас шеңберінде (бұл - отбасы, достары, әріптестері, көршілері және т.б.) қабылдайды.

Функционалдық жағынан мәдениет бір элементтердің өзгеруі басқаларының өзгеруіне әкелетін, динамикалық, өзара байланысты жүйе ретінде қарастырылады. Құрылымдық-функционалдық талдау (С.Т. Парсонс) әліснамасына сүйене отырып, жүйе ретіндегі мәдениетте төрт негізгі функционалдық топтарды бөліп көрсетуге болады; олар: *адаптивтік, тұтастыққа жеткізетін интегративтік, мәдениетті қайта өндіретін және жасырын шиеленісулерді алып тастайтын функциялар*. Бұл көзқарас бойынша мәдениеттің мынадай функцияларын атап өтуге болады:

- Әлеуметтендіру және инкультурация;
- Құндылықтық (аксиологиялық);
- Коммуникативтік;
- Танымдық (гносеологиялық);
- Ақпараттық;
- Әрекеттік;
- Нормативтік;
- Рәміздік.

Бұл функцияларға кез келген мәдениет ие, сондықтан оларды әмбебапты деп есептеуге болады, бірақ белгілі бір иерархияда олар сол немесе басқа мәдениеттің қайталанбайтын ерекшеліктеріне тәуелді және әртүрлі құрастырылады.

#### 9.4 Мәдениеттің құндылықтық - танымдық жүйесі

“Құндылық” ұғымының көптеген анықтамалары бар. Олар осы мәселені зерттеуші әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың көптірлілігін де, сол сияқты, жеке ғылыми ұстанымдар алуандығын да білдіреді. Әдетте, құндылықтар басқа ұғымдармен тығыз қатынаста қарастырылады. Мысалы, ұстаным, норма, қажеттілік, мақсат, таңдау және т.б.

Құндылықсыз мәдени өмір болуы мүмкін емес. Өйткені олар қоғамға қажетті реттілік пен алдын ала айтын болжауға келетін қасиет береді. Мәдениетте қордаланған құндылықтар жүйесі арқылы адам іс-әрекетін реттеу жүзеге асырылады.

“Адамдардың өзара қатынастарына тән құбылыстардың мәнін жоғалтқандарының барлығы - жай ғана биофизикалық құбылыстар болып

қалады әрі сол сияқты биофизикалық ғылымдардың пәнін құрайды”- дейді П. Сорокин. Шындығында да, мәдениеттің адам қолынан шыққан барлық құбылыстары, барлық шығармашылығы, механизмдері мен заттары олардың құндылық жағын алып тастар болсақ, жай ғана қаптап жатқан қағаз, металл әлде мрамор, мыңдаған бояу немесе кездеменің жыртыстары болып қалады. Сонда олар мүлде басқа ғылымдар – физика, химия әлде биологияның пәні ретінде қарастырылады. Аталған ғылымдар әлігілердің құрылымын, соғылуын немесе қасиеттерін зерттейді, бірақ оның гуманитарлық, әлеуметтік жақтарын керек қылмайды. Бүгінде біз қоғам өміріндегі табиғаттың мәні туралы да көп айтамыз – бұл жағдайда табиғат құбылыстары да әлеуметтік құндылық болып табылады.

П. Сорокиннің пікірі бойынша, *құндылық кез келген мәдениеттің ірге тасы* болып табылады. Жоғарыда атап өткендей, ол барлық мәдени аса жоғары жүйелерді онда қандай құндылықтың басым болып тұрғандығына қарай 3 түрге бөледі: *идеационалды, сезімдік және идеалистік*.

Егер идеационалды мәдениет басым болса, онда - ең жоғары құндылық Құдай мен сенім, дін болмақ, ал сезімдік әлемге, оның байлық-қызықтары мен құндылықтарына енжар немесе, тіпті, теріс қатынас қалыптасады. Бұндай мәдениет типтеріне үлгі ретінде ортағасырлық мәдениетті, брахмандық Үндістан мәдениетін, буддалық және даостық мәдениетті, б.з.д. VIII ғасырдан VI ғасыр аяғына дейінгі грек мәдениетін жатқызуға болады.

Сезімдік мәдениетте сезім құндылықтары басымдық танытады: біздің көретініміз, еститініміз, санап ұстайтынымыз ғана мағыналы, яғни болмыстың сенсильді қабаты ғана мағыналы. Оның қалыптасуы XVI ғ. басталады, сойтіп өзінің даму шыңына XX ғ. ортасында жетеді. Дін құндылықтары, мораль құндылықтары, тағы да басқа идеационалды мәдениет құндылықтары қоғамдық сананың шеткері аймағына ысырылып тасталады да салыстырмалы сипатқа ие болады; не олар терістеледі, не оларға өте енжар, немкетті қарайды.

П. Сорокиннің айтуы бойынша, мәдениеттің идеалистік жүйесі - идеационалды мәдениет пен сезімдік мәдениеттің бел ортасы. Оның құндылықтары - парасақтың құндылықтары. Олар жартылай сезімнен тысқары, жартылай сезімнен тұратын объективті шындықты рационализациялайды. Оған мысал ретінде XIII – XIV ғғ. батысеуропалық мәдениетті, б.з.д. V - IV ғғ. Көне грек мәдениетін алуға болады.

“Бірде - бір жүйе толығымен ақиқаттан тұра алмайтындығы сияқты, бірде - бір басқа жүйе - түгелдей қате болмайды”. Сондықтан да бір жүйеден келесіге тарихи түрде ауысып тұру өзінен өзі түсінікті. Басқаларынан бөлек алып қарастырылған олардың әрқайсысының дәйектілігі азайып, тіпті, өзінің біліктілігі аясында одан да бетер қате бола бастайды. Егер де жүйелердің бірі монополистік жағдайға ие болып, басқаларын ысырып тастауға талпынса, ондағы “жалғандық” үлесі өскені деп білу керек.



Күнделікті санадағы “құндылық” ұғымы, әдетте, адам іс - әрекетінің нысандары мен қоғамдық қатынастарды мейірімділік пен зұлымдық тұрғысынан ақиқат әлде жалған, сұлу немесе ұсқыңсыздық, рұқсат етілгендік әлде тыйым салынғандық, әділдік немесе әділетсіздік және т.с.с. тұрғысынан бағалаумен ұштастырылады. Оның үстіне, бағалау қашанда өз мәдениетінің тұрғысынан жүзеге асырылады, ендеше, әркімге өзінің құндылықтар жүйесі “нағыз” құндылықтар жүйесі сияқты болып көрінеді, яғни жақсы мен жаманды ажырату нүктесі ретінде алынады.

Сонымен, құндылықтар – мәдениеттің негізі мен іргетасы. Олар мәдениетте терең тамырланған және де өзінің маңызды реттеуші ролін жалпы мәдениет деңгейінде болсын, сол сияқты, тұлға деңгейінде болсын орындайды. П. Сорокин айтыпқышы, “терең тамыр алған құндылықтар жүйесі бар адамдар... кез келген қиындыққа мойымай, оны қасқая қарсы алады”.

## 10-ТАҚЫРЫП:

### БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ

#### 10.1 Бұқаралық коммуникация және мәдениет

Алдымен, бұқаралық коммуникация түсінігін қарастырмастан бұрын, жалпы «коммуникация» ұғымына тоқталайық. Коммуникация (лат. communicatio, жалпы «байланыстырамын», «қатынасамын») кең мағынада әртүрлі ақпаратты қабылдау және тарату мүмкіндігі бар қарым - қатынас тәсілдері дегенді білдіреді. Коммуникация тек көптеген гуманитарлық пәндердің объектісі ғана емес, сондай-ақ нақты ғылымдардың да объектісі.

Коммуникация коммуникативтік актілерден құралады, пікір айтушылар, оны түсіндірушілер коммуниканттар, ал хабарларды қабылдаушылар реципиенттер (лат. recipientis «ақпаратты алушы», «сіңіруші», «пайдаланушы») деп аталады.

Әлеуметтік коммуникация – ол, қоғамда әлеуметтік маңызды бағалармен нақты жағдайлар, коммуникативті салалармен қарым-қатынас нормалары бекітілген адамдардың коммуникативті іс-әрекеттері.

Бұқаралық коммуникация - ақпаратты (хабарды), білімдерді, рухани байлықтарды, моральдық және құқықтық нормаларды және тағы да сол сияқты техникалық құралдардың (баспасөздің, радионың, теледидардың, кинофотографияның) көмегімен саны көп, бытыраңқы аудиторияға тарату үрдісі. Капиталистік қоғамда бұқаралық коммуникацияның негізгі міндеті адамдарды сол қоғамда орныққан әлеуметтік қатынастарға сай тәрбиелеу.

Бұқаралық коммуникация әлеуметтануы – әлеуметтанудың қазіргі бағыттарының бірі. Бұқаралық коммуникация әлеуметтануының басты категориялық ұғымдарына «коммуникация», «қатынас», «бұқаралық ақпарат құралдары», «бұқаралық мәдениет», «тіл», «өзара түсінік»,

«диалог», «ой», «құндылықтар ұстапымы» жатады. Бұқаралық коммуникация құралдарының жалпы кең тараған түрлеріне кино, баспа, театр, радио және теледидар, әуен, дизайн, сән және тағы басқаларды жатқызуға болады.

Бұқаралық коммуникация құралдарының үш түрі бөлініп көрсетіледі:

- қоғамның позитивті жағынан интеграцияның жоғарлататын БҚҚ;

- қоғамның позитивті және негативті жағынан интеграцияның жоғарлататын БҚҚ;

- қоғамның позитивті жағынан интеграцияның жоғарлататын БҚҚ.

Бұқаралық көңіл-күй - адамдар қауымының басым көпшілігін қамтитын психологиялық жағдай. Адамдар үшін субъективті сигналды реакция жайлылық пен жайсыздықты, әрі негізгі үш жағдайды білдіреді:

- жалпы өмірдің әлеуметтік-саяси жағдайларымен көңіл толушылық немесе көңіл толмаушылық деңгейін білдіреді;

- анықталған жағдайдағы адамдардың әлеуметтік-саяси талаптарын жүзеге асыру мүмкіндіктерін субъективті бағалау;

- талаптарын жүзеге асыру үшін жағдайларды өзгертуге ұмтылу.

Бұқаралық көңіл-күй табиғаты екі фактор арасында айырмашылық туындаған жағдайда көрінеді: адамдар талаптары (белсенді емес түрде - күту) бір жағынан басым көпшілікке ортақ бұқаралық мұқтажықтар мен мүдделермен, екінші жағынан өмірдің шынайы жағдайларымен байланысты.

Бұқаралық ақпарат құралдарының барлығы да ағамдық ақпараттық байланысты құрап, сол арқылы бұқаралық мәдениеттің қалыптасуына жақсы жағдай туғызып отыр. Бұқаралық мәдениет барлық салада көрініс береді.

Социологияда мәдениет әр түрлі әлеуметтік жағдайларға тап болған адамдардың өзара түсіністіктерін қамтамасыз ететін, заттарды тарату мен сақтауға, меңгеруге, жасауға бағытталған әлеуметтік қатынастарда көрінетін және әлеуметтік табиғатқа не болуға қиын динамикалық білім ретінде қарастырылады.

Мәдениет қоғам өмірінде маңызды рөл атқарады, ол ең алдымен адамзат тәжірибесін сақтау және жеткізуден құралады.

Мәдениет дамуындағы ең маңызды сәттердің бірі - мәдениет үлгілерінің таралуы. Француз мәдениет зерттеушісі А. Моль осы процесс жолында пайда болатын мәдени үлгілер мен бөгеттердің таралуының әр түрлі кезеңдерін анықтауға болатын қазіргі қоғамда мәдениетті таратудың әмбебап үлгісін өңдеп шығарды. А. Мольдың үлгісі бойынша мәдени үлгілерді таратудың кез келгені шығармашылық тұлғаның іс-әрекетінен басталады, олардың әрқайсысы өздерінің ақылды іс-әрекетінің, экспериментінің, бұрынғы тәжірибелері негізінде кейбір әлеуметтік топтарда қолдану үшін өзінің сапасы бойынша жарамды өнім жасайды.

Мәдениет үлгісінің әрі қарай таралуы үшін бұқаралық ақпарат құралдары көмегімен үлкен аудиторияға жеткізілуі және көбейтілуі керек.

Бұқаралық ақпарат құралдары әлеуметтік құндылықтарды қалың қауымға немесе макро ортаға дейін жеткізеді.

Мәдениеттің жалғастық - мұрагерлік қызметі бір ұрпақтан екінші ұрпаққа берілетін бүкіл адамдық өмір тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктеріне қатысты. Ақпараттық беріліс әлеуметтік жүйеде биологиялық тұқым қуалаушылықтан өзгеше жүреді. Шын мәнісінде қоғамда ұрпақтар жалғастығы мәдени мұраларды игеру, қабылдау және оны шығармашылықпен дамыту арқылы жүзеге асады. Мәдени ақпараттар - салт-дәстүр, әдет-ғұрып, рәсім-рәміз, діл мен тіл, дін және өнер, білім, т.б. руханилықтың белгілі бір деңгейін меңгерудің нәтижесінде мәдениет субъектісінің өзіндік санасының жанды буынына айналады.

Адамдардың қарым - қатынасы, мәдениеттер сұхбаттасуы - әлеуметтік шындықтың басым көрінісі. Адам ерекше бір өрісте – қарым-қатынас өрісінде болады. Руханилық пен ізгілік, әдемілік пен жақсылық тербелісі адамды нәзік тормен қоршаған; қоғамдық өмірде тек зат пен тауар ауысуы ғана емес, ең алдымен идеялар, мамандық, шеберлік тәжірибелерімен, сезімдік үлгілерімен ауысу таластамақ емес. Мәдениет игіліктері, адамдық қасиеттерді жас нәресте анасының ақ сүтін еміп, оның әлди жырымен сезім дариясына шомылып қана бойына сіңіре бастайды.

Ғылымда социализация (әлеуметтену) деп аталатын процесс те мәдени қарым - қатынасқа негізделген. Мәдени қарым - қатынастың түрлері дегенде олардың әмбебаптығына және көпмағыналылығына көңіл бөлу қажет. Мәдени құндылықтарды оларды жасаушылар және тұтынушылар арасындағы қарым - қатынас ретінде алуға болады. Мәдени туынды қаншама асыл болғанымен, егер ол рухани азық ететіндері белгілі бір себептермен жетпей жатса, онда ол мәдени айналыстан шығып қалады. Адам тұрмайтын үй қаңырап бос тұрады, отарба жүрмейтін темір жол – жай темір мен ағаштың үйіндісі, ешкім оқымайтын кітап – шаң басып жатқан қағаз. Мәдени болмыстың тірегі деп қарым - қатынасты айтамыз.

## 10.2 Бұқаралық коммуникацияны зерттеу аспектілері

*Коммуникация* әлеуметтік құбылыс ретінде ХХ ғасырдың басында зерттеле бастады. Оның ішінде бұқаралық коммуникацияны зерттеуге көп көңіл бөлінді. М.Вебер 1910 жылы бұқаралық ақпарат құралдарының социологиялық аспектіде зерттелуі қажеттілігін методологиялық тұрғыдан негіздеп берді. Ол баспасөздің әртүрлі әлеуметтік құрылымдағы үстемдігін және адамның осы қоғамның мүшесі ретінде қалыптасуына ықпал ететінін дәлелдеп берді.

Кейіннен БАҚ-ты зерттеу 3 аспектіде қарастырылды:

- теоретикалық;
- прагматикалық;
- экспериментальды-қолданбалы.

Бұқаралық ақпарат құралдарды зерттеудің негізгі теоретикалық бағыты оның негізгі мәнін түсінуге негізделген. Бұл теорияны үстем ететін функциясына сәйкес 3 топқа біріктіруге болады:

- саяси бақылау
- рухани бақылау
- мәдени бақылау

Сонымен бірге БАҚ-тың рөлін зерттейтін ақпараттық қоғам теориясы жеке қарастыруды талап етеді.

Теорияның бірінші тобында – БАҚ саяси бақылаудың функциясы, саяси билік рөлін атқарушы ретінде айқындалады. Оның өзі 2 топқа бөлінеді:

1. материалды-экономикалық
2. идеологиялық

Бірінші, *материалды-экономикалық топқа*: бұқаралық қоғам теориясы жатады. Онда қоғамның беделі және билік институттарының өзара әрекеттерінің нәтижесінде БАҚ билік ұғымының саяси-экономикалық бағытын қолдай отырып, халықтың өз қиыншылықтарын аз уақыт болса да ұмытып, рухани тепе - теңдікті қалпына келтіруге көмектеседі. Бұл өз кезегінде билік құрылымдарының халық үстінен бақылауы мен қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Бұл теория БАҚ-тың қоғамдық пікірді қалыптастырудағы рөлін ерекше атап көрсетеді. БАҚ – бір жағынан қоғамдық пікірді бақылап отырса, екінші жағынан – адамдарға қиын жағдайда өмір сүруге көмектеседі. Бұл теорияның осы және басқа да үлгілері БАҚ-ты ең алдымен өндіріс құралы ретінде қарайтын марксистік түсінікке негізделеді.

Саяси - экономикалық теория (Г. Мердок, П. Голдинг) марксизмнің постулатын пайдаланады. Онда ең алдымен БАҚ-тың функциясын айқындайтын экономикалық фактор алдыңғы қатарға шығады. Саяси фактор да бұнда есепке алынады, себебі БАҚ жеке меншік иелерінің қолында.

Сындық теория қоғамдағы әлеуметтік процестерді анализдеуде неомарксистік әдіске негізделеді. (М. Хоркхаймер, Г. Маркузе, Т. Адорно). Маркстің жұмысына таптың революциялық мүмкіндіктері туралы идеясына сынмен қарайды.

Ал, екінші *идеологиялық топқа*: гегемония теориясы мен бұқаралық коммуникация теориясы жатады.

БАҚ-тың гегемония теориясы (үстемдік) немесе масс-медиалық үстемдік теориясы (Н. Пулангзас, Л. Альтюссер). Бұл теориядағы “гегемония” сөзі үстемдік етуші идеология ретінде айтылады. Бұл теория БАҚ-тың қоғамдағы өзгерістерді жүзеге асыруға қабілетті, қуатты механизм ретінде рол атқаруына байланысты пайда болады.

Кеңестік социологиялық мектеп (Б.А. Грушин, Б.М. Фирсов) марксистік-лениндік методология негізінде әлеуметтік қарым - қатынас түрі ретінде бұқаралық коммуникация теориясын жасап шығарды. Бұл



теория бойынша бұқаралық коммуникация адамдар әлеуметтік сезім мен әлеуметтік тәжірибеге ие болған кезде ғана жүзеге асады. Бұл жерде рухани іс-әрекет неси қоғамдық пікірлі зерттеумен қатар, идеологиялық үгіт - насихатқа көп көңіл бөлінеді. Ал теорияның екінші тобына құрылымдық - функционализм методологиясына негізделіп жасалған теориялар жатады.

Құрылымдық - функциональдық теория социологияда әлеуметтік-функциональды мектепті қалыптастырған американдық социолог Т.Парсонстың социологиялық теориясына және қоғамдағы барлық іс-әрекеттер оның қажеттілігінен туындайды деп есептейтін американдық социолог Р. Мертонның ойына негізделеді. БАҚ өзін-өзі ұйымдастырушы және өзін-өзі бақылаушы жүйе ретінде қаралады.

Үшінші топтағы теория үшін бұқаралық коммуникация мен БАҚ-тың ролін түсінуде социо-мәдени бағыт тән. Қазіргі уақытта бұл бағыт дамып келе жатыр.

Франкфурттік мектеп өз іс-әрекетінің екінші кезеңінде бұқаралық коммуникацияның мәдениеттанушылық қалыптасу мәселелеріне көңіл бөле бастады (Т. Адорно, Г. Энциенсбергер). Бұл мектептің өкілдері қоғамдағы әлеуметтік қатынастарды күрделендіре түсетін факторларды талдауда тарихи бағыттың маңыздылығы туралы марксистік постулатты сақтап қалды.

Бұқаралық коммуникацияның мәдениеттанушылық теориясын А. Моль мен Г. Маклюэн ұсынды. Мәдениеттанушылық бағыт бұқаралық мәдениет БАҚ-ты пайдалана отырып, девнантты оппозициондық элементтердің жалпы әлеуметтік контексінен байланысына қалай ықпал ететінін түсіндіруге тырысады.

Г. Маклюэн әртүрлі қарым - қатынас құралына негізделген мәдениет жүйесінің типологиясын жасады. Оның ойынша, бұл адам мен коммуникативті құралдар арасындағы қарым-қатынасты түсіну үшін қажет.

Ақпараттық қоғам теориясының негізінде Д. Белл жасап шығарған постиндустриальды қоғам концепциясы жатыр. Бұл теорияның постулаттары мынаған келіп саяды:

- ақпарат өндірістің басты қайнар көзі және құралы;
- БАҚ – ақпаратты қолдау мен оның бағасы үшін қуатты стимул, олар коммуникативті технологияларды стимулдандыра түседі;
- Қоғамдағы өзгерістер ақпараттың мазмұнында емес, оның тасымалдануы мен келешекте қолдануының әдіс-тәсілдерінде.

Қарастырылған теориялар БАҚ-тың роліне бағытталған. Біреулері биліктің БАҚ-тың үстінен үстемдігін, қоғамның мәдени деңгейінің түсіп кеткенін, қоғам интеграциясының әлсірегенін айтады. Екіншілері, керісінше, БАҚ ақпаратты еркін таңдау жағдайында көптеген артықшылықтарға ие болғанын айтады.

Біздің отандық зерттеулерде БАҚ-тың тек қана ролі ғана емес, оның қоғамдық санаға әртүрлі каналдармен ықпал еудің ерекшеліктерін зерттеуге көп көңіл аударылған.

Жалпы, коммуникация теориясы мен ақпарат теориясы негізінде бұқаралық коммуникация философия, социология, психология, этнография, лингвистика және т.б. қоғамдық ғылымдармен бірге қаралады. Бірақ теоретикалық және прагматикалық аспектілер үшін ең маңыздысы психоллингвистика, социопсихология, социоллингвистика, социо-коммуникация, т.б. ғылыми пәндер болып табылады. Себебі, бұқаралық коммуникацияны күрделендіре түсетін көптеген факторлардың өз-ара іс-әрекетін зерттеу оның механизмін, қоғам мен адамға ықпал ету әдісі мен құралдарын анықтауға мүмкіндік береді.

### 10.3 Бұқаралық ақпарат құралдарының функциясы

Бүгінде БАҚ-тың қоғамда атқаратын функциялары аз емес. Олардың ішіндегі ең негізгілерінің бірі – бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық функциясы, яғни қоғам мен оның мүшелеріне күнделікті ақпарат таратып отыруы. Өздері қабылдаған ақпарат негізінде адамдардың саяси-экономикалық, мәдени әлеуметтік, рухани өмірі, билік тармақтарының қызметі, тағы басқалар жөнінде белгілі бір пікір қалыптасады. Екіншіден, қоғамның дамуы, оның түрлі ішкі-сыртқы міндеттері мен саяси-экономикалық процестерін мақсатты түрде реттеп, шешіп отыруы, қоғам мүшелерімен, басқа да қоғамдық институттармен арақатынасы тағы басқа да күнделікті ақпарат алмасуынсыз, яғни БАҚ-тың коммуникативті қызметінсіз мүмкін емес.

Бұқаралық ақпарат құралдарының функциясы адамдарға түрлі процестер және оқиғалар тұрғысында ой түйіндеуіне ықпал етеді, олар жөнінде түрлі ақпараттар ағыны ішінде бағдар болуына көмектеседі. Басқаша айтқанда, адамдардың қоғамдағы әлеуметтік шындыққа табиғи бейімделуін қамтамасыз ететін олардың ғанымдық функциясы туындайды.

Бұқаралық ақпарат құралдарының билік пен оның субъектілері арасындағы байланысты реттеп, қалағалап отыру функциясының маңызы бүгінгі кезеңде тіпті арта түсуде. Бұл әсіресе дамыған демократиялық қоғамдарға ғана қасиет. Олардың қалағалаушылық қызметі өздері тугызатын қоғамдық пікірге арқа сүйейді. Бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік ресми қалағалау органдары секілді әкімшілік-экономикалық шара қолдану құқығына ие болмаса да, олар болған оқиғаға, оған жауапты адамдарға тек құқықтық тұрғыдан ғана емес, моральдық баға да береді.

Жалпы, Жапония ғалымдарының пайымдауынша, ақпарат кімнің қолында болса, ХХІ ғасырда билік соның қолында болады дейді. Кез-келген қоғам өмірінде ақпараттық қызмет жүйесінің қызметі мен ролі зор. Бүгінде дамыған, оркениетті қоғамдағы білім мен ақпарат билігі қаражат пен мемлекеттік күштеуді екінші кезекке ысырып тастап, оны басқаруда шешуші ықпал ете отырып, олар саяси күшке айналып отыр.

Бұқаралық ақпарат құралдары коммуникативтік, ақпарат таратушылық, танымдық пікір тудыру арқылы саяси билікке ықпал етушілік, қадағалаушылық функцияларының маңызына қарай «төртінші билік» аталған. Мысалы, «Маңызды ақпаратқа не болуы билікке не болуды білдіреді. Маңызды ақпаратты маңызы жоқ ақпараттан ажырата білу одан да күшті билікті білдіреді. Маңызды ақпаратты өз мүддеге сай тарата білу мүмкіндігі болмаса ол жөнінде мақсатты түрде үндемей қалу екі есе көп билікті білдіреді» - деп жазды белгілі неміс саясаткері, саясаттану оқу құралының авторы Von Klaus Beume.

Кез келген ақпарат құралы бұқараның көңілін жаулап алу жолында қызмет етеді. Оның ар жағында БАҚ-тың монополиялану қаупі тұр. Ал монополияланған ақпарат шындықтың ауылынан алыстап, жекелеген топтардың мүддесін көздейтіні белгілі. Сол себепті, бәсекелестік үкімет тарапынан қатаң бақылауға алынады. Елбасы республикадағы БАҚ-тың халық алдындағы жауапкершілігін жадынан шығармай, *"өзінің дамуына жасалған қамқорлыққа жауапты тұғыр ұстануымен, әділ де шынайы ақпарат таратуға деген ұмтылысымен жауап қатады"* деп зор үміт білдірді.

Қоғамдық сананың өзгеріп, өсуі - қоғам мүшелерінің мемлекет өмірінен күнделікті мол, әрі объективті мағлұмат алу дәрежесіне тікелей байланысты. Қоғамдық сана өз кезегінде қоғамдық пікір негізінде қалыптаспақ. Бұл екеуінің де БАҚ арқылы ғана пайда болып, одан әрі дами алатындығын ескерсек, оның қадағалаушылық функциясы тіпті күшейе түспек. Яғни, қоғамдық пікір билік тармақтарының белгілі бір шешімінің терістігіне бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көз жеткізсе, ол оның шешімді өзгерту үшін тағы да сол ақпарат қызметін пайдалана отырып ықпал ете алады. Бұқаралық ақпарат құралдарының "төртінші билік" аталуы оның осындай саяси - әлеуметтік функцияларының маңыздылығынан болса керек.

## II-ТАҚЫРЫП:

### ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ

#### 11.1 Әлеуметтік зерттеудің мақсаты мен мәні

Қоғамдық өмірдегі нақты фактілерді жинау және талдау әлеуметтік зерттеулерде қолданылатын арнайы кешенді әдістердің көмегімен жүзеге асырылады.

Әлеуметтік зерттеулердің *мақсаты* әлеуметтік процестерді, әлеуметтік даму заңдылықтарын, олардың нақты көрінуін тереңірек зерттеу болып табылады. Өзінің ерекше әдістерін басқара отырып, эмпирикалық социология процестер мен құбылыстардың мәнін теориялық тұрғыдан тануды толықтыра түседі. Әлеуметтік зерттеудің эмпирикалық сатысы әр жақтылық пен алуан түрлілік, жекелік және кездейсоқтық

сақталатын әлеуметтік шындықтың бейнесін береді. Эмпирикалық талдау теориялық білімнің бастау көзі және негізі болып табылады, ол қоғамдық құбылыстар мен процестерді теориялық тұрғыдан талдауға жол ашады.

*Әлеуметтік зерттеу* - нақты теориялық және әлеуметтік проблемаларды шешу үшін зерттелетін объекті жөнінде жаңа білім алуға мүмкіндік беретін теориялық және эмпирикалық рәсімдер жүйесі.

Әлеуметтік зерттеуде ғылыми қызметтің мынадай элементтері бар:

- а) зерттеу объектісі - әлеуметтік шындық процестері мен құбылысы;
- ә) зерттеу субъектісі;
- б) әлеуметтік зерттеу белгілі - бір мақсатқа жетуге және нақты міндеттерді шешуге бағытталған;
- в) міндетті шешу құралдары - әдістер, ұйымдастыру іс - шаралары және т.б. бар.

Әлеуметтік зерттеу түрлері мыналарға байланысты жіктелінеді:

#### I. *Мақсаты және теориялық бағдарына қарай:*

- статистикалық;
- тәжірибелік;
- типологиялық;
- тарихи;
- монографиялық сипаттамалар.

#### II. *Материалды талдауға қарай:*

- барлау (сынау, пилотажды);
- сипаттамалық (сарапшылардың сауалнамасы, мақсатты сипаттама);
- талдамалық (себептік байланыстарды сипаттау және анықтау).

Барлау арқылы зерттеу - нақты - социологиялық зерттеудің ең бір қарапайым түрі; ол шағын зерттелетін жинақты қамтиды және ықшамдалған бағдарлама мен көлемі бойынша сығымдалған құралдарға (сауалнама, бланк-интервью, сауалнама парағы және басқалары) негізделеді. Барлау арқылы зерттеудің бір түрі - экспресс - сауалнама.

Сипаттамалық зерттеу нақты - социологиялық зерттеудің күрделірек түрі; ол зерттелетін құбылыс, оның құрылымдық элементтері туралы салыстырмалы түрде тұтастай түсінік беретін эмпирикалық мәліметтерді көздейді.

Талдама зерттеу - социологиялық талдаудың ең күрделі түрі, ол зерттелетін құбылыстардың құрылымдық элементтерін сипаттап қана қоюды мақсат етеді; бұл зерттеу айрықша тәжірибелік маңызға ие болады.

#### III. *Динамикасы мен статистикасына қарай:*

- 1) бір жолғы, нүктелік;
- 2) қайталама;
- 3) лонгитюдті (объектіні ұзақ уақыт бойы кезең - кезеңмен бақылау).



Әлеуметтік мәселе деп өмірдің өзі қоятын әр түрлі қайшылықты жағдайларды атаймыз. Социологиялық зерттеу объектісі деп әлеуметтік мәселенің несі болатын, өз бойында алып жүретін әлеуметтік құбылысты айтады. Нақты алғанда объектіге әлеуметтік қайшылықтары бойынша табылатын әлеуметтік құбылыстарды, үдерістерді, қоғамдық қатынастарды, ақиқат шындықты балаймыз.

Әлеуметтанулық зерттеудің мақсаттары оның мүддесі мен болжамына сай анықталады. Зерттеу мүддесі түпкі нәтижесіне бағыттайды, оны болжам жорамалдайды, ал зерттеу мақсаты оның мүдделерін және болжамын жүзеге асыратын мәселелердің шешімін табатын сұрақтарға жауабын, зерттелетін мәселені шешетін қандай жолдары мен құралдары болатынын іздейді.

### 11.2 Әлеуметтік зерттеудің бағдарламасы

Нақты әлеуметтік зерттеу арнайы құжатқа – әлеуметтік зерттеу бағдарламасына сәйкес жүргізіледі. Әлеуметтік зерттеудің бағдарламасы оның стратегиялық құжаты болып табылады. Бағдарлама арқылы бүкіл зерттеудің тұжырымдамасы, ұйымдастырушылардың ниеттері айқын көрінеді.

*Бағдарлама* – кезең - кезеңмен бағдарламалаудан және ғылыми тәжірибелік зерттеу қызметі рәсімдерінің ережесінен тұратын зерттеу жобасының жалпы тұжырымдамасы.

Бағдарлама мыналарды түсіну мен білуді көрсетеді:

1. Не істеу керек.
2. Ойлаған нәрселерді немен орындау керек.
3. Ойлағандарды қалай орындау керек.

Зерттеу бағдарламасының құрылымы екі негізгі бөліктерден тұрады:

1. *Тәсілнамалық (методикалық) және әдістемелік.* Осы екеуін жан - жақты, әрі терең ойластырғанда ғана зерттеу жоғары сапалы деңгейде жүргізіледі. Зерттеудің тәсілнамалық бөлігінде: 1) әлеуметтік мәселені тұжырымдау мен негіздеу; 2) зерттеудің мүддесін көрсету; 3) объектісі мен тақырыбын анықтау; 4) негізгі ұғымдарды қысқартып талдау; 5) жұмыстық болжамдар мен мақсаттарды қорытындылау жасалынады.

Әлеуметтік зерттеудің бағдарламасының әдістемелік бөлігіне зерттелетін жиынтықты анықтау бірінші кезекте тұрады. Одан кейін бастапқы әлеуметтанулық мәліметтерді жинауда пайдаланатын тәсілдеріне сипаттама беріледі; осы мәліметтерді жинайтын құралдарының құрылымы (сауалнама және т.б.) әзірленеді. Сонында есептеу құрылымына жинақталған бастапқы мәліметтерді өңдеуге лайықтан береді. Бағдарламаның осындай құрылымы көп жылдық тәжірибенің нәтижесінен

шығарылған, сондықтан зерттеу барысында кездесетін және талдау кезінде болатын қателерді айналып өтуге мүмкіндік береді.

Бағдарламаның функциялары:

- *Теориялық - әдістемелік функция*, ол ғылыми проблеманы анықтауға және оны шешу үшін негіз лайындауға мүмкіндік береді.

- *Әдістемелік функция*, ол деректерді жинау тәсілдерін белгілеуге және күтілетін нәтижелерді сипаттауға, сондай-ақ зерттелетін жинақты анықтауға, қажетті құралдарды сипаттауға және бастапқы ақпараттарды компьютерде өңдеудің логикалық схемасын дайындауға мүмкіндік береді.

- *Ұйымдастыру функциясы*, ол зерттеушінің қызметін жұмыстың барлық кезеңінде жоспарлауға мүмкіндік береді.

Оны жасауға кірісуден бұрын мыналарды істеу қажет:

1. Зерттеуге жататын жағдайға диагностика жасау (мысалы, қазіргі заманғы орта мектептің жай-күйі зерттеледі);

2. Проблематизация жүргізу – дәл осы сәттегі нақты шешілетінді анықтау (кадр құрамы, оқушыларды мектеп партасына қайтару);

3. Кейіннен шешуді қажет ететін негізгі мәселелерді белгілеу;

4. Егер тапсырыс беруші бар болса, алдын - ала зерттеудің мақсатын, мерзімін келісу;

5. Есеп беру формасын анықтау;

6. Зерттеу тақырыбын тұжырымдау.

*Зерттеу тақырыбы* - проблемалардың ішіне кіру, зерттеу мақсаты ретінде қойылатын контурды белгілеу, қандай да бір шешім қабылдау үшін өзінің бағыты болу.

Әдеттегідей, жиналған ақпарат қандайда бір проблеманы шешуге бағытталады. *Проблема* - адамдардың қандай да бір әрекет жасауға қажеттілігі туралы білімі мен әдістерін білмеуі арасындағы қарама-қайшылық.

Проблеманы тұжырымдау кезінде мынадай жағдайлар туындайды: жалған проблема қою немесе проблеманы тым өсіріп жіберу қаупі. Сондай -ақ бір әлеуметтік зерттеу шегінде бірнеше проблеманы белгілеу де дұрыс емес.

Проблеманы қою процесінде мынадай екі негізгі рәсім бөліп көрсетіледі:

1. Проблемалық ахуалды пайымдау;

2. Проблеманы тұжырымдау.

Проблемалық ахуал – бұл әлеуметтік шындықта өмір сүретін қарама - қайшылық, осы сәтте анық емес мәселелерді шешу тәсілдері.

Проблемалық ахуалды алдын - ала талдау:

а) сырттай бақылау;

ә) проблемалық ахуалға қатысушыларымен еркін пікірлесу;

б) құжаттарды, оның ішінде ведомствалық құжаттарды, алдыңғы әлеуметтік зерттеулер нәтижелерін талдау;

в) сарапшылармен (мысалы, Білім министрлігінің қызметкерлерімен) еркін ингервью.

Тұжырымдалған проблема проблемалық ахуалды пайымдаудың нәтижесі болып табылады.

Проблема нақты сұрақтар немесе қойылым түрінде тұжырымдалады. Сұрақ: осындай және басқа құбылыстардың себептері қандай?

Қойылым: осының шешу тәсілдерін табу. Факторлардың осы тобын түсіндіретін үлгіні жасайды.

Проблема қандай да бір әлеуметтік құбылыстан алынса, болжанатын болып табылады.

*Зерттеу объектісі* – танымдық қызмет бағытталған проблемалық ахуалдың тікелей тасымалдаушысы ретінде әрекет ететін әлеуметтік шындық құбылысы немесе аясы.

Әлеуметтік зерттеуді табысты жүргізу үшін зерттеу мәнін дұрыс анықтаудың маңызы зор.

Зерттеу мәні ретінде зерттеуге тұратын объектінің жақтары сондай-ақ әлеуметтік проблеманы, онда жасырынып тұрған қарама - қайшылықтарды барынша толығырақ бейнелейтін объектінің қасиеттері алға шығады.

Проблеманы, әлеуметтік зерттеудің объектісі мен мәнін анықтаумен қатар міндетті рәсімдерге гипотезаны тұжырымдау да жатады. *Гипотеза* – қандай да бір фактіні, құбылыстар мен процестерді түсіндіру үшін жасалатын ғылыми болжамдар. Ғылыми гипотеза зерттелетін объектіні алдын - ала талдау нәтижесінде тұжырымдалуы мүмкін.

*Ғылыми болжам (гипотеза)* – ол бүкіл зерттеу үдерісін ұйымдастырушы негізгі тәсілнамалық құрал - сайман. Болжам әлеуметтік объектілердің құрылымы, оқылатын құбылыстардың арасындағы байланыстардың сипаты мен әлеуметтік мәселелерді шешудегі мүмкін болатын амалдары туралы негізделген жорамалдары. Ғылыми жорамал қайсыбір деректерді, құбылыстар және үдерістерді түсіндіреді, оларды дәлелдейді не жоққа шығарады.

Анықталған зерттеу объектісі сандық жағынан үлкен және зерттеу объектісін құрайтын барлық адамдардың сауалнамасы, күрделілігі, ауқымдылығы, қымбаттығы жағынан тиімсіз болуы мүмкін. Сондықтан социологтар объектіден зерттелетін жиынтық алынатын “іріктеу” операциясын жүргізеді. Бағдарламада бұл операция кейіннен жеке құжатқа бөліне отырып іріктеу жобасының сипаттамасында көрсетіледі.

Басты және репрезентативті іріктеулер бөліп көрсетіледі.

*Басты* – осы зерттеуге “қажет”, қажетті адамдардың барша жиынтығы. Мысалы, зерттеу өткізілетін қандай да бір мекеме қызметкерлерінің

барлық 100%. Бұлайша қамту шындыққа жаппаспайды әрі қымбатқа түседі. Сондықтан *репрезентативті іріктеуге* жүгінуге тура келеді – бұл басты іріктеуге сәйкес келетін өлшемдер бойынша зерттелетін құрамның осы немесе басқа өкілдіктері (іріктеудің кішірейтілген моделі). Іріктеуді анықтау әлеуметтік зерттеу кезіндегі бірден - бір күрделі сәттердің бірі, өйткені ол объектінің бүкіл элементінің ерекшеліктері мен арақатынастарын қатаң көрсетуі тиіс.

*Іріктелген жиынтық* – берілген ережеге сәйкес қатаң іріктеліп алынған басты жиынтық элементтерінің белгілі бір саны. Зерттеуге жататын іріктелген жиынтықтың элементтері талдау бірлігі болып табылады. Олар жекелеген адамдар да, сол сияқты тұтас топтар да, жұмыс ұжымдары да болуы мүмкін. Ең бірінші кезекте барлық топқа тән элементтер іріктелініп алынады. Осы іріктеліп алынған элементтер *іріктеу бірліктері* деп аталады, ал олардың ішінен талдау бірліктері таңдалынып алынады. Осы әдісті негізінен *механикалық іріктеме* деп атайды. Мұндай іріктеме кезінде іріктеу 10, 20, 50 және т.б. адам арқылы жүргізілуі мүмкін. Іріктелетіндер арасындағы аралық іріктеу қадамдары деп аталады.

Іріктеме мақсаты болуы да мүмкін, мұнда зерттеуші адамдарды топты зерттеудің қойылған мақсаттарына орай сауалнама үшін іріктеп алады. Кездейсоқ іріктеу – халық құрылымының әрбір элементі оған біркелкі ықтималдықпен қосылуы мүмкін. Әрине, іріктеу көлемі репрезентация қателігіне әсер етеді: іріктеу шамасы қаншалықты көп болса, ықтимал қателесу соншалықты аз болады. Үлкен іріктеумен сауалнама жүргізу өте қымбатқа түседі, жиынтыққа қосу іс жүзінде өзін - өзі ақтаған. Мұндайда респонденттердің саны 2-2,5 мың адамнан аспауы тиіс. Телефонмен сауалнама жүргізу кезінде миллион тұрғыны бар қалада 300 адамға сауалнама жүргізсе жеткілікті. Шағындау қалаларда іріктеме көлемі 150-200 адам болса да болады.

Басты жиынтықтың сипаттамасынан, анық ауытқулардан қашқан жөн. Мұндай жағдайда зерттеу нәтижелері жаңған болуы мүмкін.

Әлеуметтік зерттеу жүргізуде ұғымдық аппараттарды, яғни зерттеу тілін әзірлеудің маңызы зор. Мұндайда маңызды ерекшеліктер негізгі ұғымдары түсіндіру рәсімі болып табылады, осы ұғымдар арқылы олар оның мазмұнын сипаттай алатын құрамдас бөліктерге бөлшектенеді.

Ғылыми талдау және теориялық бағалау нәтижелері, әдетте, жинақталады және ғылыми есепте баяндалады. Мұнда алынған зерттеу нәтижелерінің мәніне теория мен практиканы ары қарай дамыту үшін баға беріледі.



### 11.3 Социологиялық зерттеу әдістері

Социологияның өз саласында әр түрлі тұрғыда пайдаланылатын сан алуан әдістері бар. Олардың бір бөлігі этнографиядан, статистикадан, психологиядан алынған, көпшілігі дербес әзірленген.

Эмпирикалық ақпаратты жинау мынадай әдістер арқылы жүргізіледі: құжаттарды талдау, бақылау, тәжірибе жасау, сауалнама жүргізу (ауызша – нигтервью, жазбаша сауалнама), сараптамалық – құзыретті тұлғаларға сауалнама жүргізу.

*Құжаттарды талдау.* Құжаттарды талдау кезінде ресми құжаттардың ресми емес құжаттарға карағанда барынша шынайы, жеке құжаттардың қосалқыға карағанда сенімді екендігін есте сақтағаны жөн. Құжат – мәтінде, таспада, дискетте белгіленген ақпаратты беру және сақтау үшін арнайы жасалған зат.

Құжаттарды талдау әдістері былайша бөлінеді: дәстүрлі (мұнда: жалпы және арнайы) және қалыпқа келтірілген (мұнда: контент - талдау, жаднама -сұрақнама).

*Дәстүрлі талдау* ретінде құжатта белгілі бір тұрғыда айтылған мәліметтерді түсіндіруге бақытталған зерттеушілер әрбір нақты жағдайда қабылдаған барлық ақыл - ой операциялары түсініледі. Іс жүзінде бұл құжаттың мазмұнын түсіндірудің, оны талқылаудың өзі.

Сауалнама социологиялық деректерді сұрақ-жауап әдісімен жинауды білдіреді, мұнда ақпарат көзіне адамдарың ауызекі хабарлары жатады.

*Қалыпқа келтірілген әдіс* – сапалы ақпаратты сандық көрсеткіштерге (қанша, уақыттың қандай кезеңінде) аудару, мұнда *контент - талдау* мәтіндік ақпаратты (газет, хат), фонетикалық ақпаратты (TV және радио хабарлары) сандық көрсеткіштерге аудару.

*Бақылау* – оқиға куәгерінің оқиға өтіп жатқан кездегі оқиғаны тікелей тіркеу әдісі. Ол статистика әлсіз, бастапқы таным пункті ретінде бағдарламаны жасау кезеңінде, индивид пен топтардың сөйлесу, мінез-құлық формаларын зерттеу кезінде қолданылады.

Социологиялық ақпаратты жинаудың ең бір ерекше және қиын нәтижелі әдістеріне эксперимент жатады. *Эксперимент* – (experimentum деген латын сөзінен шыққан – сынақ, тәжірибе) бақыланатын және басқарылатын жағдайларда жаңа білім алудың ғылыми әдісі. *Табиғи* (далалық, лабораториялық) және *ойша* (үлгілік) түрлері бөліп көрсетіледі.

Социологияда *табиғи* эксперименттерді пайдалану адамдардан тұратын әлеуметтік зерттеу объектілерінің табиғатымен және зерттеушіден объектіге «тиян келтірмеу» деген моральдық табиғи сақтауын талап етумен шектелген. Сондықтан көпшілік табиғи социологиялық эксперименттер шағын топтарда өткізіледі және әдетте әлеуметтік - психологиялық экспериментпен қоспағанда ұқсастықтары болады.

Сауалнама социологиялық деректерді сұрақ - жауап әдісімен жинауды білдіреді, мұнда ақпарат көзіне адамдардың ауызекі хабарлары жатады.

Сауалнама нұсқалары (байланысу формалары бойынша):

1. Жеке немесе жанама түрде (таратылатын, почталық, телефон, баспа сөз арқылы);

2. Жеке немесе топтық;

3. Еркін немесе қалыпқа келтірілген, шоғырландырылған (бағыттылған);

4. Ауызша немесе жазбаша;

5. Тұтас немесе іріктеме;

6. Тұрғылықты жерде немесе жұмысы бойынша, уақытша мақсатты аудитория.

*Социологиялық зерттеулердің әдістемесі* деп әлеуметтік деректерді анықтау, оларды жүйелендіру және олардың талдау құралын орындайтын қимылдардың түрінің, тәртібінің, амалдарының жиынтығын айтады. Әдістемелік құрал - саймандар (аспаптар) деп бастапқы деректерді жинау тәсілдерін, іріктеу (сұрыптау) зерттеулерді іске асыру ережелерін, әлеуметтік көрсеткіштерді құру амалдарын және басқа да қимылдарды, сонымен қатар сандық талдаудың әдістерін және түрлі тетіктерін айтады. Мысалы: сауалнама жүргізу, құжаттар жинау, бақылау және басқалары.

## ГЛОССАРИЙ

**Азаматтық қоғам** - әлеуметтік - экономикалық, саяси және рухани - құлықтық қатынастары, жалпы және әлеуметтік - саяси мәдениеті жоғары дамыған, өз азаматтарының әлеуметтік және саяси белсенділігі артқан, мемлекеттен бөлінген және тәуелсіз, онымен өз қарым - қатынасын қоғамның басымдығын және оған мемлекеттің қызмет ету қажеттігін мойындау негізінде құрылатын қоғам.

**Аномия** (гректің а жұрнағы – теріске шығару және *nomos* – заң сөзінің қосындысы, француз тілінде "заңсыздық", "шексіздік" дегенді білдіреді) – мәдениеттің бірлігінің бұзылуынан адамдардың өмірлік тәжірибесі идеалды қоғамдық нормаларға сай келмеуінен нақты әлеуметтік нормалардың болмауы. Бұл түсінікті әлеуметтануға енгізген – Э. Дюркгейм.

**Әлеуметтану** (фр. *sociologie*, латын. *societas* – қоғам және гректің *logos* - ілім) – қоғамның қалыптасуының, ерекше жұмыс істеуі мен дамуының заңдылықтары туралы, оларды адамдардың, қауымдастықтар мен қоғамның қимыл әрекеті мен өзара әрекетінде жүзеге асырудың жолдары, формалары және әдістері жөніндегі ғылым.

**Әлеуметтік жүйе** – ол бір - бірімен байланыста және қатынаста болатын, жеке бөліктерден тұратын бірыңғай, әлдебір әлеуметтік объектіні құратын әлеуметтік құбылыстар мен үдерістердің тұтастық жиынтығы, құрылымы, кешені.

**Әлеуметтік құрылым** – (лат. *structura* - құрылым) - қоғамның немесе әлеуметтік топтың ішкі құрылымы, әлеуметтік топ, институттар мен олардың арасындағы өзара қатынастардың реттелген жиынтығы; қоғам, я болмаса әлеуметтік топтың белгілі бір қалыппен орналасқан ішкі құрылысы. Әлеуметтік құрылым негізінде еңбектің қоғамдық бөлінісі, ерекше қажеттіліктер мен мүдделердің, ережелер мен ролдердің, өмір салтының және әртүрлі әлеуметтік топтардың болуы жатады. Әлеуметтік құрылым ұғымы "таптық құрылым" ұғымынан әлдеқайда кең, өйткені ол қоғамды тек таптарға емес, сонымен қатар басқа да әлеуметтік топтарға, жіктерге бөледі. Әлеуметтік құрылым қоғамның тұтастығын және тұрақтылығын сақтауда аса маңызды рөл атқарады.

**Әлеуметтік зерттеу** – нақты теориялық және әлеуметтік проблемаларды шешу үшін зерттелетін объекті жөнінде жаңа білім алуға мүмкіндік беретін теориялық және эмпирикалық рәсімдер жүйесі.

**Әлеуметтену (әлеуметтендіру)** - ол жеке тұлғаның өзі өмір сүретін қоғамның әлеуметтік мөлшерлері мен мәдени құндылықтарын әлеуметтік тәжірибе жинақтау барысында өмір бойы меңгеру үдерісі болып табылады.

**Әлеуметтік әрекет** - адамның қажеттіліктерінен туындайтын саналы қимыл. Ол басқа адамның, не көп адамдардың әрекеттерімен байланысты, басқаларға бағытталған, оларға әсер етеді немесе өзі олардың әсерінің ықпалында болады. Әлеуметтік әрекет ұғымын енгізген – М. Вебер.

**Әлеуметтік түйісу** – әлеуметтік өзара байланыстардың қалыптасуының бастапқы және қажетті буыны.

**Әлеуметтік құндылық** - қоғамдық қатынастарды, мұң - мұқтажды, талап - тілектерді анықтайтын тұлғалық құнды нұсқаулар. Бұлар адамдардың тәртібінің іштей реттелуі басқарылуы арқылы белгіленеді.

**Әлеуметтік байланыс** – адамдардың немесе олардың топтарының тәуелділігін және сәйкестігін көрсететін әлеуметтік әрекет.

**Әлеуметтанудағы латенттілік** (лат. *latens* – астыртын, жасырын, көзге көрінбейтін) – қайсыбір әлеуметтік құбылыстың немесе үдерістің, олардың ерекшеліктері мен белгілерінің сыртқы көзге көрінбеуі, тасада қалуы, астарлығы.

**Әлеуметтанудағы органикалық бағыт** – әлеуметтану ғылымындағы көп бағыттың бірі. Ч. Дарвиннің биологиялық эволюция теориясының ықпалымен XIX ғасырдың екінші жартысында пайда болған және қоғамды оның өмір сүруі мен дамуын тірі, биологиялық организм іспетті қарастырды. Бұл бағытты негіздеген – Г. Спенсер.



**Әлеуметтанудағы психологиялық бағыт** – әлеуметтік және саяси құбылыстар мен процестерді психологиялық факторлармен түсіндіретін, соған орай және әлеуметтанудағы әлеуметтік психологияға түйістіретін бағыттардың бірі.

**Әлеуметтанудағы феноменологиялық бағыт** - XX ғ. 50 - жылдарында қалыптасқан әлеуметтану ғылымындағы негізгі теориялық - тәсіпнамалық бағыттың бірі. Ол М. Вебердің "ұғынушы әлеуметтануының" тармағы. Бұл бағыттың негізін қалаушы А. Шюц.

**Әлеуметтік бақылау** – қоғамның тұрақтылығы мен үйлесімді қызмет атқаруын ескере отырып, қоғам қабылдаған мінез - құлық нормалары мен құндылықтар жүйесіне сәйкес келетін жеке адамның мінез - құлық қамтамасыз етуді мақсат тұтатын түрлі әрекеттер мен санкциялар, ынталандырулар мен марапаттар арқылы жүзеге асырылатын өзін - өзі реттеу тетігі. Басқаша айтқанда, әлеуметтік бақылау топтағы конформизмді қалыптастырады. "Әлеуметтік бақылау" терминін айналымға алғаш рет енгізген Г. Тард бастанқыда қылмыскердің қоғамдық қызметке қайта оралуының құралы ретінде қарастырған болатын.

**Әлеуметтік жіктелу** (лат. stratum – жік, қабат және facere - жасау) – өзінің қоғамдық мәртебесі бойынша ажыратылатын әр түрлі әлеуметтік жіктерге қоғамның мүшеленіп бөлінудің үдерісі мен нәтижесінің көрсеткіші. Ә.ж. қоғамның әлеуметтік әртектілігін, оның мүшелерінің және әлеуметтік топтарының әлеуметтік теңсіздігін бейнелейді.

**Әлеуметтік институт** – ол белгілі бір әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында құрылған, қоғамдық қатынастардың белгілі саласын реттейтін мөлшерлер мен мекемелердің жиынтығы.

**Әлеуметтік қауымдастық** – ол ортақ белгілері, ұқсас тіршілік жағдайларымен, құндылықтары және мөлшерлері бірлігімен, ұйымдасу қатынастары және әлеуметтік өзін - өзі ұқсастыруымен біріккен адамдардың тұтас жиынтығы.

**Әлеуметтік қатынастар** – ол ұзақтығымен, орнықтылығымен, жүйелігімен және өзін-өзі жаңартумен, ауқымды әлеуметтік байланыстармен ерекшеленетін әлеуметтік өзара әрекеттің бір нысаны.

**Әлеуметтік мәртебе** – белгілі бір құқықтар және міндеттер жиынтығымен байланысқан қоғамдағы тұлғаның немесе әлеуметтік топтың жалпы қалыптық жағдайы, жеке адамның әлеуметтік жүйедегі нақты алатын орны.

**Әлеуметтік мобильдік** (лат. mobiles – жылжымалы) – әлеуметтік жылжымалылық жекеліктің немесе әлеуметтік топтың бір әлеуметтік жіктен екіншісіне өтуін, ауысуын, әлеуметтік тұғырдың өзгеруін білдіреді. Ә.м. ұғымын енгізген – П. Сорокин.

**Әлеуметтік топ** – бірлескен, ынтымақтасқан және үйлестірілген әрекеттерін жүзеге асыру қажеттігін қанағаттандыруға бағытталған адамдардың, олардың бірлестіктерінің әлеуметтік өзара әрекетінің негізгі бір нысаны.

**Әлеуметтік ұйымдар** – белгілі бір мақсатқа жету үшін құрылатын өзара байланысқан күрделі әлеуметтік жүйелер, екіншілікті ірі әлеуметтік топтар.

**Бақылау** – оқиға куәгерінің оқиға өтіп жатқан кездегі оқиғаны тікелей тіркеу әдісі. Ол статистика әлсіз, бастапқы таным пункті ретінде бағдарламаны жасау кезеңінде, индивид пен топтардың сөйлесу, мінез - құлық формаларын зерттеу кезінде қолданылады.

**Бұқаралық мәдениет** – бұқаралық қоғамға тән, коммуникациялық-ақпараттық жүйелердің дамуының жоғарғы деңгейінің, урбанизация мен индустриализацияның жоғарғы дәрежесінің арқасында мүмкін болатын күрделі әлеуметтік-мәдени феномен.

**Ғылыми болжам (гипотеза)** - ол бүкіл зерттеу үдерісін ұйымдастырушы негізгі тәсіпнамалық құрал - сайман. Болжам әлеуметтік объектілердің құрылымы, оқылатын құбылыстардың арасындағы байланыстардың сипаты мен әлеуметтік мәселелерді шешудегі мүмкін болатын амалдары туралы негізделген жорамалдары.

**Девианттық мінез-құлық** (лат. deviatric - ауытқу) - ауытқыған мінез - құлық - ол адамдардың немесе олардың топтарының

әлеуметтік әрекеттерінің, қылықтарының көпшілік таныған мөлшерлерден ауытқуы.

**Еңбек бөлінісі** – қоғамдағы дамудың маңызды қайнар көздерінің бірі болып қызмет атқаратын тарихи дамушы еңбек әрекетінің жіктелісі. Еңбек бөлінісі қоғамның әлеуметтік және кәсіби құрылымын анықтайды.

**Институттану** - әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру бағытындағы әлеуметтік нормалардың, статустар мен ролдердің анықталып бекітілу процесі.

**Конформизм** - (лат. ұқсас, тәрізді) қоғамда үстемдік орнатқан ойларды, құндылықтар мен мөлшерлерді, қоғамдық тәртіпті мойындауға және қабылдауға, оған бейімделуге және оны сақтауға бағытталған адамдардың көзқарастары мен мінез - құлықтары.

**Коммуникация** - (лат. *communicatio* жалпы байланыстырамын, қатынасамын) кең мағынада әртүрлі ақпаратты қабылдау және тарату мүмкіндігі бар қарым - қатынас тәсілдері дегенді білдіреді. Коммуникация тек көптеген гуманитарлық пәндердің объектісі ғана емес, сондай-ақ нақты ғылымдардың да объектісі.

**Қоғам** – өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында адамдардың тарихи формаларымен біріккен, өзара байланыстары мен өзара әрекеттері туындайтын адамдар жиынтығы.

**Қазіргі қоғам** – ол барлық базистік және қондырмалық қоғамдық қатынастарының қызметтенуі мен дамуының мүмкіндігін қамтамасыз ететін әлеуметтік және мемлекеттік билік институттарының жүйелер жиынтығының әрекеттестігі.

**Құрылымдық функционализм** (лат. *functio* – орындау, іске асыру) – қоғамды, оның құбылыстары мен үдерістерін әлеуметтік жүйе ретінде, өзінің құрылымы мен тиісті құрылымдық бөлшектердің өзара әрекеттесетін және әрқайсысы өзгені рөл, міндетті қызмет атқаратын тегігі болатынын қарастыратын әлеуметтанудағы негізгі бағыттың, методологиялық көзқарастың бірі.

**Моногамия** - (грек. *monos* – жалғыз, бірыңғай; *gamos* – неке) - бір некелілік, неке мен отбасының тарихи қалыптасқан түрі. Ежелгі

замандағы жұп некеліліктен пайда болған. Моногамия келе-келе некенің үстем түріне айналды; бір еркек пен бір әйелдің арасындағы неке.

**Мәдениет** (лат. *cultura* - өңдеу, айдау) – қоғамның тарихи дамуында жеткен сатысын көрсететін, адамзаттың шығармашылық қызметінің үдерісінде жасалған және жасайтын рухани және материалдық құндылықтардың жиынтығы.

**Маргинал** - өз мемлекетінің мәдениетінен үзіліп және өзгенің құнды өмірінің бейнесіне қосылмаумен ерекшеленетін адам.

**Отбасы** – бала тәрбиелеуді қамтамасыз ететін және басқа да қоғамдық мәні бар қажеттіліктерді қанағаттандырып отыратын, әйел мен ер адам арасындағы қатынастарды заңды түрде реттеп, санкциялап отыратын әлеуметтік институт.

**Отбасы социологиясы** – отбасын әлеуметтік институт ретінде зерттейтін социологиядағы негізгі бағыттардың бірі.

**Полигамия** - (гр. *poly* - көп және *gamos* - неке) бір индивид пен бірнеше индивидтің арасындағы неке.

**Парадигма** - (гр. *paradigma* деген сөз) – зерттелетін мәселені шешу үшін үлгі ретінде алынған теория; ғылымның белгілі бір даму кезеңінде ғылыми қауымдастықпен қабылданған және болжамдарды ғылыми ұғыну үшін, ғылыми таным процесінде туатын міндеттерді шешу үшін үлгі, модель, стандарт ретінде пайдаланылатын теориялық және әдістемелік ережелер жиыны; адамдардың күнделікті өмірдегі жеке қарым – қатынас негізіндегі социологиялық талдаудың деңгейлері.

**Позитивизм** - (франц. *positivisme* - оңды, дұрыс, нақтылы) - нағыз ақиқат ғылымның жеке салаларында ғана пайда болып, қалыптасатын, философиялық зерттеулердің ешқандай тапымдық құны жоқ деген тезиске сүйенетін философиялық бағыт. Позитивизм ХІХ ғасырдың 30 - жылдарында қалыптасты. Позитивизм негізін салған француз ойшылы О. Конт. ХХ ғасырдағы әлеуметтанудың жетекші бағыты, қоғам туралы ой пайымдаудан бас тартып, қоғам зерттеуде бақылау мен экспериментке арқа сүйейтін, табиғаттану



«жағымды» ғылымдар (физика, химия, биология, т.б.) сияқты объективті және дәл ғылым қағыптастыру қажетінен туындаған.

**Стратификация** жоғарыдан төмен қарай жер қабақтарының орналасу ерекшеліктерін білдіретін геологиялық термин. Ағылшын тілінде "strata" немесе "stratum" сөзі алғашында геологиялық қабат деген, ал "stratification" сөзі қабатталу, қатталу деген ұғымды білдірген.

**Субмәдениет** дегеніміз - (лат. *sub* - төменгі, нем. *kultur* - мәдениет) - дәлме-дәл аударымда «астыңғы мәдениет», ірі мәдени құрылым ішіндегі белгілі бір топтар, бірлестіктер мәдениеті дегенді білдіреді. С. қандай да бір қауымдастықты немесе әлеуметтік топты ажырататын нышандардың, құндылықтардың, нормалардың, тәртіп үлгілерінің жиынтығы.

**Тұлға** – жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс - әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан - жақты сипаттайтын ұғым. Адамның әлеуметтік қасиеттерінің жиынтығы, қоғамның даму жемісі және белсенді қызмет ету мен қарым - қатынас орнату арқылы жеке адамды әлеуметтік қатынастар жүйесіне енгізудің жемісі, адамның нақты мәнінің көрінісі.

**Теориялық әлеуметтану** – қоғамның әлеуметтік дамуының әр қырын талдап оған түсініктеме беретін көп түрлі тұжырымдамалардың жиынтық діңгегі.

**Іріктелген жиынтық** – бұл тікелей зерттелген объектінің азды - көпті шектеулі бөлшектерінің жиынтығы. Ол белгілі ереже бойынша таңдап алынады да, жалпы жиынтықтың шағын үлгісін білдіреді.

**Урбанизация** - (лат. *urbs* - қала, *urbanus* қалалық) еңбек бөлінісінің қоғамдық және аумақтық тұрғыдан тарихи қалыптасуынан пайда болып, әлемнің әртүрлі елдері мен өңірлерінің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес дамытын географиялық, демографиялық, әлеуметтік - экономикалық секілді көп жақты қырлары бар күрделі құбылыс. Көне латын тіліндегі мағынасы "қалалық" деген ұғымды білдіреді. Яғни, ең қысқаша айтар болсақ, урбанизация, бұл - қала тіршілігі мен тұрмысы және мәдениетінің үстемдікке ие болуы; қалалардың, қала тұрғындарының өсуінің әлеуметтік процесі, олардың қоғам дамуындағы ролінің артуы.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Литов Н.А., Бискенев К.У. Социология. А., 2002.
2. Антонов А.И., Медков В.М. Социология семьи: Учебное пособие для вузов. М., 1996.
3. Арон Р. Этапы развития социологической мысли. М., 1993.
4. Волков Ю.Г., Нечипуренко В., Попов А. Социология / Курс лекций. – Ростов н/Д, 2000.
5. Габдуллина Социология / Учебное пособие. – А., 2002.
6. Гофман А.Б. Семь лекций по истории социологии. М. 1997.
7. Гилинский Я.И., Афанасьев В.С. Социология девиантного поведения: Учебное пособие. СПб, 1993.
8. Гавра Д.П. Социальные институты // Социально-политический журнал. 1998.- №2.
9. Джаманбалаева Ш.Е. Общество и подросток: социологический аспект девиантного поведения. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 278 с.
10. Добраев. Власть и коммуникация в организациях // Социологические исследования. 1995.- №6.
11. Икенов А. И. Әлеуметтану негіздері: Оқу құралы. - Алматы, 2004.
12. Казаринова Н.В., Филатова О.Г., Хренов А.Е. – Социология: Учебник для вузов. – М.: NOTA BENE, 2000.
13. Ковалева А.И. Социализация личности: норма и отклонения. М., 1996.
14. Кулинцев И.И. Экономика и социология труда. – М., 2001.
15. Конечкая В. П. Социология коммуникации: Учебник. - М.: Междунар. ун-т бизнеса и управления, 1997. - 304 с.
16. Кравченко А.И. Социология. - М., 2001.
17. Қарабасев Ш.К. Әлеуметтану негіздері: Оқу құралы.- Алматы, 2007.
18. Осипов Е.Г. Огюст Конт и возникновение позитивной социологии.– М., 1995.
19. Основы прикладной социологии: Учебник для вузов / Под ред Ф.Э. Шереги и др. М., 1996.
20. Ромашов О.В. Социология труда: Учебное пособие. – М., 1993.
21. Рахметов Қ.Ж., Болатова А.Н., Исмағанбетова З.Н. Социология. Алматы: Әлке баспасы, 2003.
22. Радугин А.А. Радугин К.А. Социология. Курс лекции, М., 1995.
23. Салырова М.С., Джаманбалаева Ш.Е., Маульшариф М. және т.б. Социология негіздері. Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2003.
24. Тажин М.М., Аяғанов Б.А. Социология негіздері. – Алматы, 2003.
25. Изтлеуова М.С. Социология труда / Учебное пособие. – Алматы, 2003.
26. Экономика труда: Учебник /Под ред. П.Э. Шлесдера и Ю.П. Конкина. – М., 2002.
27. Хьел Л. и др. Теория личностей.– М., 1999.

28. Ядов В.А. Социологическое исследование: методология, программа, методы. Самара, 1995.
29. Ядов В.А. Стратегия социологического исследования. Описание, объяснение, понимание социальной реальности. М., 1998.
30. Шибутани Г. Социальная психология. М. 1997.
31. Щербина В.В. Социология организаций // Социологические исследования. 1998.- № 6.

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b> .....	3
<b>1 ӘЛЕУМЕТТАНУ ӘЛЕУМЕТТІК ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖҮЙЕСІНДЕ</b> .....	4
1.1 Әлеуметтік білім жүйесіндегі әлеуметтанудың орны .....	4
1.2 Әлеуметтану объектісі мен пәні .....	6
1.3 Әлеуметтанудың басқа ғылымдармен байланысы .....	8
<b>2 ӘЛЕУМЕТТІК ОЙДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ТАРИХЫ</b> .	9
2.1 Ежелгі заманның әлеуметтік ойлары .....	9
2.2 Әлеуметтік ойдың негізін салушылар .....	12
2.3 XIX-XX ғасырлар тоғысындағы әлеуметтік ойлар .....	16
<b>3 ҚОҒАМ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҮЙЕ РЕТІНДЕ</b> .....	21
3.1 Қоғам түсінігінің мәні .....	21
3.2 Қоғамның құрылымы .....	24
3.3 Азаматтық қоғам .....	25
<b>4 ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТТАР МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ПРОЦЕСТЕР</b> .....	28
4.1 Әлеуметтік институттар әлеуметтік өмірдің маңызды элементі ретінде .....	28
4.2 Әлеуметтік институттардың типологиясы .....	29
4.3 Әлеуметтік процесс .....	32
<b>5 ТҮЛҒА ӘЛЕУМЕТТАНУЫ</b> .....	34
5.1 Индивид, тұлға, адам. Тұлға қоғамдық қатынастардың субъектісі мен объектісі ретінде .....	34
5.2 Ч. Кули мен Дж. Мидтің «Айнадағы Мен» теориясы .....	37
5.3 З. Фрейдтің тұлғаның психодинамикалық теориясы .....	39
<b>6 ДЕВИАЦИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҚЫЛАУ</b> .....	41
6.1 Девианттық мінез - құлық ұғымы және түрлері .....	41
6.2 Девианттық мінез - құлықтың шығу себептері .....	43
6.3 Әлеуметтік бақылау .....	45
<b>7 ЕЦБЕК - ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРГТЕУ ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ</b> .....	47
7.1 Ецбек социологиясының пәні .....	47
7.2 Ецбек ецбекші қоғамның социологиялық теорияларында .....	50
7.3 «Ецбекке қатынас» түсінігінің мазмұны мен құрылымы .....	52
7.4 Ғылыми – техникалық революция және ецбек .....	56



<b>8 ОТБАСЫ СОЦИОЛОГИЯСЫ</b> .....	57
8.1 Отбасы және оның қоғамдық ролі .....	57
8.2 Отбасын жіктеу .....	59
8.3 Отбасының әлеуметтік қызметі .....	60
<b>9 МӘДЕНИЕТ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ</b> .....	62
9.1 Мәдениет әлеуметтануы пәні мен қызметтері .....	62
9.2 Әлеуметтанудағы мәдениет түсінігі .....	64
9.3 Мәдениеттің құрылымы мен функциялары .....	67
9.4 Мәдениеттің құндылықтық - танымдық жүйесі .....	68
<b>10 БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ</b> .....	70
10.1 Бұқаралық коммуникация және мәдениет .....	70
10.2 Бұқаралық коммуникацияны зерттеу аспектілері .....	72
10.3 Бұқаралық ақпарат құралдарының функциясы .....	75
<b>11 ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ</b> .....	76
11.1 Әлеуметтік зерттеудің мақсаты мен мәні .....	76
11.2 Әлеуметтік зерттеудің бағдарламасы .....	78
11.3 Социологиялық зерттеу әдістері .....	82
<b>ГЛОССАРИЙ</b> .....	84
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР</b> .....	91



Бегдаулетова Қарлығаш Дүйсенбекқызы

## **ӘЛЕУМЕТТАНУ**

Оқу құралы

*(Жоғары оқу орындарының білім және гуманитарлық ғылымдары мамандықтарының студенттеріне арналған)*

Редакторы – Байырбекова Л.М.

Техникалық редактор – Аблаев Н.М.

Қағаз пішімі А4 Қаріп түрі «Times New Roman»  
Баспа табағы 6 Тарапымы 1000 дана Тапсырыс № 21

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының  
шағын баспаханасында басылып  
Шымкент қ., Байтұрсынов көшесі, 13 үйі